

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХШЫЛАРЫНЫҢ
ҚАУЫМДАСТЫҒЫ

Мағжан Жұмабаев

ТАБАЛДЫРЫҚ. МАНИФЕСТ

Алматы 2011

УДК 821. 512. 122
ББК 84 Каз 7 - 44
Ж 81

*Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің
20 жылдығына арналады*

**Мағжан Жұмабаев
Табалдырық. Манифест**

Кіріспе мақала: М. Қойгелдиев.

Құжаттық материалдарды мұрағат қорларынан алып,
баспаға әзірлеген: М. Қойгелдиев, Ш. Тілеубаев.

Алматы: «Тау-Самал» баспасы, 2011. – 108 бет + 20 бет
түрлі-түсті жапсырма.

ISBN 978-601-278-436-7

Өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдары қазақтың жазушылар қауымы үшін шығармашылықтағы ұстаным мәселесі аса маңызды мәнге ие болды. Биліктегі идеология тарапынан телінген соцреализм концепциясы шығармашылықтағы ұлт зиялыларын бүтіндей қанағаттандыра алған жоқ. Бұл ретте оған ең алдымен алаштық зиялылар қарсылық танытты. Мағжан Жұмабаевтың қаламынан туып «Табалдырық» аталған құжат олардың ортақ ұстанымы-тын. Кітапта бұл құжаттың (біз оны мазмұнына сәйкес манифест деп атадық) өмірге келген уақыты мен авторлығы жөнінде зерттеу, манифестің мәтіні және араб графикасындағы фотокошірмесі, сондай-ақ құжатқа тікелей қатынасы бар мұрағаттық материалдар берілді.

Кітап студент жастарға, Алаш мұрасын зерттеуші ғалымдарға, көпшілік оқырман қауымға арналған.

ISBN 978-601-278-436-7

© Қойгелдиев М. Қ.,
Тілеубаев Ш.Б., 2011.

Алғысөз

Оқырман назарына ұсынылып отырған жинақ өзінің мазмұны тұрғысынан аса құнды басылым болып табылады. Жинаққа Алаш қозғалысының белсенді қайраткері, ақын Мағжан Бекенұлы Жұмабаевтың Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мұрағаты қорынан алынған «Табалдырық» атты манифесі және оған қатысты деректік материалдар енгізілді. «Табалдырықтың» араб графикасындағы мәтіні, сондай-ақ оған тікелей қатынасы бар деген тергеу материалдары алғаш рет жарияланып отыр [*].

Жинақта берілген материалдардан өткен ғасырдың 20-30-шы жылдары қазақ қоғамдық ойында, руханият саласында қалыптасқан жағдайдан біршама мәлімет алуға болады. М. Жұмабаевтың «Табалдырығы» мазмұны жағынан тереңдігімен және өзектілігімен ерекшелінеді. Онда автор аласпыран қоғамдық өзгерістер мезгілінде ұлттық көркем өнер мен әдебиеттің концептуалдық ұстанымы, соған байланысты отарлық тәуелділікте болып келген қазақ сияқты ұлттың көркем әдебиеті мен өнерінің ұстанымдық ерекшеліктері қандай болғаны жөн деген сауалға жауап іздейді, өзінің түйінді пікірін ұсынады. Ақын большевиктік биліктің күшке сүйеніп әдебиет пен өнерге енгізіп отырған социалистік реализм концепциясымен келісе алмайды, бұл көзқарасын манифесінде анық білдіреді. ОГПУ – НКВД органдарының ақын шығармасынан «саяси» астар іздеп таққан айыптарының бірі (№ 1, 2 құжаттар) «Табалдырық» және ұлттық ұстанымдағы ақын-жазушыларды біріктіретін «Алқа» атты әдеби үйірме құруға ұмтылған әрекеті болатын. Кітапта берілген құжаттық материалдар тергеу органдарының ақынға таққан кінәсына ешқандайда заңдық негіздің жоқ екендігін айғақтайды. Сондай-ақ ұлт зиялыларының өкілдері Жүсіпбек Аймауытовтың (№ 3, 4 құжаттар), Жәкен Сәрсенбиннің (№ 5 құжат), Әбдірахман Байділдиннің (№ 6 құжат), Абдулла Байтасовтың (№ 7 құжат), Мұхтар Әуезовтың (№ 8 құжат) ОГПУ тергеушілеріне берген көрсетулері «Табалдырыққа» байланысты мәселенің қолдан жасалған іс екендігін куәландырады. Сонымен қатар бұл құжаттар кеңестік жүйе жағдайында қалыптасып келе жатқан

қоғамдық-саяси ахуалды, әдеби өмірдің беталысын, қазақ қоғамдық ойының күрделі мәселелерін тереңірек түсінуге, сондай-ақ «Табалдырықтың» авторлығы, «Алқа» әдеби үйірмесін құру әрекетіне байланысты көзқарастар мен ұстанымдарды анықтай түсуге мүмкіндік береді.

«Табалдырық» мәтінінің қазіргі жазудағы (кириллица) нұсқасымен қатар мұрағат қорынан алынған оның төте жазудағы (араб графикасындағы) фотокошірмесі де қоса берілді.

Кітапқа енген манифест мәтіні мен оған қатысты материалдарды тауып, оларды пайдалануға ҚР ҰҚК-нің мұрағат қызметкерлерінің (Полулях В.И., Берікбаева Р.Қ.) еңбегі зор болғандығын атап айтқан жөн. Манифест мәтінін даярлауға Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Магистратура және PhD докторантура институты Гуманитарлық мамандықтар кафедрасының профессорлары *Г.С. Қосымова* және *Қ. Қалыбаева* қатысты. Жинақтың соңында берілген түсініктерді даярлау ісіне кафедра магистранттары *А. Джумашева*, *Е. Филипова*, *Е. Смолякова*, *Д. Нәзірқұлова* тартылды. Біз осы аталған кісілерге кітапты даярлау барысында көрсеткен көмектері үшін зор ризашылығымызды білдіреміз.

Жинақтағы материалдар түпнұсқа тілінде (қазақ және орыс) берілді. Кейбір оқуға мүмкін болмаған сөздер көпнүктемен белгіленді. Жинақ соңында ескертпелер мен түсініктер, қысқартылған сөздердің тізімі берілген.

Ескертулер:

* Қамзабекұлы Д. Руханият (Саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы мақалалар мен зерттеулер). – Алматы, «Білім», – 1997. 257-270 бб; Жұртбай Т. Алаш ақиықтары. – Алматы, – 2006. 43-51 бб; Елеукенов Ш. «Олар қандай, мен қандай...». // Қазақ әдебиеті, 9 шілде 2010 ж.

*Өткен күн ертегімен таласқандай,
Уа, дүние, ол күндерде алаш қандай?!
Мағжан*

Жаңаотаршылдыққа қарсылық манифесі

«Табалдырық» - қазақ ұлт-азаттық қозғалысы (1916-1919 жж.) кезекті жеңіліске ұшырағаннан кейін қалыптасқан тарихи жағдайда ұлттық көркем ойға теориялық негіз беріп, оны жаңа сапа және сатыға көтерген ұлы туынды. Қазақ әдебиетінде бұдан бұрын да, сондай-ақ одан кейін де ұлттық көркем ойға ортақ ұстаным ретінде ұсынылған мұндай бағдарламалық-мәлімдеме болған емес. «Табалдырықтың» жаңашылдығы да, қайталанбас ерекшелігі де, әдеби мұра ретінде құндылығы да оның осы қырынан туындайды. «Табалдырық» - ұлы шығармашылық иесінің кредосы, сенімі. Ол күрделі өзгерістер кезеңінде өмірге келген өткінші мазмұндағы құжат емес, ол бүгін де өзекті, ұлт өмірінің жан дүниесіне жаңа серпін бере алатын қуат көзі. Мағжан ақын оны өзі құрмақ болған «Алқа» ұйымының бағдарламасы, идеялық ұстанымы ретінде 1924 жылы жазғанын айтады.

1924-1925 жылдар Мағжан Бекенұлының Мәскеуде көркем-әдебиет институтының соңғы курсына оқуға жүрген кезі. Бұл ақынның кеңестік империя астанасында аз уақыт болса да шығармашылықтағы ортада білім алып, ой қорытып, кемеліне келген шағы-тын. Ол бұл уақытқа дейін бірнеше жинақтардың авторы. Ең бастысы, ақын әлгінде ғана ұлт зиялыларымен бірге азаттық үшін қозғалысқа белсенді түрде атсалысып, бірақ оның дегеніне жете алмай, жеңіліс тапқанын көзімен көріп, тауы шағылып, терең рухани күйзелісті басынан кешіріп, енді ғана сол тұйықтан шыға бастаған кезі-тін.

Осы арада кезінде ғалымдар арасында дискуссия тудырған «Табалдырықтың» авторлығы мәселесіне тоқталып өткен жөн. «Табалдырық» ұжымдық туынды деген пікір бар [1].

Ғылымда белгілі бір мәселеге байланысты түрлі пікірлердің болуы әбден мүмкін екендігін мойындай отырып, дегенмен «Табалдырықтың» авторлығына қатысты ондай тұжырымға негіздің жоқ екендігін бірден айтқан жөн. Мәселе

мынада. Біріншіден, «Табалдырық» - бұл шығармашылықтағы көзқарастық ұстаным. Ал, ұстанымды мұндай деңгей-дәрежеде білдіру, әрине, үлкен теориялық даярлықты, зор қабілет-қарымды талап етеді. Сол тұстағы қазақ көркем ойында мұндай ортақ ұстанымды тиесілі дәрежеде қорытып бере алатын шығармашылық иелері көп емес-тін. Ахмет Байтұрсынұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мұхтар Әуезов, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин... Бұлардың біреуі де «Табалдырықты» жазуға қатысы болғандығын білдірген емес. Ия, рас, Ж.Аймауытұлы мен М.Әуезов оның мәтінін пошта арқылы алып, авторына хат түрінде жауап бергендіктерін айтқан. Сондай-ақ азаттық қозғалыстың жетекшілері тарапынан ортақ ұстанымды білдіруге байланысты жеке шығармашылық иесіне тапсырыс болғандығын айғақтайтын фактілер де кездеспейді.

Сондықтан да, «Табалдырық» Мәскеудің көркем-әдебиет институтында теориялық даярлықтан өткен, империя астанасындағы түрлі әдеби ағымдардан [2] жақсы хабардар, бұған қосымша арысы еуропа, берісі орыс әдебиеті мен қазақ көркем ойы арасындағы айырмашылықты терең меңгерген Мағжан ақынның қаламынан туған шығарма деп айтуға негіз жеткілікті.

Енді төменде осы тұжырымға айғақ бола алатын фактілерге тоқталайық. Профессор Дихан Қамзабекұлының пікірінше, құжаттың аты «Табалдырық» емес «Алқа», ал «Табалдырық» деп авторлар бағдарламаға кіріспе бөлімді ғана атаған. Ғалымның мұндай пікірге келуін белгілі дәрежеде түсінуге болады, өйткені оған тақырыпқа қатысты басқа құжаттық фактілер таныс емес-тін.

Мағжан ақын соңғы рет 1937 жылы 30 жетоқсанда тұтқынға алынып, келесі 1938 жылы 6 қаңтарда тергеушіге берген жауабында біз қарастырып отырған тақырыпқа байланысты мынадай жағдайды баяндайды: «Алқа» аталатын әдеби үйірмені ұйымдастыруды 1925 жылы ғой деймін, Мәскеуде жүргенімде ойластырған мен едім. «Алқаның» бағдарламасын да ГИЖ* -дің студенттері Жәкен Сәрсембин мен Аманғали Сегізбаевтың жақын араласуымен жазған да мен

* ГИЖ – Государственный институт журналистики.

едім. Келесі жылы ГИЖ-ге оқуға келген Ілияс Жансүгіров оған кейбір түзетулер енгізді» [3]. Бұл көрсетуден «Алқа» ұйымын құру идеясының да, сондай-ақ ол ұйымның бағдарламасын даярлаушының да Мағжан ақын екендігін аңғару, әрине, қиынға түспейді. Деректік материалдардың көрсетуіне қарағанда жоғарыда аты аталған Жәкен Сәрсембиннің «Табалдырықты» даярлау ісінде өз үлесін асыра бағалауға ұрынғандығы байқалады. Оның осы мазмұндағы көрсетулері «Табалдырық» авторлық топтың ортақ туындысы деген пікірге, белгілі дәрежеде, негіз болған да сияқты. Профессор Ш. Елеукеновтың мәскеулік студенттердің «Табалдырық» сияқты шығарма жазу деңгейіне көтеріле қоймағандығы жөнінде жасаған тұжырымы орынды. Бұған қосымша айтарымыз, Ж. Сәрсембин тергеу алдында толтырылған анкетада білімінің «бастауыш» сынып (низшее) деңгейінде екенін көрсеткен. Осы ретте Жүсіпбек Аймауытовтың 1929 жылы 24 маусымда тергеушіге берген көрсетулерінен мынадай жолдарды оқимыз: «Алқаның» платформасымен мен алғаш рет 1925 жылдың бас кезінде Орынбор қаласында мынадай жағдайда таныстым: «Мен «Ақ жол» редакциясында Ташкентте қызметте едім, каникулға шығып, Орынбор қаласына бардым. Міне, осы сапарда мен редакцияда Сәрсембинге кезіктім, ал ол менде шаруасы барын айтты... Келесі күні, әлде мүмкін сол күні ме, әйтеуір түскі ас кезінде Алдонғаровтың үйінде кездестік, онда Сәрсембин, Алдонғаров, ұмытпасам Сегізбаев және басқа маған аты-жөні мәлім емес кісілер болды. Есімде қалғаны олар қостанайлық студенттер еді.

Сәрсембин «Алқа» платформасын оқи бастады, оны мәскеулік студенттердің Жұмабаевтың қатынасуымен даярлағанын айтты. Кейінірек, Жұмабаевпен өзара алысқан хат арқылы платформаның авторы Жұмабаевтың өзі екенін анықтадым. Құжат Жұмабаевтың почеркімен жазылған еді. Оны жазу ісіне Бөкейханов Әлихан мен Байтұрсынов Ахметтің қатысы болды ма, ол жағын білмеймін, Сәрсембин де ол туралы ештеме айтқан жоқ. Ол платформаны Байтұрсыновқа оқып бергенін айтты, ал Байтұрсыновтың қандай пікір білдіргенін мен білмеймін» [4].

Сондай-ақ, бағдарламаның аты «Табалдырық», ал оның авторы Мағжан ақын екендігін Ж. Сәрсембиннің өзі де жоққа шығармайды. 1929 жылы 5 мамырда тергеушіге берген көрсетуінде ол 1924 жылы желтоқсанда Мәскеудегі Қазақ өкілдігінде (Казпредставительство) студент жастардың Мағжан Жұмабаевтың «Өлеңдер» жинағын талқылауға жиналып, жиналыстан соң Мағжанның пәтерінде ақынның өзімен болған кездесуі жөнінде мынадай көрсету береді: «Менің Жұмабаевпен кездесуім жиналыс болған күні кешінде өтті. Ол Түркеспубликасы өкілдігінің бұрынғы үйінде тұрады екен. Өзінің шығармаларын талқылауға арналған жиналысқа байланысты Мағжан менен егжей-тегжейлі сұрап, сонан соң жазулы шығармасы бар екендігін, соны тарату қажеттігін айтты. Ол шығарма «Табалдырық» аталатын әдеби платформа болып шықты» [5].

«Табалдырықтың» Мағжан ақынның қаламынан туғандығына дәлел бола алатын фактілерді келтіре беруге болады. Дегенмен ақынның берген мынадай мазмұндағы көрсетуі мәселеге біржола анықтық енгізеді деп білеміз. Ол 1929 жылғы 14 шілдеде берген жауабында: «Мәскеуде жүргенде мен Плехановтың, Луначарскийдің және басқа авторлардың еңбектерімен танысып, біраз пәндермен тереңірек айналыстым, сонан соң «Алқа» аталған әдебиеттің бағыты жөнінде сыни бағдарламалық мақала жазып, онымен Сәрсембин Жәкен мен Аманғали Сегізбаевты таныстырдым.

... «Алқа» бағдарламасын мен Жұмабаев жеке өзім жаздым. 1924 жылы қыста Сәрсембин және Сегізбаевтармен бірнеше мәрте талқылап, өзгерістер мен түзетулер енгіздім» [6].

Міне, бұл келтірілген құжаттық фактілерден бағдарламаның аты «Табалдырық», ал оның авторы Мағжан Бекенұлы екендігіне жеткілікті дәрежеде көз жеткізуге болады.

Ж. Сәрсембин жоғарыда аталған көрсетуінде «Табалдырық» бағдарламаның аты, ал «Алқа» сол бағдарламаны негізге алып құрылуға тиіс болған жазушылар ұйымы екендігін анық жеткізген. Мәселен, ол Ж. Аймауытовпен бірге өткізген жиында алдымен, «Табалдырық» платформасын жариялап, сонан соң барып «Алқа» ұйымын құруға көшу жөнінде сөз болғанын айтады [7].

Ж. Сәрсембиннің көрсетуіне байланысты мынадай бір жағдайдың ескерілгені жөн. Алдымен, Алматыда, сонан соң Мәскеудегі Бутырка абақтысында алаштық топтың үстінен жүргізілген (1928-1930 жж.) алғашқы толқын сот процесінде басты тергеуші міндетін атқарғана атақты Саенко. Ия, бұған дейін Украинадағы «халық жаулары» үстінен жүргізілген сот процестерінде мол тәжірибе жинап, енді осы «күрметті» міндетін «қазақ ұлтшылдарымен» күресте жалғастыруға арнайы жіберілген ОГПУ-дың Шығыс бөлімі бастығының көмекшісі Саенко осы [8]. Саенко Альшанский (Республикадағы ОГПУ бастығының орынбасары) және Петровпен (ОГПУ-дің Шығыс бөлімінің бастығы) бірге 1928-1932 жж. алаш қайраткерлері үстінен жүргізілген екі дүркін сот процесінде Д. Әділов, Х. Ғаббасов, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, Ә. Байділдин және басқаларды тергеу жұмысында белсенді рөл атқарды. Арнайы тапсырма алған кәнігі Саенконың М.Жұмабаевтың «Табалдырығына» соншалықты шұқшия төніп, бағдарламаға қатысы болды-ау деген кісілерден түсінік алып, бұл фактіні кеңірек ауқымда және астарда қарауға тырысуы, әрине, жайдан-жай емес-тін. Саенкоға керегі «қазақ ұлтшылдары кеңестік билікке қарсы контрреволюциялық жасырын ұйым құрды және ол ұйымның «Табалдырық» сияқты ұстанымы болды» деген тұжырым еді. Ал, пассионарлық ұстанымда және жоғарғы теориялық деңгейде жазылған «Табалдырық» және оны негізге алып құрылуға тиіс болған «Алқа» ұйымы Саенко сияқтылар үшін таптырмайтын «олжа» болатын. Сондықтан да ол «Алқаға» байланысты А. Байтұрсыновтан, Ж. Аймауытовтан (екі мәрте), М.Әуезовтен, А.Байтасовтан, Ә.Байділдиннен, Ж.Тілеулиннен және басқа алаштық тұтқындардан арнайы түсінік алды. «Табалдырыққа» байланысты егжей-тегжейлі көрсетуді Ж.Сәрсембин де берді. Тергеу ісіне куәгер ретінде тартылған Ж.Сәрсембиннің көрсетуінен оған тергеуші Саенко тарапынан жасалған қысымның табы байқалады. Тұтқынның «бәле» іздеген тергеушінің ыңғайына көнуге мәжбүр болып, шатысуларға жол бергендігі де содан болса керек. Мәселен, Алдоңғаровтың пәтерінде өткен шағын жиылыста бас қосқан кісілердің құрамына байланысты Ж.Аймауытов екеуінің

көрсетулерінде алшақтық бар. Ж. Сәрсембин атаған құрам тым ауқымды. Жиналған кісілердің арасында А. Байтұрсыновтың да болғандығы айтылады. Ал Ақаң Алдоңғаровтың үйінде ешуақытта болмағандығын көрсетеді. Бізге бұл ретте Ж.Аймауытов атаған құрам тарихи шындыққа жақын көрінді.

Сонымен, «Табалдырық» 1924 жылдың соңы 1925 жылдың бас кезінде жазылды. Бұл бағдарламалық құжаттың жазылуына сол тұстағы Мәскеудегі жазушылар қауымы арасында қалыптасқан түрлі ағымдар мен теориялық ұстанымдардың өзара қақтығысының әсері болғандығы анық. Алдоңғаровтың үйінде өткен басқосуда отырғандар Сәрсембиннен «Алқа» сияқты ұйымның бар-жоғын сұрағанда, ол «оған идеялық тұрғыдан жақын ұйымның мәскеулік жазушылар арасында бар екендігін», яғни оны қазақ жазушылары арасында құруға болатындығын айтады [9]. М. Жұмабаев өз тарапынан Мәскеуде жүргенде Вс. Иванов, Первухин және Л. Сейфуллина сияқты орыс жазушыларымен байланыс орнатып, «бірақ ол байланыстың іскерлік қатынастан аспағандығын» білдірген [10].

Осы арада тоқталуға тура келетін тағы бір мәселе бар. Әдебиет тарихын зерттеушілер М.Жұмабаевтың «Алқа» ұйымын құруға байланысты идеясын ҚазАПП-пен (Қазақ пролетариат жазушыларының ұйымы) байланыстырады, яғни оны М.Жұмабаев бастаған алаштық ұстанымдағы жазушылар ҚазАПП-қа балама ұйым ретінде құрмақ болды деген тұжырымға бейім екендіктерін байқатады. Бізге мәлім тарихи құжаттарда мұндай пікірге негіз боларлық фактілер кездеспейді. Тіптен, керісінше, билік тарапынан ҚазАПП-ты құру жөніндегі шешімнің қабылдануын тездеткен «Табалдырықтың» қолжазба түрінде таралуы сияқты.

Жоғарыда айтылғандай, М. Жұмабаев «Табалдырықты» 1925 жылдың басында, яғни қаңтар айында даярлаған. Ол жөнінде өз көрсетулерінде Ж. Сәрсембин мен Ж. Аймауытов айтады [11]. С. Мұқанов «Есею жылдары» атты өмірбаяндық хикаясында ҚазАПП-ты құру туралы биліктің шешімі 1925 жылдың шілдесінде баспасөзде жарық көргенін, ал бірақ бұл жазушылар ұйымын құру тек келесі 1926 жылы қазанда іске асқаны жөнінде мынадай фактілер келтіреді: «ҚазАПП-тың

маған тапсырылған платформасы жазылды да, 1926 жылдың 4 октябрінде еңбекші қаламгерлердің жалпы жиналысында талқыланып бекітілді. Сол күннен бастап ҚазАПП осы платформаның бағытында қызмет атқарды». Жазушы «қазақ совет әдебиетінің белгілі бір дәуірінде туған», яғни партиялық тапсырма бойынша өзі даярлаған платформаның мәтінін «дәуірдің тарихи шындығын түсінуде» пайдалы болар деген ниетпен толық күйінде береді [12].

Міне, бұл ҚазАПП-ты құру ісінің бастау көзінде тұрған, сондай-ақ оның платформасын жазған жазушының көрсетуінен ұйымның 1926 жылдың күзінде құрылғанын аңғару, әрине, қиын емес. Платформамен танысқан кісіге жаңадан құрылған жазушылар ұйымының өз қызметінде қандай мақсаттарды көздегендігі де анық байқалады. Яғни, «қазақ байлары орыс байларындай Октябрьдің таяғын оңдап жеген жоқ. Ауылда әлі де болса байлардың өкілі – Алашорданың ықпалы бар». Міне, осындай жағдайда «қазақтың пролетариат, қарашаруа жазушылары жалпы қазақ еңбекшілерінің салт-санасын тәрбиелеп, еңбекші бұқараны социалдық дәуірге жетектеуге, еңбекші таптың мақсатына теріс пікірлермен күресуге партияға көмектес болулары керек» [13].

Бұл жаңа құрылған Жазушылар Одағының Ф.Голощекин ұсынған «Кіші Октябрь» курсы қабыл алуы еді. Ф.Голощекин 1925 жылы желтоқсанда Қызылордада өткен 5-ші Өлкелік партия конференциясында жасаған есеп баяндамасында «Ауылда нағыз совет билігі жоқ, байдың билігі бар, рудың билігі бар...» [14], – деп көрсеткен еді. Кейін ол бұл тұжырымын И.Сталинге жолдаған хатында: «...революция ауылдағы бұрынғы революцияға дейінгі қатынастарға тимей, күшті рулар мен байлардың экономикалық және саяси билігін сол күйінде қалдырып отыр» [15], – деп қайталады.

Яғни, жаңа құрылған Қазақ пролетариат және қара шаруа жазушылар одағының өз мойнына алған негізгі міндеті Д. Қамзабекұлы дәл атап көрсеткендей «тоталитаризмнің рухани саладағы күштеу» құралына айналу еді [16].

Сонымен, «Табалдырық» авторы нені көздеді, алдына қандай мақсаттар қойды? Бұл арада, әрине, бағдарламаның көздеген мақсаты деп көп нәрсені тізбелей беруге болар еді,

бірақ оның қажеті жоқ. Біздің пікірімізше, ол – әдебиеттанудың міндеті. Сондықтан да, «Табалдырыққа» біз тек тарихи құжат ретінде, белгілі бір тарихи кезеңнің куәлігі ретінде ғана тоқталмақпыз. Міне, осы тұрғыдан алғанда «Табалдырық» авторының алдына қойған мақсаты, одақ көлемінде орнығуға бет алған тоталитарлық идеология жағдайында қазақ қаламгерлері үшін теориялық маңызы бар мәселе, бұл біріншіден, күрделі әлеуметтік және мәдени реформалар алдында тұрған қазақ қоғамының салыстырмалы тұрғыдан орыс қоғамынан ерекшеліктерін анықтау, соған сәйкес, екіншіден, ұлт жазушыларының шығармашылықтағы ұстанымын белгілеу еді. Мұндай міндетті белгілі бір деңгейде шешу жалпы ұлттық мәдениетке, оның зиялылар қауымына үлкен сынмен тең шаруа болатын. Ал осы мезгілде шығармашылықтағы жетекші тұлға (лидер) ретінде мойындалған Мағжан ақынның өз ұстанымын ортаға салып, «Табалдырық» сияқты бағдарламаны ұсынуы өркениет жолында тұрған қоғам үшін толық табиғи құбылыс-тын.

1916 жылғы көтеріліс, қазақ жастарының майдандағы қара жұмысқа алынуы, оның артын ала келген 1917 жылғы революциялық аласапыран, қазақ ұлт – азаттық қозғалысының заманға лайық жаңа қарқын, мақсатты сипат алуы – ұлт өміріндегі осындай күрделі өзгерістер мезгілінде заман қойған түрлі сауалдарға аласұрып жауап іздеген халықтың шерлі көңіл–күйін бағып, оның нәзік қылдарын баса білу, тіптен халықпен бірге қуанып, бірге егілу Мағжан поэзиясына тән қасиет. Ал Мағжан шығармашылығының негізгі өзегі, оның болмыс – бітімін анықтап тұрған тылсым да тұңғыық сыры – ол азаттық идеясы. Мағжан азаттық жыршысы. Жеке тұлғаның, бүтін қоғамның азаттығы – Мағжан поэзиясының іргелі тақырыбы. Мағжан өз уақыты мен заманының ақыны. Сондықтан да ол үшін қоғам жай абстракция емес, ол оның еркіндікке, теңдікке ұмтылған қазақ елі. Яғни, ол ұлт – азаттық қозғалыс дәуірінің ақыны, ұлт – азаттық күрес жыршысы. Мағжан ақын шығармашылығының ерекшелігі де осында.

Сондықтан да 1917 жылғы революциялық өзгерістерден соң Алаш қозғалысының жеңіліс табуын, қазақ ұлтының шарасыз жағдайын өз шығармашылығы арқылы терең

қорытып, осы тарихи мезгілдің ұлт өміріндегі ерекшелігін поэзия тілінде дәл бедерлеген Мағжан ақын еді. Сезімтал ақын үшін бұл тарихи кезеңдегі (шамамен 1919-1924 жж.) өмір «абактыға» тең, өйткені ақын көңілі айға (яғни азаттыққа – авт.) ұмтылып, бірақ оны ала алмаған балаға ұқсайды, жүрегі жаралы.

Т. Жұртбай құрастырып, алғы сөзін жазған «Алаш ақиықтары» аталатын кітапта Ж. Аймауытов пен М. Жолдыбаевтың 1924 жылы мамырда Мәскеудегі Мағжан ақынға жазған хаты берілді. Хат иелері қазақ әдебиетінде «өзіндік дәуір жасау» Мағжан ақынның ғана қолынан келетіндігін, «сұр айдың артынан күншуақ болмай» тұрмайтындығын, «күннің көзін мәңгілік бұлт басып тұру мүмкін» еместігін ескертіп, ендігі уақытта оны «торығуды, зорығуды, зорлануды» қойып, жаңа тілек, жаңа арман, яғни жаңа жасампаз өмірге ұмтылған ақынның күйіне өтуге шақырады [17].

Осы мазмұндағы хаттарды Мағжан ақынның басқа да ұлт зиялыларынан алып, ал қайсыбірінен осы пікірді ауызекі естігені байқалады. Ал «Табалдырық» болса сол айтылған тілектерге байланысты ақынның берген жауабы еді. Құжаттың бағдарламалық, концептуалдық мазмұн және сипатта жазылуы да ақын көзқарасындағы кезеңдік өзгеріске байланысты болатын. Ақын нағыз талант иесі ретінде оның шығармашылық еркіндігіне қол салған зорлықшыл билік пен оның идеологиясына ашық түрде қарсылық танытты, оларды өзінің көзқарас, ұстанымымен есептесуге шақырды.

Бұл ретте соцреализм шығармашылықтағы ұстаным ретінде қазақ жазушысына сырттан қандай зорлықпен телінген әдіс болса, «Табалдырық» та өз ретінде қазақ қоғамының ішкі даму ерекшелігінен бастау алып, оның ішкі табиғи тілек-сұраныстарына жауап беретін таным құралы, зерттеу әдісі болатын.

Мағжан ақын диалектик. Ол Еуропа, орыс өмірінің қазақ қоғамына ықпалын жоққа шығармайды, асыра да бағаламайды. ХХ ғасырдың басындағы Ресей – қазақ қоғамы үшін отарлаушы мемлекет. Бұл ретте ол басқа континенттердегі қазақ сияқты экономикалық дамуда кенже қалған елдерді шикізат көзі және

өз тауарларын өткізетін рынок есебінде өзіне бағындыруды көздеген еуропалық мемлекеттердің ісін жалғастырушы ғана. Сонымен бірге, Мағжан ақын пікірінше, «еуропа отаршылдығының бір қасиеті «кұлды көп қуып батыр қылуы» өлімге бұйыруы», сол арқылы оны өмірге ғашық етуі, яғни «езілген елдің ұлттық сезімін оятуы», «соққы жеп сүлесі қатқан елдің есін жия бастауы». Бұл ретте 1905 жылғы оқиғалар ұлт әдебиеті үшін сапалы жаңа кезеңнің басталу сәті болды, «Оян, қазақ!», «Қырық мысал» сияқты елім, жұртым деген шығармалар өмірге келді.

Осы ретте кез-келген қоғамға тән мынадай бір заңдылық бар. «Ояна бастаған ел кешегі ел болған күнін есіне түсірмек». Ал, мұндай тарихи кезеңде әдебиеттің бірден-бір міндеті «ояна бастаған елге» оның «кешегі ел болған күнін есіне» салу болмақ. Мұндай әрекет сол өткен өмірдегі, сұрқия қоғамдық қатынастарды қайта орнату үшін жасалмайды. Әдебиетке өткен өмірдің нұрлы беттері мен жарқын тұлғаларын жырлау ұлттың өз құндылықтарына деген құрметін қалыптастыру, ел ретінде өз мүмкіндіктеріне деген сенімін туғызу үшін қажет. Қазақ әдебиеті енді ғана міне осы табиғи міндетін атқаруға кіріскен еді, араға келіп «зор төңкеріс» араласты. Ал, бұл төңкеріс (революция – авт.) қазақ үшін өз тарихы тудырған, өз өмірінен қайнап шыққан төл құбылыс емес, еуропа тарихынан туындап, орыс шындығы арқылы сырттан телінген жат құбылыс. Мағжан ақын жасаған батыл да негізді тұжырымдардың бірі осы.

Сол сияқты әлгінде ғана орнаған билік қазақ әдебиетіне (әдебиетіне ғана емес! – авт.) ұлттық құндылықтарды түгендеуді қойып, жаңа ұстанымға, яғни тек еңбекші бұқараның ғана мүддесін түгендеуге, қорғауға көш дейді. Яғни отарлық тәуелділіктегі қоғамға тән табиғи ұлтшылдық көзқарастан үзілді-кесілді бас тартып, тұтастыққа жете алмай келген ұлтты бөліп-жаруға бастайтын большевиктік-интернационалдық, бибауырмал (А. Байтұрсынұлы) көзқарасқа өт дейді. Мағжан ұғымында бұл домбыраның барлық шегін емес, бір ғана шегін басуды талап етумен тең. Ал, бір ғана шекті басудан терең мағыналы күй шықпайды. Бұл енді ғана ұлт өмірінің толыққанды суретін салуға ұмтылыс жасап отырған өнердің өрісін шектеп, тарылту дегенді білдірмек. Ұлт

өмірінің белгілі бір қырын оның басқа қырлары мен беттеріне қарсы қою, өнердің тынысын тарылтумен тең. Еуропа әдебиетінің өмірді барлық қырынан игеруде жиған мол тәжірибесі бар, яғни бұл оның асқар таудай байлығы. «Еуропа өмірінің өрі, қыры, күнгей де, теріскей де беттері әдебиетіне түскен. Еуропа адамының терең сезімдері, асқарлаған қиялдары әдебиет алыптарының сұлу суреттеріне бөленіп жалпы адамзаттың алдына тасталған. Қара да, хан да, бай да, кедей де, данышпан да, надан да, ер де, әйел де, тәңірге махаббатшылы да, елге махаббатшылы да, әйелге махаббатшылы да, ұлтшылы да, ортақшылы да, бүгіншілі де, ертеңшілі де, меншілі де, сеншілі де, бәрі де жақсы да, жаман да жағынан суреттелген». Бұл Еуропа халқының (арасында бұқарасы да бар) атадан қалған мол рухани қоры, байлығы. Адамзатқа, әрбір халыққа өз өмірін түсіну, қорыту ісінде көрсеткен ғажап үлгісі, өнегесі. Яғни кез-келген ұлтқа өзінің жүріп өткен жолын, өмірін қорыту, түсіну ісінде бұл ортақ жол, ортақ тәжірибе, басқа жол жоқ.

Сол сияқты қазақ елінің де «күнді һәм күнгірт дәуірлері болған һәм бар. Қазақтың өзінің жаратылысқа, өмірге, тұрмысқа өзіндік көзқарасы, өзінше философиясы, терең сезімі болған һәм бар. Осылардың бәрі туралы әлі айтарлық қалам тартылған жоқ». Олай болса Мағжан ақын түсінігінде «өзінше елді қоғамдаған хан, қоғамды қорғаған батыр, өзінше қоғамның қорғаны болған би, хан заманындағы құл, төре заманындағы төлеңгіт, бай заманындағы кедей, жауынгер ерге жолдас болған әйел, өткен ертегі күніміз, ертегідей күніміз» бәрі-бәрі неге әдебиет тақырыбына айналмасқа? Яғни енді ғана өз өміріңді игеру жолына түскен әдебиетті белгілі бір тақырыппен шектеу әділеттілік емес. Өмір дарағы қандай бай, мәуелі болса, ұлттық өнердің де салған суреті, тартқан күйі сондай сан қилы, сан қырлы болғаны жөн. Осы арнада өркендемей «қазақ адабияты терең адабият бола алмақ емес. Осылар түспей адабият өз адабиятымыз бола алмақ емес».

Бұл «Табалдырықты» жазып, оны шығармашылықтағы қазақ қаламгерлерінің алдына тастаған Мағжан ақынның ұлт өміріне, оның өткен жолына терең бойлап жасаған тұжырымы, сол арқылы қабылдаған ұстанымы еді. Сонымен бірге мұндай

шығарманың өмірге келуі кезінде негізін Әбу Нәсір әл-Фараби мен Жүсіп Хас Қажыб Баласағұн сияқты ұлы шығармашылық иелері қалаған ұлттық қоғамдық ой мен әдебиеттің өз табиғи арнасында тұрғандығының, өмірдің түрлі аумалы-төкпелі кезеңдерінде оның өзекті идеясы мен биік мақсат-мұраттарын қорғай алатын Мағжан сияқты алып тұлғаларының бар екендігінің де дәлелді көрінісі болатын.

Өткен жиырмамыншы ғасырдың алғашқы ширегінде осылайша ұлттық азаттық үшін күрес жолына түскен қазақ елі ұлт зиялыларының қызметі арқылы өзінің қоғамдық өмірін қайта бағалау арқылы болашаққа ұмтылудың ғажап сәтін басынан кешірді. Ұлт өмірінің бұл ішкі терең сұранысын білдіретін ренессанстық тұлғалар да бүтін бір буын ретінде ұмсынып алға шықты. Сол арқылы ұлт өмірі мен оның болашағын сырттан төнген сұрапыл қауіптен сақтап қала аларлықтай мүмкіндік туды. Өкінішке орай, бұл басталған процесс тағы да сол сырттан болған қатыгез араласудың нәтижесінде өз табиғи арнасында тиесілі даму және өзгеру сатыларынан өте алмастан, бастапқы қарқынды қадамында-ақ ұлыдержавалық зорлықшыл күштің қаһарына ұшырады. Сөйтіп, Құдіретті Жаратушы сирек жіберетін, жанартаудай ұлттық жаңғыру сәті бесігінде тұншықтырылды. Мағжан ақынның «Табалдырық» аталатын бағдарламалық манифесі осы сәттегі ұлттық рухтың идеологиялық отарлауға қарсылығының нақты көрінісі, найзағайдай жарқылы болатын. Оның ұлы таланты, шығармашылық шабыты бағындырған шырқау шыңдарының бірі-тін.

Сонымен, Мағжан ақынға «Табалдырықты» жазуға түрткі болған жағдайға қайта оралайық. Ж. Сәрсембин жоғарыда аталған көрсетуінде (1929ж., 5 мамыр) 1924 жылы желтоқсанда Мәскеудегі қазақ студенттерінің жерлестігі өткізген Мағжан Жұмабаевтың «Өлеңдер» жинағын талқылауға арналған кештен соң ақынның өзімен болған кездесуінде оған Мағжанның ұлтшыл ұстанымдағы жазушылардан алған бірнеше хаттарды көрсетіп, оларда хат авторларының «Алқа» сияқты ұйым құру үшін, оның платформасын даярлау қажеттігі туралы ұсыныстар жасалғандығын айтады. Хат арқылы ұсыныс жасағандардың қатарында Ленинградтан М. Әуезов, Орынбордан Ж.

Аймауытов, Ташкенттен Х. Досмұхамедов, К. Кемеңгеров, А. Байтасов және М. Есболов бар еді. Ташкенттік топ осындай ұсыныспен бір емес, екі хат жазған сияқты. Сондай-ақ, осы мазмұндағы хаттар Семейдегі С. Дөнентаевтан, Х. Ғаббасовтан және М. Тұрғанбаевтан, Орынбордағы Алдоңғаров пен Е. Омаровтан, Петропавлдағы Ж. Тілеулин мен Ғ. Кемелевтен, Ақмоладағы Хайретдин Болғанбаевтан келген еді. Өкінішке орай, бұл хаттарды ғылыми айналымға тарту бақытын тағдыр бізге жазбаған сияқты.

Егер бұл фактіні шындық ретінде қабылдасақ, онда Мағжанның «Алқа» ұйымын құруға байланысты осы аталған кісілермен пікір алысып, олардың қолдауын алған соң «Табалдырықты» жазуға кіріскенін аңғаруға болады. Басқаша айтқанда, Мағжан ақын өзінің пікірлестерімен хат арқылы кеңесіп, олардың қолдауын алған соң «Табалдырықты» даярлау ісіне 1924 жылы кірісіп, келесі 1925 жылы аяқтаған еді.

Ендігі уақытта даяр болған платформаның мәтінін қолмен көшіру арқылы көбейтіп, жоғарыда аталған адресстерге тарату қалған-тын. Жәкен Сәрсембиннің бұл іске тартылуы осы мезгілде, яғни платформаны көшіру және тиесілі адресстерге тарату кезеңінде болған. Ж. Сәрсембин: «Жұмабаев хатты оқып болған соң аталған кісілерге пошта арқылы тарату үшін платформаны көбейту керектігін айтты. Осы мақсатта ол маған платформаны көшіруді ұсынды. Мен, Жұмабаев және оның інісі болып бір жетінің ішінде мәтіннің 17 данасын даярладық, олардың бір данасын өзімде қалдырдым» [18] – деп көрсетеді.

Ж. Сәрсембин көрсетуінде берілген бұл фактілерге сенуге болады. Өйткені Мәскеуде қазақ алфавитіндегі теру машинкасын табу оңайға түспейтін, сондай-ақ болған күннің өзінде ондай машинкамен «Табалдырық» сияқты құжат мәтінін алудың өзі қауіпсіз емес-тін. Сондықтан да платформа мәтінінің қолмен көшіріліп көбейтілгендігі, бұл іске үш адамның бірі болып Ж.Сәрсембиннің қатысқаны ақиқат. Ал Мағжанның інісі деп отырған үшінші кісінің кім екендігін бұл көрсетуінде атамаған. Өз қолымен жазған көрсетуінде (1938 ж., 6 қаңтар) мәтінді көшіруге қатынасқан мәскеулік студент ретінде Аманғали Сегізбаевты атайды. Яғни, Мағжан ақын платформаны даярлауға (оқыған, түзеген және көшірген)

қатынасқан кісілерді Мәскеудегі Мемлекеттік журналистика институтының студенттері Сәрсембин және Сегізбаевпен, сондай-ақ осы институтқа тыңдаушы ретінде келген Ілияс Жансүгіровпен шектейді. Ал Сәрсембиннің Мағжанның інісі деп отырғаны А. Сегізбаев болса керек.

Сонымен бірге «Үлкен террор» кезеңіндегі тергеу материалдарына қатысты мынадай бір ерекшелікті зерттеуші назардан тыс қалдыра алмайды. Тергеушілердің басым бөлігі (бұл арада Дмитриенко және Саенко) жүргізген ісіне қатысы болуы мүмкін деген адамдардың санын неғұрлым кеңейте түсуге құштарлық танытты. Сол арқылы кез-келген істі кеңестік билікке қарсы ұйымдасқан топтың қастандық әрекеті ретінде, ал өзін сол ұйымдасқан топты әшкерелеуші «тұлға» ретінде көрсетуге тырысты. Кеңестік репрессиялық машинаның ерекшелігі сонда, оған тартылған, оның торына іліккен адам шыбындай панасыз күйге ұшырады да, ал ол істі жүргізген тергеуші әрқашанда жеңіске жететін ақылды да тапқыр тұлға ролінде болды. «Табалдырыққа» байланысты да тура осындай жағдай байқалады. Мәселен, Мағжан ақын атынан баяндалған мына жағдай соның айғағы: «Сонымен, Сәрсембиннің, Сегізбаевтың және Жансүгіровтың қатысуымен мен даярлаған, сондай-ақ Бөкейханов пен Байтұрсынов қолдаған «Алқа» бағдарламасы қолдан көшірумен көбейтіліп пошта арқылы мынадай адресстерге жіберілді: Қызылордадағы М. Дулатов пен Е. Омаровқа, Петропавлдағы Ж. Тілеулин мен Семейдегі М. Әуезовке. Бұл кісілердің бәрінен де қолдау таптым, сондай-ақ «Алқа» бағдарлама-платформасы рухында әдебиет саласында жұмыс жүргізуге уәде алдым» [19]. Міне бұл үзіндіден тергеушінің көздеген мақсаты анық байқалып-ақ тұр. Біріншіден, бағдарламаны жазушы мен оған көмек берушілер анықталса, екіншіден бағдарлама идеясын қолдаушылар мен оған дем берушілер «белгілі», үшіншіден, сондай-ақ, бағдарламаны сұратып алып, ендігі уақытта оның идеясын «іске асырушы» субъектілер де ашылып отыр. Басқаша айтқанда, бұл арада тергеушілер жоспарлағандай «антисоветтік» пиғылдағы қазақ ұлтшылдарының «Алқа» ұйымының «сұлбасы» шығып тұр. Тергеуші үшін ең маңызды нәрсе билікке қарсы «ұйымдасқан» топтың іс-әрекетінің

әшкерленуі, топқа тартылған адамдардың аты-жөнінің аталуы еді. Репрессия машинасының жұмыс механизмі, өзіндік логикасы міне осы.

Тергеуші Саенконың Мәскеуде жазылған «Табалдырыққа» қозғалыс басшылары Ә. Бөкейханов пен А. Байтұрсыновтың қатынасын анықтауға тырысқандығы логикаға толық сиымды әрекет. Өйткені аталған тұлғаларсыз Саенконың құрған конструкциясы сенімсіз болып шығар еді.

Сондықтан да ол Ж. Сәрсембинге бұл мәселеге қатысты бірнеше сұрау қойғандығы хақ, бірақ тергеуші мен тергелушінің екеуара сөзі «сұрақ-жауап» түрінде емес, жай баяндау түрінде берілген. Дегенмен тергеу хаттамасында тақырыпқа қатысты берілген фактілер көңілге қонымды екендігін мойындаған жөн. Мәселен, Ж. Сәрсембин Мәскеуге жалпыодақтық мұғалімдер съезіне келе жатқан А. Байтұрсынұлының жеделхат арқылы Мағжан ақынға хабарлап, күтіп алуын өтінгенін, ал темір жол вокзалына Ә. Бөкейханов және М. Жұмабаевпен бірге өзінің де барғандығын айтып, сол күні кешінде делегаттар орналасқан жатақханадағы А. Байтұрсынұлы бөлмесінде «Табалдырық» мәтінінің оқылып, оның соңы өзара ой бөлісуге ұласқандығын баяндайды. Міне сол отырыста Әлекең платформаны қолдап, оны тарату жағын ұйымдастыруды қарастыруды ұсынады. Ал Ақаң қазақ әдебиетіндегі жағдайға тоқталып «еуропалықтар қазаққа еуропалық костюм кигізгісі келеді, ал шаруашылық ерекшелігіне байланысты қазаққа шапан кию қолайлы. Қазақтың түйесін поездың артына тіркеп қойғысы бар. Мұндай жағдай оған тиімсіз» екендігін білдіріп, «қазақ әдебиеті ұлтшылдық ұстанымда болуға тиіс», бірақ бұл ретте «әдебиет пен саясатты араластырудан аулақ болған дұрыс» деген тұжырым жасайды. Басқа дерек көздерімен салыстыра отырып Ақаңның бұл айтқандарының оның жалпы ұстанымы арнасында екендігіне көз жеткізу қиынға түспейді.

А. Байтұрсынұлы 1929 жылы 18 маусымда тергеуші Саенкоға берген жауабында «Мен Қазақстандағы әдебиеттегі ағымдармен таныспын, бірақ олардың ешқайсысына да қосылған емеспін, өйткені әдебиеттен қандай бағыттың, яғни пролетарлық бағыттың ба, жоқ әлде ұлтшылдық бағыттың ба

үстемдік алатындығы мен үшін соншалықты маңызды емес... Қазақ әдебиетінің қандай бағытта даму алатындығын мен ешкіммен талқыға салған емеспін. Мәселен, Бөкейхановпен бірге М. Жұмабаев даярлаған платформаны оқығандығымыз есімде жоқ. 1924 жылы күзде Мәскеуде өлкетанушылар съезіне барып, РСФСР Наркомпросының жатақханасына тоқтағанда Бөкейханов пен Жұмабаев менің бөлmemде болған да шығар. Сонда отырып «Табалдырық» платформасын оқыдық деп айта алмаймын. Әдебиетке қатысты қолжазба түрінде ме, жоқ әлде газеттік пе материалдарды оқыған да шығармыз, есімде жоқ. Сәрсембинді ұмытқан жоқпын. Мәскеуде болғанда Жұмабаевпен бірге жүргені есімде» [20] деген көрсетулермен шектеледі. Әдетте, тергеушілерге берген жауабында фактілерге өте сараң А. Байтұрсынұлының бұл жолы да ақтарыла салмағандығы байқалады.

«Табалдырықтың» біраз адреске таратылғаны анық. Ол жөнінде пошта арқылы бағдарламаның мәтінін алғандар өз көрсетулерінде жасырмай айтқан. Мәселен, М. Әуезов 1931 жылы 20 қыркүйекте тергеуші Поповқа берген көрсетуінде «Жұмабаевтан бір конвертке салынған хат пен «Алқаның» бағдарламасын Семейде жүргенде алдым, ал алдын ала ешқандай да хат арқылы пікір алысқан емеспіз. Бұл «Алқадан» құпия әрекет ретінде бағалануға тиіс ештеме көргенім жоқ, платформаны алған соң БК(б)П Семей Губкомының үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі және «Қазақ тілі» газетінің редакторы Тоқжігітовке көрсеттім, «Алқа» мәтіні менде қалды, ал оны қолдайтындығымды және осы ұстанымдағы қаламгерлердің ұйымын ресми түрде құру үшін қазақ әдебиетшілерінің жиылысын шақыру қажет екендігін айтып Жұмабаевқа хат жаздым, іс осымен аяқталды» [21] – дейді.

«Табалдырықтың» бір дана көшірмесін Мағжан ақын бұрын өзі жұмыс істеген (1921-1922ж.ж.) Петропавлдағы «Бостандық туы» газетінің редакциясына жібереді [22]. Ол жөнінде Жұмағали Тілеулин: «Алқа үйірмесіне байланысты мен бұрынғы көрсетуімде айтқанымды қайталаймын, яғни «Алқа» платформасының бір данасы «Бостандық туына» келді. Ол жөнінде редакцияның қазақ қызметкерлерінің жиналысында Айтқожин және оның орынбасары Бекішев айтты. Ол жөнінде

басқа ештеме естігенім жоқ, сондай-ақ М. Жұмабаевтың өзінен басқа ешкімге жазған да емеспін. Ал оған жауап хатымда Петропавлда «Алқаға» қатысты редакция тарапынан ешқандай әрекет жоқтығын айттым...» [23], – дейді.

Мағжан ақынның «Табалдырықты» жіберген адресстерінің бірі Ташкент еді. Бұл мезгілде алаштық зиялылардың біразы осы қалада қызметте жүрді, сондықтан да ақынның өз манифесін пікірлес серіктеріне жолдап, қолдау күтуін толық табиғи нәрсе ретінде қабылдауға болады. «Табалдырықтың» Ташкентке пошта арқылы жіберілгенін ақынның жерлесі Байтасов Абдолла тергеушіге берген көрсетуінде (1929 ж., 14 шілде) айтады.

А. Байтасовтың бұл көрсетуіне қысқаша болса да тоқталған жөн. Өйткені құжатта Мағжан ақынның сол мезгілдегі шығармашылықтағы ұстаным ерекшелігі байқалады. «1925 жылы Жұмабаев Мағжан маған бірнеше мәрте хат жолдап, оларда қазақ әдебиетінің ауыл тұрғындарына жақын болғаны дұрыстығын айтты. Жұмабаевтың әдебиеттің бағыты жөніндегі хаттарын Ташкентте редакцияда істеп жүрген Әуезов Мұқтардан да көрдім. 1925 жылы Жұмабаев Мағжан Мәскеуден маған Аймауытов, Кеменгеров және Ысқақовтан тұрған топқа арнап қазақ әдебиетінің бағыт-бағдары жөніндегі «Алқа» бағдарламасын жіберіп, оны талқыға салып, пікір білдіруді өтінді. Хат пошта арқылы жіберілді, сондай-ақ ол партияда барларға да және одан тыс жүргендерге де арналған еді», – деп көрсетеді А. Байтасов [24]. А. Байтасов осы көрсетуінде бағдарлама нұсқаларының А. Сегізбаевта, Ж. Сәрсембинде және М. Әуезовта болғандығын, ал «Алқа» бағдарламасы жөнінде Ә. Бәйділиннің білгендігін, сондай-ақ Сәдуақасов, Мұқанов және басқалардың хабардар болуы мүмкін екендігін айтады.

Әбдірахман Бәйділин өз ретінде «Табалдырықпен» таныс екендігін мойындайды. 1929 жылы 1 шілдеде тергеушіге берген мәліметінде ол бағдарлама жөнінде 1925 жылы естігенін, тіптен «ұлтшыл» М. Жұмабаевтың «Алқа» ұйымын «кұрып» қойғандығын көрсеткен. Сондай-ақ Мәскеуде жүрген Жұмабаевтың Шығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінде (КУТВ) сабақ жүргізіп, «Табалдырықтағы»

негізгі тұжырымдарды сонда баяндағанын да білдіріп өтеді [25].

Ә. Байділдин көрсетулерінен, сондай-ақ осы мезгілге тән басқа да фактілік материалдардан бір нәрсе анық байқалады. Мәскеудегі Шығыс баспасы, Ташкенттегі «Ақжол» газеті және басқа баспа құралдары арқылы ұлт-азаттық ұстанымындағы шығармашылықтағы топ Орталық биліктің кеңестік жаңа отарлау курсына мүмкін болғанша қарсылық көрсетіп бақты, интеллектуалдық күрестің жаңа әдіс-құралдарын игерді. Газет-журнал беттерінде әдебиеттің өсу және өзгеру бағыттары жөнінде дискуссиялар ұйымдастырды («Ақжол», «Еңбекші Қазақ», «Қызыл Қазақстан» ж.б.). Өз ұстанымдарын цензурадан өткізу үшін олар эзоптық тілмен, яғни негізгі ойды жұмбақтап, жасырып айту, мысалы, ертегі, аңыз кейіпкерлерінің әрекеті арқылы білдіру сияқты әдіс-құралдарын пайдаланды. Алаштық зиялылардың 20-шы жылдары жүргізген бұл әрекеті интеллектуалдық күрестің қайталанбас ғажап үлгісі ретінде бағалануға лайық.

Қазақ ұлтшылдарының жаңа қалыптасқан саяси жағдайда халыққа өз ойы мен ұстанымын білдіруде эзоптық әдіс-құралдарға көшкендігін кезінде Ф. Голощёкин де тура байқаған еді. Ол Өлкелік партия комитетінің 5-нші конференциясында (1925 ж., желтоқсан) қазақ басылымдарындағы («Еңбекші қазақ», «Ақжол» және ж.б.) материалдардың мазмұнына тоқталып, бұл ақпарат құралдары «анық та түсінікті тілмен айтуға болмайтын нәрселер жөнінде астарлы аңыз, мысал тілімен жазып үйренген, бұл жалпыға бірдей құбылысқа айналған. Белгілі бір мысалдың астарында біреудің іс-әрекеті тұрады. Мұндай әдісті патшалық баспасөзде эзоптық тіл деп атайтын» [26]— деген тұжырымға келіп, белгілі дәрежеде, шындыққа жақындай түскен еді.

Тіке, ашық айтуға болмайтын мәселелерді ыммен, астармен айту әдісін әсіресе Мәскеудегі Шығыс баспасы (қазақ редакциясын басқарушы Нәзір Төреқұлов) тамаша игергендігі байқалады. Ал бұл кезде баспада Ә. Бөкейханов, М. Жұмабаев сияқты астарлы ой айту ісінде әбден төселген сөз шеберлері жұмыс жасады. Қысқа мерзім болса да бұл кісілермен осы баспада қызмет атқарған Ә. Байділдин баспа меңгерушісі Н.

Төрекұловтың бұл аталған штаттағы қызметкерлеріне «зор құрметпен әрі сеніммен» қарағандығын айтады. Баспа басшылығы мен оның қызметкерлері арасындағы өзара түсінушілік алаштық зиялыларға бұл маңызды орынды қысқа мезгілге болса да халық шығармашылығының үздік туындыларын (ескі аңыз, ертегі, жыр т.б.с.с.), сондай-ақ өз шығармаларын жарыққа шығарып отыру арқылы, қазақ қоғамымен байланыс үзбеу мақсатында пайдалануға мүмкіндік туғызған еді. Мәселен, А. Байтұрсынұлының ел арасынан жинап, түзетіп, даярлап, осы баспадан шығарған «Ер Сайын» (1923ж.) және «23 жоқтау» (1926 ж.) сияқты кітаптары осы пікірге дәлел бола алады.

Халық шығармашылығының үлгілерінен құрастырылған бұл екі кітап та, әрине, сол тарихи мезгілдегі алаштық зиялылардың көңіл-күйінен хабар беретін еді. «23 жоқтауға» жазған кіріспе сөзінде Ахаң бұл туындыларды қазақтың тіл мәдениетінің үлгілері ретінде ұсынады. Тек осы ойды ғана басшылыққа алып отырғандығын білдіреді. Ал шын мәнінде астарлы ой тереңде жатты. «23 жоқтау», белгілі дәрежеде, әлгінде ғана жеңіліс тапқан ұлт-азаттық қозғалыс басшыларының шерлі көңіл-күйін білдіретін шығармалардан тұратын еді:

Құйрық атып құлия,
Түлкідей қашқан жымия,
Қараңды үзіп барасың
Бізден де, қайран дүния.
Көп жылдар қудым артыңнан,
Лашындай сызып жер қия... [27].

Кеңестік биліктің шешімімен Мәскеуде жалғыз бөлмелі пәтерде тұруға мәжбүр болған Ә. Бөкейханов тергеушінің «қазіргі уақытта кіммен сыр бөлісесіз?». деген мағынадағы сауалына «Менің екі-ақ жанмен сырласуым мүмкін, олар А. Байтұрсынұлы және М. Дулатұлы, бірақ олармен оңаша сыр алыса қалған күннің өзінде біз өкініш пен мұңнан арыла алмадық», – деп көрсетеді. Шәңгерей ақын айтқан жоқтаудан алынған жоғарыдағы жолдар қазақ азаттық қозғалысы басшыларының сол мезгілдегі көңіл-күйін дәл беретін еді.

Сәл кешірек біз бұл тақырыпқа ораламыз, енді «Табалдырық» авторының өз шығармасын кең ауқымға шығару әрекетіне тоқталайық. Сонымен, 1925 жылы Мағжан ақынның манифесімен Орынбор, Ташкент, Қызылорда және Петропавл сияқты орталықтардағы зиялылар танысты. Олар дерлік түгелдей Мағжан ақын ұсынған ұстанымды қолдайтындықтарын білдіргенімен, «Алқаны» білек түрініп құруға кірісіп кетуден іркілгендіктері байқалады. Бұл арада, әрине, түсініксіз ештеме де жоқ. Одақта күш алып келе жатқан диктатуралық тәртіп қазақ зиялыларына «Алқаны» құруға жол бермейтіндігі анық-тын. Осы ретте Т. Жұртбайдың «Алқа» ұйымы жасырын түрде қызметін жүргізді деген пікірін қолдау қиын. Мұндай тұжырымға негіз боларлық фактілер жоқтың қасында. Ал тергеу барысында алынған көрсетулерді сол күйінде қабылдау қателікке ұрындырар.

Дегенмен, елдегі ұлтшыл ұстанымдағы зиялылардың «Табалдырықты» жариялауға ынта танытқандықтары жөнінде айтуға негіз бар. Ж. Сәрсембин 1925 жылы қаңтарда оқуын аяқтамастан кейін шақырылып Орынборға оралып, журналистік қызметпен айналысқандығын, осы мезгілде Мағжан манифесін басылым арқылы жарыққа шығару жолдарын қарастырғанын мойындайды. Бұл іс бойынша оның алдымен сөйлескен адамы сол тұстағы «Еңбекші қазақтың» бас редакторы Смағұл Садуақасұлы. С. Садуақасұлы манифест идеясына қолдау жасап, газетке басуға келісімін береді, бірақ оны әуелде Е. Омаровқа, С. Қожановқа және Ж. Аймауытовқа оқытып, олардың пікірін біліп алуды ұсынады. Ж. Сәрсембин С. Садуақасұлымен екеуара болған әңгімеде, «Алқа» үйірмелерін құру жөнінде де сөз қозғалғандығын, бұл іске Смағұлдың іштарта қарағандығын білдіреді. Ж. Сәрсембиннің бұл көрсетуі негізсіз емес-тін. Басқа дерек көздері де С. Садуақасұлының Мағжан ақын ұсынған «Алқа» ұйымын құру идеясымен таныс болғандығын растайды.

Шешімі 1925 жылы қабылданып, 1926 жылы күзде ұйымдастырылған ҚазАПП (қазақ пролетариат-қарашаруа жазушыларының одағы) шығармашылықтағы зиялылар арасында түрлі қайшылықты ұстанымдар туғызды. Оның платформасында көрсетілгендей басты міндеті қазақ

ауылындағы байлармен, «байлардың өкілі алашорданың ықпалымен» күресте «партияға көмектес болу» еді [28]. Бұл арада әу бастан-ақ бұл одақтың біріншіден елдегі саяси билікті қолына шоғырландырған партиялық диктатураның идеологиялық құралы ретінде өмірге келгендігі айқын болса, екіншіден, оған өзінің табиғи арнасы ұлтшылдық ұстанымында тұрған шығармашылық иелеріне қарсы ашық шабуылға көшу ісінде белсенді рөл атқару міндеті де жүктелген-ді. Басқаша айтқанда, Ресейдегі тап күресі идеологиясын сол күйінде қабылдаған ҚазАПП, қазақ топырағында (постколониалдық кезеңдегі) өзінің толық табиғи арнасында тұрған қазақ ұлтшылдығымен күрес жолына түсті. Бұл 20-30-шы жылдардағы кеңестік билік жүйесі жағдайында талантты және белсенді қазақ жазушыларын жаппай репрессиялау саясатына идеологиялық негіз, алғышарт жасаумен, сол арқылы империялық орталықтағы ұлыдержавалық күштердің теориялық, идеологиялық үстемдігіне жол ашып, оларға белсенді қызмет жасауды білдіретін еді.

ҚазАПП-қа жүктелген міндеттің астарын тура түсінген санаулы тұлғалардың қатарында С. Садуақасұлы да болды. Міне осы топтың талабы және белсенді атсалысуымен 1926-1927-ші жылдары қазақ тілді басылым беттерінде ҚазАПП төңірегінде қызу айтыс болып өтеді. ҚазАПП идеясын қолдаған жазушылар «Жыл құсы» аталатын әдеби жинақ төңірегіне бірігеді. Айтыс өзінің шарықтау шегіне 1927 жылы жетеді. Міне осы айтыс барысында ҚазАПП-қа қарсы топтағылар бұл ұйымды жауып, оның орнына «Советтік жазушылар одағын» құруды ұсынады. 1927 жылдың басында Өлкелік партия комитетінің баспасөз бөлімінде осы мәселені талқылауға арналған 2-3 кеңес болып өтеді. Ә. Байділдин тергеу барысында берген көрсетуінде бұл кеңестерде орын алған айтыс-тартыстың баспасөз бетіндегіден анағұрлым ымырасыз ашық, қарсыласу түрінде өткендігін айтады. Міне осы болып өткен кеңестердің алғашқысында (1927ж., наурыз) С. Садуақасұлы мен Ш. Тоқжігітов ҚазАПП-ты таратып, оның орнына түрлі бағыттағы жазушылардың басын біріктірген Советтік жазушылар одағын құруды ұсынады. Ал олардың бұл ұсынысын О. Жандосов, Ж. Сұлтанбеков, Ғ. Тоғжанов және

Орынбаев қолдайды. Міне осы топтың тапсыруымен Ғ. Тоғжанов Өлкелік партия комитетіне аталған ұсыныспен кіреді. Өлкелік комитет бұл ұсынысты «Алқалықтардың» әрекеті ретінде бағалап, қабылдамай тастайды [29].

Бұл баяндалған фактіден С. Садуақасұлының «Табалдырық» манифесімен жақсы таныс болғандығын және ондағы ұстанымды іске асыру жолында тұрғандығын аңғару, әрине, қиынға түспейді. Дегенмен, «Табалдырықты» ашық баспасөзде жариялауға С. Садуақасұлының ерік-жігері жеткенімен, оған партиялық цензура жол бермейтіндігі айқын еді.

С. Садуақасұлының қазақ ұлт-азаттық қозғалысындағы орны мен рөлін жақсы түсінген тергеуші Саенко мен оның серіктері тергеу барысында міне осы мәселеге мүмкін болғанша нақты да толық жауап алуға тырысқандығын атап айтқан жөн.

Біз үшін «Табалдырыққа» байланысты аса маңызды мәселелердің бірі, мүмкін ең негізгісі, ол платформа ұсынған ұстанымдағы қазақ жазушылары мен олардың осы арнада өмірге келген туындыларын мүмкін болғанша анықтау болса керек. Бұл ретте алдымен ұлттық көркем ойда осы тарихи мезгілде қалыптасқан мынадай жағдайға тоқталған жөн.

XX ғасырдың 20-шы жылдарының екінші жартысы қазақ әдебиетінде жаңа ағымның қалыптасуымен ерекшеленді. Ғасырдың басындағы азаттық қозғалыстың толқынында өмірге келген жаңа мазмұндағы көркем ойдың көтерген ұраны, қойған мәселесі қазақты ояту, оның аянышты да қауіпті жағдайын халықтың өзіне таныту болды. Осы мезгілде жарық көрген шығармалардың атынан-ақ («Оян, қазақ!», «Маса», «Тұр, қазақ!», «Сарыарқа кімдікі?» ж.б.) олардың мақсат-міндеті көрініп тұрды, сондай-ақ революциялық өзгерістер қарсаңында қазақ қоғамында жаңа ситуация қалыптастыруға тікелей өз үлесін қосты. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, келесі 1917 жылы бүкіл қазақ жерінде болып өткен қазақ съездері, солардың нәтижесінде қазақ комитеттерінің өмірге келуі (ұлттық мемлекеттілікке ұмтылыс), қазақ қоғамының Алаш партиясы ұсынған бағытқа қолдау көрсетуі, белгілі дәрежеде, ғасыр басындағы қазақ қоғамдық ойы мен ұлттық әдебиеттің мақсатты қызметінің нәтижесі еді. Алашорда мемлекетінің

құрылуы, Алаш автономиясын жариялау әрекеті ғасыр басындағы әдебиетті өмірге әкелген буынның осы мезгілде жүргізген ағартушылық, сондай-ақ саяси қызметінің де жиынтық көрінісі болатын.

Өкінішке орай, бұл буынның ерлік қызметі күткен нәтиже бермеді, азаттық қозғалыс жеңіліске ұшырады. Ол үшін, әрине, алғашқы буын ұлт-зиялыларын кіналау ағаттық болар еді. Трагедияның түп-тамыры империя құрамындағы аз ұлттардың еркіндігін мойындаудан бас тартқан жаңа большевиктік биліктің антидемократиялық табиғатында жатты. Әлгінде ғана бас көтеріп, азаттыққа ұмтылыс жасаған ұлттық сана енді жеңілістің уын ішуге мәжбүр болды. Соған байланысты 20-шы жылдардың ортасынан басталып 30-шы жылдардың алғашқы жартысын қамтыған ұлт зиялыларының шығармаларындағы жаңа кезең қазақ қоғамдық ойындағы екіұдай (екіжақты) көңіл күйінің көрінісі болды. Ахмет Байтұрсынұлының баспа көрген «Жоқтау» жинағы мен «Бесік жыры» алғашқы буын ұлт зиялыларының 1917-1918 жж. жеңіліске ұшыраған азаттық қозғалыстан кейінгі басыңқы көңіл-күйін білдірсе, Мағжан ақын қаламынан туған «Табалдырық» және «Жүсіп хан», М. Әуезовтың «Хан Кенесі», І. Жансүгіровтың «Күйші» және «Құлагері», келесі екінші буын шығармашылық иелерінің ұлтқа жеңілістен кейінгі қайғылы жағдайын білдіре отырып, оны күйректіктен, біржола түңілуден сақтап, жігерлендіріп, жаңа күреске, жаңа ұмтылысқа даярлау әрекетінің көрінісі еді. Өйткені бұл буынның бойында жаңа қарқын, жануға әзір алдыңғы, аға буын берген отанға, елге деген махаббат оты бар-тын. Сондай-ақ олар Абайдың:

Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме,

Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме, - деген өсиетіне сенетін еді.

Бірақ, елдегі большевиктік тәртіпке қарсы кез-келген болар-болмас наразылықты зор күшпен басып жаншуға даяр тұрған саяси билік жағдайында еркін әдеби ойға да орын жоқ-тын. Соған байланысты ұлтшылдық ұстанымындағы қазақ жазушыларына жоғарыда айтылғандай эзоп тілін, яғни шындықты терең жасырып, астарлап айту әдісін игеруге тура келген еді. Мағжан ақын бастаған жаңа буын ұлт жазушылары

бұл жолда табыссыз да емес-тін. Өмірге мазмұндық тұрғыдан жаңа да тұтас көркем шығармалар шоғыры келді. Енді осы «Табалдырық» ұстанымындағы шығармаларға тоқталайық.

М. Жұмабаев 1938 жылғы 6 қаңтарда берген көрсетуінде қазақ қаламгерлері арасында «Алқа» платформасын белсенді түрде ұстанғандар ретінде Ж. Аймауытовты, А. Байтасовты, М. Әуезовты, Қ. Кемеңгеровты және І. Жансүгіровты атайды [30]. Бұл ретте ол Ж. Аймауытов пен А. Байтасовтың Ташкент басылымдарында бірнеше өткір мақалалар жариялағанын, ал І. Жансүгіровтың «Күйші», «Құлагер» және басқа шығармаларын «Табалдырық» және тарихи романтизм рухында жазғандығын мойындайды.

Сонымен «Табалдырықта» баяндалған ұстанымдағы ұлт жазушылары «Алқа» түріндегі ұйымдарын құра алған жоқ, жаңа орнаған билік ондай әрекетке жол бермейтіндігін елдегі қалыптасқан саяси жағдай көрсетті. Сонымен бірге Мағжан ақын ұсынған идея тек ұсыныс күйінде қалып қойды деген тұжырымға келсек, онда «Табалдырық» ұстанымы арнасында өмірге келген қазақ көркем ойының біраз туындыларын түсіне алмағандыққа ұрынар едік. Біздің пікірімізше, жоғарыда Мағжан Жұмабаев атаған жазушылар қаламынан туған біраз туындыларды осы «Табалдырық» ұстанымындағы шығармалар шоғыры ретінде қарастыруға толық негіз бар.

«Табалдырықта» Мағжан ақын ұсынған ұстанымды белсенді түрде талқыға салған Ташкенттегі «Ақжол» газеті болды. 1925 жылы газет беттерінде «Біздің сауалдарымыз (анкеттер)» деген рубрика мен әдебиеттегі процесті талдауға алған жазушы және журналистердің мақалалары тұрақты түрде жарық көріп тұрды. Газет ұйымдастырған бұл дискуссия арнасында Ж. Аймауытов, А. Байтасов, Ж. Сәрсенбин және басқа авторлардың материалдары жарияланды. Олар өз мақалаларында «қазақ әдебиеті жаңа заманда қандай мазмұн және бағытта даму алғаны жөн» деген сауалға жауап іздеді және олардың ортақ ұстанымы «қожалық құрған, билеп-төстеген үстем ұлттың әдебиеті мен төменшік, әлсіз, езілген, бодан ұлттың әдебиеті бір болмайды. Қазақ әдебиетінің ұлы орыс әдебиетінен айырмасы бар һәм болмақ» деген тұжырымға сайды, ал қазақ әдебиетіндегі ұлтшылдықтың толық өмірлік

негізі бар, ал ол өмірлік негіздің бірден шайылып жоқ болмайтындығы сияқты, әдебиеттегі ұлтшылдық сезімнің де «тез заманда қала қою мүмкін емес» [31].

Ал қазақ ұлтшылдығын олар мынадай мазмұнда түсіндірді «қазақ ұлтшылдығы үстемдікті, бағындыруды көксеген, шегіне жеткен, озбыр ұлтшылдық емес, алдымен бас қорғауға, жансауға қылуға, жете алса теңдік алуға талпынған тіленші ұлтшылдық. Тұрмыс жүзінде уақ ұлттардың қалың бұқарасы теңгерілмей тұрғанда, ұлтшылдық жоғалмайды» [32].

Осы мезгілдегі көркем ойдағы ұлтшылдық ұстанымы арнасында жазылған шығармалардан М. Әуезовтың қаламынан туған «Хан Кене» драмасына (1928 ж.) арнайы тоқталған жөн. Ал, 1934 жылғы 8 мамырда Казкрайкомда осы шығарманы талқылауға арналған мәжілісті ұлтшылдық, яғни «Табалдырық» ұстанымындағы бағытқа берілген соққы, сонымен бірге соцреализм ұстанымындағы шығармашылыққа көрсетілген партиялық қолдау ретінде қабылдаған жөн.

М. Әуезов 1931 жылы 20 қыркүйекте абақтыда тергеушіге берген көрсетуінде: «... Жұмабаевтан хатты мен Семейде жүргенде алдым. Конверт ішіне «Алқа» тексі қоса салыныпты. Онымен алдын-ала хат арқылы пікір алысу болған емес. Бұл «Алқадан» өз басым ешқандай да құпиялық көргенім жоқ.

Платформаны алған соң БК(б)П-ның Семей Губкомының үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі және «Қазақ тілі» газетінің редакторы Тоқжігітовқа көрсеттім. «Алқа» тексі менде қалды, ал оны қолдайтындығымды және осы ұстанымдағы қаламгерлердің ұйымын ресми түрде құру үшін қазақ әдебиетшілерінің жиналысын шақыру қажет екендігін айтып, Жұмабаевқа хат жаздым. Іс осымен аяқталды» – дейді [33].

«Табалдырыққа» байланысты бұл көрсетуінің соңында М. Әуезов: «Хатымда тағыда не жөнінде жазғаным есімде жоқ, дегенмен платформаны нақты қолдағаным рас, ал Жұмабаевтан маған байланысты платформаны қолдамады, «тым солшыл» санады деп неге көрсеткенін түсінбедім» деп Мағжан ұсынған бағдарламаға байланысты өз ұстанымын анықтай түседі. Әрине, бұл арада құпия ештеңе де жоқ. Мағжан ақын пікірлес Мұхтар досын «Табалдырық» үшін күйдіруден қорғаштағаны анық. Оны М.Әуезовтің іштей сезінгені де

даусыз. Соған қарамастан ол бағдарламаны қолдау және қорғау жағында тұр.

Сонымен, «Хан Кене» драмасы 1928 жылы жазылғанымен қудалауға ұшырап, артын ала оның авторының абақтыға жабылуына байланысты 1934 жылға дейін қойылымға ұсынылмай жатып қалған еді. Тек 1933-інші жылдан 1934-інші жылға қараған қыста сол кездегі Қазақ музыкалық драма театрының ұжымы бұл пьесаның қойылымын даярлауға кіріседі де, шамамен сәуір айында оның алғашқы қойылымы көрсетіліп, артын ала сахнадан түсіп қалады. Оған бұл пьесаға қатысты партиялық ұстанымның үстем алуы себепші болған еді. 8 мамыр күні Өлкелік партия комитетінің мәдениет және насихат бөлімі жанында «Хан Кене» қойылымын талқылауға арналған жиналыс өтеді.

Жиналыста сөз алған белгілі тұлғалардың айтқан пікірлеріне тоқталмай тұрып, осы талқылаудың өтуіне себепші болған Ғ. Мүсіреповтың сол кездегі Өлкелік партия комитетінің басшысы Л. Мирзоянға «Хан Кенеге» байланысты жолдаған хатына тоқталайық. Хаттың соңында «7 мамыр 1934 жыл: Мүсірепов» деп көрсетілген. Бұл кезде Ғ. Мүсірепов Халық оқу-ағарту Комиссариатының (Наркомпрос) театрлар бөлімінің меңгерушісі қызметінде еді.

Хатта Ғ. Мүсірепов Халком Т. Жүргенов пен пьесаны қоюшы-режиссер және театр жетекшісі Орынбек Бековтың М. Әуезовтің «Хан Кенесін» алдымен қоғамдық көрсетуден (яғни қойылымға қатысы бар деген идеология қызметкерлерінің қатысуымен – авт.) өткізіп алмай, бірден қалың көрермендерге ұсынулары үлкен қателік болғандығын айта келіп, пьесаға байланысты өз ұстанымын былайша білдіреді: «..Жолдас Беков қоюшы (режиссер) ретінде, қыс бойы «Хан Кене» қойылымы арқылы өз театрының шығармашылық жолын айқындауға даярлық жасады, ал революциялық театрға мұндай мақсат белгілеу қателік, өйткені, ондай шығармашылық бағыт театрды революциялық советтік тақырыпқа емес, ескі өмір тақырыбына бекіту болып шығар еді».

Ғ. Мүсірепов бұл мәселенің принциптік мәні бар екендігіне көңіл аударады. Өйткені, театр «Еңлік-Кебек», «Арқалық батыр», сол сияқты «Хан Кенені» зор шабытпен қоя

отырып, ал «Майдан», «Түрксиб» сияқты революциялық тақырыптағы қойылымдарға келгенде солғындық танытқан. Хат авторының пікірінше, театрдың мұндай ұстанымымен, әрине, үзілді-кесілді келісуге болмайды.

«Хан Кенені» талқылаудан өткізуді талап еткен Ғ. Мүсірепов Өлкелік партия комитетінің мәдениет және ленинизмді насихаттау бөлімінің меңгерушісі І. Қабыловтың төрағалығымен өткен бұл талқылауға қатыса алмаған сияқты. Өйткені стенограммада оның аты-жөні аталмайды. Пьесаны театрдағы қойылымнан алып тастау жөнінде шешім қабылдаған бұл талқылауға Ғ. Мүсірепов қатынаса алмаса да, шығармаға байланысты өз ұстанымын «Хан Кенені» қалай қайта жазған жөн?» – деген пікірінде толық білдірген. Мұрағат қорында Ғ. Мүсірепов пікірінің орыс тіліне аударылған мәтіні сақталған. Аудармашы «Исмагилов» деп қол қойылған бұл құжатқа оның авторы «Как нужно переделать «Хан Кене» деген тақырып қойыпты [34]. Пікір талқылаудан кейін жазылғандай әсер қалдырады. Өйткені Ғ. Мүсірепов қолжазба мәтінінде талқылауға қатынасқан кісілердің сөздеріне сілтеме жасайды. Біз бұл арада оның пікіріндегі кейбір тұжырымдарға тоқталуды жөн көрдік, өйткені олар «Табалдырыққа» – қарсы екінші ұстанымды білдіреді.

Ғ. Мүсіреповтың пікірінше, пьесаның тақырыбы дұрыс алынбаған, ал онда «автор ұлттың атақты батырларының қосынына ат басын бұрып» көрерменнің сезіміне тиіп, көңілінде жанашырлық отын жаққысы келген. Кеңестік билік күш ала бастаған бұл тарихи мезгілде жаңа социалистік қоғамдық шындық пен өткен феодалдық шындықты қарсы қою кең етек ала бастаған әдіс еді. Осы партиялық ұстанымды басшылыққа алған Ғ. Мүсірепов «Хан Кене» сияқты қойылыммен театр өз желкесін үзіп алуы» әбден мүмкін екендігін ескертеді. Ғ. Мүсіреповтың пікірінше Кенесары Қасымұлы «Пугачев емес, ондай бола да алмайды». Хан Кене бастаған ұлттық қарсылықты шығарма тақырыбы ретінде алған автор қандай идеяны өткізбек? Ал идея советтік қоғамның (партия мен Орталық биліктің деп оқыңыз – авт.) мүддесіне сай келе қояр ма екен? Ғ. Мүсіреповтың пікірінше ең алдымен анықтап алатын нәрсе осы. Әрине, сыншы бұл арада

М. Әуезов пьесасының өзекті жібі ұлттық мемлекеттік және тәуелсіздік идеясы екендігін тура түсініп, соған нұсқап отыр. Шығармадағы советтік қоғамның мүддесіне сәйкес келмейтін идея да осы еді. Яғни «Хан Кене» кеше ғана (1932 ж.) кеңес абақтысынан бостандыққа шыққан М. Әуезовтың «әлі де болса буржуазиялық-ұлтшылдық ұстанымынан арыла алмай отырғандығының» айғағы. Ғ. Мүсірепов сынының түйіні де осы тұжырымға саяды [35].

Сонымен, 1934 жылы 8 мамыр күні болып өткен талқылауға оның авторынан басқа С. Сейфуллин, С. Асфендияров, Ғ. Тоғжанов, Ирубаев және О. Беков қатысады.

Халком Т. Жүргеновтен соң сөз алған М. Әуезов бұл шығармасын жазуға қандай даярлықпен келгендігінен мәлімет беруден бастайды. Сонымен бірге бұл тақырыпқа қалам тартуға түрткі салған негізгі идеяны баяндауға бармайды. Оның бұл мәселеге бармау себебін бүгін түсінуге болады және солай жасағаны дұрыс та еді.

М. Әуезов үшін Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс – бұл ұлттық тәуелсіздік үшін күрес тақырыбы. Құжаттық материалдар бұл ұлт өмірінің аса маңызды кезеңіне қатысты тақырыптың ұлы жазушы көңілінде зор толғаныс тудырып, өмірінің соңына дейін онымен бірге жүргендігін байқатады. Бұл ретте, мәселен, 1943 жылы жарық көріп, Мәскеудегі партиялық басшылық арасында үлкен мазасыздық тудырған «История Казахской ССР» кітабындағы «Кенесары Қасымов бастаған қазақ халқының азаттық күресі (1837-1847 жылдар)» аталатын тараудың (XIV т., 217-241-бб.) тікелей М. Әуезовтің белсенді ұстанымы арқасында кітапқа жеке тақырып ретінде енгізілгендігін, сондай-ақ, бұл ғылыми мәселені Е. Бекмахановтың арнайы зерттеу тақырыбы ретінде алуына М. Әуезовтің шешуші ықпал жасағандығын айтудың өзі де аздық етпес деп ойлаймыз. Егер қоғамда еркін шығармашылыққа қолайлы жағдай қалыптасқанда М. Әуезовтің Кене хан бастаған көтерілісті кең көлемдегі шығарма тақырыбы ретінде арнауы әбден мүмкін еді.

Басқаша айтқанда, М. Әуезов сияқты зор талант иесінің бұл тақырыпқа келуі, әрине, кездейсоқ құбылыс емес-тін. 1917-1919 жж. оның көз алдында жеңіліс тапқан ұлт-азаттық (Алаш)

қозғалысы мен Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыстар арасындағы өзара сабақтастық жөнінде, бұл қозғалыстардың қайғылы жеңіліске ұшырауының себеп-салдарлары жөнінде М. Әуезовтің ойланбауы, әрине, мүмкін емес-тін. «Хан Кене» сияқты тақырыпқа мақсатты түрде қалам тарта отырып, ол оқырмандарын ХХ ғасыр басындағы Алаш қозғалысының жеңіліске ұшырау себептері жөнінде ойлануға итермелеп, сондай-ақ, ұлт болашағы үшін күрестің мұнымен де аяқталмайтындығын көркем шығарма тілімен жеткізеді. Жазушы трагедияның соңғы көріністерінің бірінде өзі жақсы көретін ұлы Сыдықпен қоштасқан Кене ханның аузына мынадай сөздер салады. Кене хан Жоламанға: «Әй, өзгелерді қой, Сыдықты алып келші, маңдайынан бір сүйіп қалайын...», - деп, ал баланы алып келгенде: «... ұлғайып азамат бол. Ешнәрседен қорықпа, қорғанба! Артыңа үлгі қалдыратын адам бол... Еліңнің ері бол. Ата жолын қуарсың..., жалғыз үміт қылған балапаным ең... Ақтарсың... Бірақ, заманың әлдеқалай болар. Кім білер» [36], - дейді.

Өзінің бұл тақырыпқа қандай даярлықпен келгендігін баяндаудан бастаған М. Әуезов: «...Пьесаны жазуға кірісуден бұрын мен мол материал жинадым, сондықтан да Кене хан қозғалысының тарихын білемін деп сенімді айта аламын. Мен Орынбор және Омбыдағы құжаттық материалдармен, сондай-ақ, қазақ және қырғыз халықтарының арасындағы материалдармен таныспын. Мәселен, Кене ханның қырғыздармен қатынас кезеңі құжаттық материалдарға түспеген, сондықтан ол кезең жөніндегі мәліметтерді қырғыз арасынан жинауға тура келді.

...Кез келген тарихи фактіге байланысты әрбір зерттеушінің өз көзқарасының болуы ықтимал, дегенмен, автор тарихи тақырыпқа байланысты жеке концептуалдық ұстанымын қалыптастырмаса, онда материалды игеріп кете алмайды. Сол сияқты әркім өз тарих философиясын басшылыққа алады. Мен бұл жазған тарихты осы тұрғыдан қорытып, өзімше түсіндірдім.

Менің пьесамның белгілі бір идеясы мен мақсаты бар екендігін айтқаным жөн. Ал оны қабылдау немесе қабылдамау бұл басқа мәселе...»

М. Әуезов осы кіріспе сөзі арқылы-ақ негізгі ойын астарлап жеткізген еді. Бірақ большевиктік идеология ұстанымына табан тіреп алған дискуссияға қатысушы шешендерге тағы бір басқа екінші ұстанымның, «бұлыңғыр» тарих философиясының пайдасына айтылған дәлелдер мен аргументтердің мүлдем қажеті де жоқ-тын. Оларға жүктелген міндет «алашшыл» Әуезовті жаңа таптық көзқарас ұстанымы алдында тізе бүктіру еді. Сондықтан да келесі сөз алған С. Сейфуллин пьесаның пролетарлық емес арнада сәл ертерек жазылып, ал оған кейінірек енгізілген өзгертулер «жасыл түсті фонға қып-қызыл жалау» жапсырғандай болып шыққандығын, сондай-ақ, Әуезовтің ықыласы революцияшыл кейіпкерлер жағында емес, ұлтшыл Наурызбай жағында екендігіне көңіл аударады.

С. Сейфуллиннің пікірінше, Кенесарының мақсаты қазақтардың патшалық билікке қарсы қозғалысын жеке бас мүддесіне пайдаланып, атасы Абылай хан тұсында құлаған хандық билікті қайта жаңғырту еді. Ал бұл хандық билікте халыққа тиімді ештеме де болған емес-тін. «Маған бұл қозғалыстағы батыр да, хан да және би де феодалдар табының өкілі, ортақ мақсаттағы кейіпкерлер ретінде көрінеді.

...Менің ойымша, «Айман-Шолпан» да шындықтан алыс тұр. «Айман-Шолпанда» қазақтың ірі байларының үрім-бұтағын көреміз. Бұлар қазақ феодалдары, ал қарапайым қара қазақ жоқ. Біз пьесада жарқыраған, көз қарықтыратын феодалдың қыздары мен ұлдарын көреміз, ал қазақ бұқарасы оған қатыспайды».

Дискуссияда сөз алған С. Асфендияров пен Ғ. Тоғжанов та пьесада қарапайым халықтың революциялық қозғалысынан гөрі, Кене хан мен Наурызбай сұлтанды әсірелеп көрсету әрекеті барына назар аударып, «Кенесары хан болғандықтан да халық қаһарманы ретінде көрсетілуі қателік» деген тұжырымға қолдау жасайды. Олардың да осы ұстанымда сөйлемеске шарасы жоқ еді.

Талқылауға төрағалық жасаған І. Қабылов та «жаңа пьеса даярлау бұл біздің театр қызметкерлерінің ғана жұмысы емес, бүкіл қауымның, үкіметтің, сондай-ақ, партия ұйымының да ісі», ал кеңестік театрда хан тұқымы сахнаға неге қаһарман

болып шығып, тіптен өмірден қаһарман болып өтуі тиіс, бұл, әрине, пьесаның кемшілігі деген тұжырым жасайды.

Міне, осындай талқылаудан соң «Хан Кененің» жаңа ғана аяғына тұрып келе жатқан қазақ драма театр сахнасынан біржола түсіп қалғаны, әрине, таңданыс тудырмасы анық.

Бұл арада, мәселе С. Сейфуллиннің немесе Ғ. Мүсіреповтің жеке басында емес, сондай-ақ, баяндалған мазмұнда жүрген процесс тек қазақ әдебиетіне ғана тән құбылыс еді деген ой тұмауға тиіс. Мәселе Ғ. Мүсірепов және С. Сейфуллиннің қолдауымен жаңа кеңестік идеология ұстанымына лайық құндылықтардың орын тебуінің тарихи фактіге айналғандығында.

Сонымен бірге, әдебиет пен өнердегі социалистік реализмді тек бір қара бояумен ғана түстеу орынсыз болып шығар еді. Өйткені, қарапайым еңбек адамы, оның тұрмыс-тіршілігі, игілігі, Мағжан ақын «Табалдырығында» дәл басып айтқанындай, әдебиеттен өзіне лайық орын алуға тиіс құндылық.

Мағжан ақын атап көрсеткендей, «Табалдырық» ұстанымында І. Жансүгіровтың «Күйші» (1935 ж.) және «Құлагер» (1936 ж.) атты шығармалары бар. «Күйші» дастаны 1929 жылы жарық көрген «Күй» дастанынан соң өмірге келген [37]. «Күй» дастанындағы ойдың желісі «Бозінген» күйіне құрылған. Ақын онда бұл зарлы күйді тартқан Молықбай шал мен «жаны жылаулы жапан даланың» арасындағы үйлесімділікті көріп, «әлемнің әуеніне бермес ем-ау, қазақтың мұңын тартқан күйші шалын» деген тұжырымға келгенімен, бұл көңіл-күйін октябрьдің «қып-қызыл боп тасыған суымен» шайып, оның орнын даланы дүркіреткен жаңа социализм күйіне береді. Соған қарамастан, 1934 жылы Ілияс ақын зарлы күй тақырыбына қайта оралып, енді «Күйшіні» жазады. Олай болса, бұл күйші кім, ол тартқан күй не туралы баяндайды?

«Күйшіде» жауаптан сұрау көп. «Күйшінің» астары қатпар-қатпар. Күйді сүйген, оны терең түсіне де білген қатыгез Қарашаш сұлу төре тұқымы. Ал тоқсан күй мен сұңғыла өнердің иесі, «бір өзіне барлық Үйсін татымас» Күйші қара тобырдан. Яғни екеуінің арасында заман тұрғызған зәулім қабырға тұр.

«Күйшіде» жауаптан сұрау көп дедік. Неге күй зарлы да, бірақ ол жеткен көңілге тәтті? Неге толғауы тоқсан күйдің бірі бәрінен артық? Неге өнердің хас жорғасы – күйші жігіт күйді сүйген сұлуға тең емес? Жалғыз ұлын аңға балап атып салған Арша мергеннің тағдыры неге қайғылы? Неге тоқсан күйді түсініп, қабыл алған Қарашаштай сұлу күйші жанынан қайнап шыққан жалғыз күйді түсіне алмайды?...

Бұл қойылған сұраулардың бәріне бірдей жауап беру мүмкін емес, ол біздің қолымыздан да келмес, тек біреуіне ғана жауап беріп көрейік. Қасиетті домбыра, одан шыққан тоқсан күйдің бәрі бірдей інжу-маржан, адам жанының шетсіз де шексіз қырлары мен сәттері. Бірақ сол тоқсан күйден ерекше бір ғана күй бар, ол Азаттықтың күйі. «Күйшідегі» Кене ханның сүйікті қарындасы Қарашаш сұлуда бәрі бар: төрелік тек те, ерекше көрік те, билік те, дүние-мүлік те. Бірақ Ілияс ақын айтқандай басқа тоқсан күйден өзгеше азаттықтың күйін түсінбеген сұлу Қарашаш Күйші көзінде «қыз емес, албасты», «жыландай жиырылған кесірткі», «қара тастай суық». Ілияс ақын үшін Қарашаш билік, мүмкін ол патшалық болар, мүмкін ол кеңестік болар, қайсысы болса да ол билік. Ол жеке басты пенденің азаттығын сыйласа ғана, жеке тұлғаның еркіндігіне басты құндылық ретінде қараса ғана құрметті. «Адамның азат басы дәулет екен, өзінде ердің еркі – сәулет екен», олай болса «домбыра бостандықтың ырғағын тарт!» – дейді ақын.

«Құлагер» бұл да күй. Ілияс ақын айтқандай «қазақтың қиялының жақсы аты», арғымағы. «Құлагер» зарының авторы Ақан сері, Ілияс ақын пікірінше «әулие болмаса да, безеген жан». Неліктен? Бұл сұрауға жауап беруді, жалпы Ақан тұлғасы мен шығармашылығының түпкі себебін түсіндіруді «Құлагер» авторы кейінгі тарихшыларға қалдырады [38].

Бұл мәселе тарихи зерттеу тақырыбы ретінде іргелі монографиялық еңбектерде қарастырылған, сондықтан да бұл арада тек жасалған негізгі тұжырымдармен ғана шектелейік. XVIII ғасырдың 50-ші жылдары Жоңғар қалмақтары біржола ығысқаннан кейінгі уақытта, басым түрде Орта жүз қазақтары жайлаған Арқа жерінде аз мезгілге болса да тыныштық орнап, мал шаруасына аса қолайлы бұл өлкеде қазақ ауылдары салыстырмалы түрде болса да, емін-еркін өсіп-өркендеу сәтін

басынан кешірді. Емін-еркін Арқадағы ғажап өмір туралы ертегідей түсінік қазақ санасында міне осы уақытта орын тепті.

Бірақ бұл мезгіл де ұзаққа созылған жоқ. ХІХ ғасырдың 20-40-жылдарынан бастап, казак посёлкалары енді қазақтың қалың ішіне еніп, Көкшетау, Ақмола, Атбасар өңірлерінде орныға бастады. «Енді еркіндік заман жоқ, дұшпанның құрған торы бар. Ендігі жүрген жігіттің, маңдайында соры бар», – деп Шортанбай ақынның ой түйген заманы шамамен осы мезгілге тұс келеді. Ақан сері мен Біржан салдың әндерін кернеген мұң аяқтың астынан сусып басқаға өтіп бара жатқан атамекен жер, сол жермен бірге кетпек еркіндікті жоқтаған елдің көңіл-күйін білдірсе керек.

Ілияс ақынның Ақан серісінің сүйгені Ақмарқа сұлу да, мінгені Құлагер, жаттағаны жыр, жоқтағаны жер. Ақмарқаны ала алмағаны, Құлагерді төгілтіп өмірінің соңына дейін серік етіп жүре алмағаны, Көкшетау – Бурабайдай жерді ұстап тұра алмағаны үшін «алдымен өзін жазалаған», шерлі де мұңлы Ақан сері. Сөйтіп жалғыз қалған, қоғамнан шеттеп шыққан «артық адам» (лишний человек). Дегенмен, Ілияс ақынның айтпағы ол емес-тін. Оның айтпағы Ақанның Құлагері. Анығырақ айтсақ Құлагерге жоқтау. Қазақы көңіл оны түсіне алады. Арғымақ ат ер жігіттің қанаты, яғни ол қазақ ұғымында азаттықтың жалқы баламасы. Ілияс ақынның «Құлагері» азаттыққа айтылған жоқтаудай оқылатындығы да сондықтан. Мағжан ақынның 1937 жылы Алматыға келіп, Жансүгіровтың «Күйшісі» мен «Құлагерін» оқығанда, оның «Алқа» «платформасы арнасында үлкен жігермен ізденіс жасағандығына көзім жетті» дегенде айтқалы отырған негізгі ойы да осы болса керек.

Ілияс ақынның көздегені «Құлагерін» жоқтап күңіренген Ақан серінің бейнесі арқылы азаттығына қолы жетпеген қазақтың шерменде көңілін білдіру еді.

Ал, осы «Табалдырық» манифесін жазып, «Алқа» ұйымын құруды ойластырған Мағжан ақын осы мезгілде өзі ұсынған ұстанымда шығармалар жазды ма? Ақынның 1925 жылдан кейінгі шығармашылық тағдыры жеңіл-желпі қалыптаспағандығын аңғару қиынға түспейді. Осы жылғы мамырда партияның Қазақ өлкелік комитетінің атына И.

Сталиннің «Ақжол» газетінің саяси ұстанымына байланысты жолдаған хатынан соң алаштық зиялылардың жағдайы бұрынғыдан күрделене түсті. Олар Мәскеу, Ташкент, Қызылорда және басқа орталықтардағы баспа және редакция ісіндегі қызметтерінен босатылды. Мәскеудегі Орталық баспадағы қызметінен Ә. Бөкейханов та кетірілді. «Ақжол» және «Еңбекші қазақ» газеттерінің редакциясында қызметте жүрген Алаш қозғалысына қатынасы бар деп танылған шығармашылық иелері жұмыссыз қалды. Басқаша айтқанда, «ұлтшыл» ұстанымдағы жазушыларды ашық түрде қудалау басталып кетті. Міне, осы елде қалыптаса бастаған жаңа саяси жағдайды есепке алғанда Мағжан ақынның астарлы оймен біршама еркін жазған соңғы көлемді шығармаларының бірі – «Жүсіп хан». Ақынның 1988 жылы жарық көрген шығармалар жинағында бұл поэма 1924 жылғы қазан айында жазылған деп көрсетілген [39].

Бұл мезгілде Мағжан ақын Мәскеудегі Орталық баспаның қазақ секциясында қызметте жүрді. Осы жылдары ақынмен қызметтес болған ұлт зиялыларының бірі мынадай пікір білдіреді: «Орталық баспаның қазақ секциясының қызметінде алашордалық ұстаным басымдылық алды. Н. Төреқұлов (секция басшысы –авт.) әрқашанда Бөкейхановтың ұсыныстарына қолдау көрсетті. Төреқұловтың өзі де халық әдебиетінің үлгілерін жақсы көретін. Олардың қайсыбірлеріне өз атынан мақтау сөздер мен кіріспе жазатын (мәселен, «Кенесары – Наурызбай» атты тарихи жырға, «Мың бір мақал» жинағына, Шығыс баспасы, 1923 ж.). Ол неше түрлі ертегілерді ұнататын. Мәселен, Иран өмірінен алынған өте екіұшты, астарлы және контрреволюциялық мазмұндағы ертегі негізінде М. Жұмабаев «Жүсіп хан» деген поэмасын соның тапсырысымен жазды. Бұл ертегі баспадан 1926-1927 жылдары жарық көрді. Мен ол шығарманың жариялануына қарсы болдым» [40].

Шынымен, бұл көрсетуде айтылғандай, «Жүсіп хан» дастаны астарлы, эзоптық тілмен жазылған, сол мезгілдегі ойлы оқырманға айтары көп шығарма еді. Поэмада өткінші «бір сәтке» хан тағына отырған Жүсіп хан жедел түрде кедей-

кепшіктің пайдасына тәркілеу (конфискация) шараларын жүргізеді.

...Жарлықты Жүкең жаудырды,
Уәзірді жер аударды,
Қазының басын алдырды.
Машайығын, молдасын,
Қойқандаған қолбасын,
Абақтыға салдырды.
Мұналық талай мұндардың,
Елді сорған сұмдардың,
Қырықтырды басын түймедей.
Байларды айдап жиғызды,
Тұмылдырық кигізді
«Уһ!»—деді көп кедей [41].

Сөйтіп, Жүсіп хан «өңшең залым, кезептен еңбекші елді аршыды». Бірақ, парадокс сонда, кедей-кепшікке «мереке» әкелген бұл шара қоғамдық өмірдің заңдылықтарына қайшы келетін еді. Сондықтан да «донкихот» Жүсіп ханның билігі он-ақ күнге созылды.

Тәркілеуден «тірі қалған төбеттер» есін жиып оныншы күні Жүсіпті тағында өлтірді. Ал байтақ ел ше, енді ол жетім. Болған істі көріп, аз «түнеріп тұрды да, «Қап!» - деп санын ұрды да, үн-түн жоқ» тарап кете барды. Белсенділігі осымен аяқталды.

Ресейдегі революциялық өзгерістерді көз алдынан өткізген Мағжан ақын 1924 жылы-ақ бұл аласапыранның соңы осы иран ертегісіндегідей шындыққа ұласпайды ма? деген сауалды көлденең тартады. Бұл ретте біз профессор Ш. Елеукуновтың Жүсіп хан мен И. Сталин арасынан ұқсастық іздеуіне толық қосыламыз [42]. Егер поэма кейіпкері Жүсіптің есімі ислам дініндегі Юсуф және библиядағы Иосиф пайғамбарлардың есімінен бастау алатындығын, сондай-ақ Кеңестер Одағының басшысы Сталиннің де есімінің Иосиф екендігін, елдегі тәркілеу саясатының соның басшылығымен жүргендігін еске алсақ, онда Мағжан ақынның «Жүсіп хан» аталатын жоғарыда баяндалған мазмұндағы поэма жазып, оны Мәскеуде жариялап, қандай тәуекелге барғандығын аңғару мүлдем қиынға түспейді.

Қорытынды. Кезінде тергеу материалдарында «Табалдырық» «платформа» аталған. «Платформа» – француз сөзі, егер оның саяси мағынасын алсақ – белгілі бір саяси партияның, қоғамдық ұйымның, топтың әрекет бағдарламасы дегенді білдіреді [43].

Өткен ғасырдың 20-30-шы жылдары елімізде жаппай репрессия саясаты жүргізілген мезгілде Алаш зиялылары, үстінен жүргізілген сот процесі барысында тергеушілер бұл құжатқа мүмкін болғанша саяси реңк, астар беріп, оны Кеңестік билік пен Коммунистік идеологияға қарсы қазақ ұлтшылдарының ортақ бағдарламалық құжаты ретінде қарастыруға тырысып «платформа» деп атады. Яғни «Табалдырық» большевиктер платформасына қарсы қойылған қазақ ұлтшылдарының платформасы. Ал Мағжан ақын болса өз шығармасына бағдарлама немесе платформа деп ат қоймаған. Қалыптасқан жағдайға қарағанда ақында ондай мүмкіндік болмаған да сияқты.

«Табалдырық» жай, ағымдағы шығарма емес. Ол қоғамдағы күрделі де түбегейлі саяси, әлеуметтік және рухани өзгерістер жағдайында өмірге келген туынды. Оны өмірге әкелген сол тарихи мезгілде илеуге түскен қазақ шындығы.

Ресей империясында қазан революциясы жеңіп, кеңестік билік орнағаннан кейінгі уақытта В.И. Ленин бастаған большевиктер партиясы социализм атанған қоғамдық жүйені енгізе бастады. Қазақ қоғамы империяның орыс халқы сияқты жаңа саяси және экономикалық жүйені қабылдауға тіптен де даяр емес-тін. Сондықтан да большевиктер үкіметі көздеген мақсатына тек күшке сүйене отырып қана жете алатын еді.

Жаңа саяси тәртіпке күштеп көндіру әрекеті рухани өмір, мәдениет саласында да жүрді. Шығармашылықтағы қазақ зиялыларының белсенді бөлігі мұндай зорлыққа қарсылықпен жауап берді. 1924 жылдың соңы және 1925 жылдың алғашқы күндері жазылған Мағжан Жұмабаевтың «Табалдырық» аталатын шығармасы міне осы елде тоталитарлық билік жүйесін орнату жолына түскен большевиктік идеологияға қарсы әдеби ағымның негізін қалады, соның нәтижесінде 1917 жылдан кейінгі оқиғаларға қатысты алаштық саяси топтың көзқарасын білдірген шығармалар шоғыры өмірге келді.

Эзоптық тіл мен әдіске негізделген бұл әдебиеттегі ағымды біз «Қарсылық әдебиеті» атауды жөн деп білеміз.

«Табалдырықтың» Коммунистік Орталықтың империядағы қазақ сияқты халықтардың қоғамдық өмірдегі ұлттық ерекшеліктерін есепке алмастан рухани өмір саласында да өз ұстанымдарын универсалды құндылық ретінде жоғарыдан күшпен телуіне қарсы көңіл-күйді білдіретін құжат екендігі айқын. Сонымен бірге «Табалдырық» сол бір күрделі өзгерістер кезеңінде ұлттық көркем ой, әдебиет қандай ұстанымда болуы керек деген сауалға берілген негізді де дәлелді жауап еді.

«Табалдырық» жазылған уақыт қазақ зиялылары үшін күрделі де ауыр уақыт болатын. Ұлт-азаттық қозғалыстың жеңіліске ұшырауы, мемлекеттік автономия алу әрекетінің іске аспай қалуы ұлт зиялыларын тұйыққа тіреді.

«Табалдырық» арқылы Мағжан ақын қаламдастарына осы тығырықтан шығатын жолды ұсынды. Мағжан ақын ұстанымында әдебиет идеология құралы болуға тиіс емес. Оның міндеті ұлттың биік адамгершілік, азаматтық және эстетикалық сезімін оятып қалыптастыру арқылы оны жаңа өмірге даярлау еді.

Ал большевиктік идеология ұсынған жол бұл қазақ қоғамына ұлттық мәдениеттің бағыт-бағдары мен мазмұнын анықтау ісінде Орталықтың шешуші ролін мойындау және оның директиваларын бұлжытпай орындап отыру, яғни мәдени құндылықтар жасаушы халықтан өзге мәдениеттер жасаған үлгілерді тұтынушы халық жолына түсу еді.

Яғни, «Табалдырық» мәдени өмір саласындағы идеологиялық зорлыққа берілген интеллектуалдық жауап қана емес, сонымен бірге сол бір аумалы-төкпелі заманда ұлттық өнердің, әдебиеттің бағыт-бағдарын анықтап берген бағдарламалық құжат та еді. «Табалдырықтың» осы екі қырын бірдей бағалау аса маңызды. Өйткені ол жаңадан отарлауға қарсы ұстанымды білдірумен шектелмейді, сонымен бірге көркем ойдағы жаңа ұстаным мазмұндық тұрғыдан қандай болуға тиіс деген сауалға да жауап береді.

Кез-келген дәуір, заман құжатының аты, әрине оның мазмұнына, көтерген жүгіне сәйкес болмақ. Осы тұрғыдан алғанда «Табалдырық» сырттан телінген ресми идеологиялық

ұстанымға қарсылық қана емес, сонымен бірге мәселеге қатысты ұлттық көзқарасты ашық та анық білдірген мәлімдеме орнында жүретін құжат. Құжаттың осы қырларын негізге ала отырып, біз оны манифест атауды ұсынамыз. Яғни ақын Мағжан Жұмабаевтың ұлттық көркем ойдың мазмұны қандай болуы керек деген сауалға байланысты білдірген ашық ұстанымы, манифесі.

Қорыта айтқанда, біз бүгін өткен ғасырдың 20-шы жылдары, қазақ әдебиетінде «Табалдырық» сияқты шығарманың өмірге келіп, сол арқылы қазақ елінің күрделі өзгерістерге қатысты өз көзқарасы мен ұстанымын білдіре алған ел қатарында болғандығын мақтан тұтамыз. Ұлы Мағжан ақынның қаламынан туған «Табалдырық» қазақ көркемдік ойы мен мәдениетін әлемдік өркениетпен жалғастырып, қазақ елінің әлемдік мәдени кеңістікте өз орны, өз қолтаңбасы бар ұлт дәрежесіне көтеріп тұр. Мағжан түсінігінде поэзия, әдебиет ұлттық сананың оянуына ғана емес жаңа заман, жаңа жағдайда ұлттық сананың кемелдікке өтуіне көмектесе алады. Егер соцреализм әдебиеті ұлттық сананы кейінге, екінші, үшінші қатарға ысырса, «Табалдырық» жалпыұлттық құндылықтарды алға шығарып, оларға жаңа серпін, өміршең қуат беру жағында тұр.

Сондай-ақ, 20-шы жылдардың орта тұсында қазақ көркем ойында жаңа кеңестік отаршылдыққа қарсы бүтін бір ағым қалыптасқандығын айтқан жөн. Ол ағым осы мезгілдегі толық өмірлік негізі бар қазақ ұлтшылдығының әдебиеттегі көрінісі болатын. Ағым ретінде қазақ ұлтшылдығы мемлекеттік құрылыста Т. Рысқұловтың, С. Садуақасовтың, Н. Нұрмақовтың, Ж. Мыңбаевтың, С. Қожановтың т.б. қайраткерлердің қызметінде қандай көрініс тапса, көркем әдебиетте М. Жұмабаевтың, М. Әуезовтың, Ж. Аймауытовтың, І. Жансүгіровтың, Қ. Кемеңгеровтың т.б. жазушылардың шығармаларында да сондай көрініс тапты.

Ескертулер

1. Д. Қамзабекұлы. «Алқа» – Ұлт қаламына серт». //Қазақ әдебиеті, 25 маусым 2010 ж.; «23 жоқтау – қазақ рухына қойылған ескерткіш. //«Аңыз адам», 2010, № 11, 38 б.

2. Сергей Есенин 1924 жылы жазған «О советских писателях» атты мақаласында «Революция жылдары, ескі тұрмыс күйреп, астан-кестен өмірден жаңа тұрмыс әлі туа қоймаған жағдайда еліміздегі көркем шығармаашылық та аласапыран күйде еді. Сансыз көп топтар мен ағымдар құрылды», - деп жазды//Есенин С. Собрание сочинений в трех томах. М., 1983, Т.3, – Стр.173
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің мұрағаты (бұдан былай ҚР ҰҚК АДМ), 6-қ., 07875 іс, 2 том, 54 об п. *Тұпнұсқада*: «Организация литературного кружка «Алка» (ожерелье) была задумана мною, кажется, в 1925 году в Москве. Программа «Алка» также была составлена мною ближайшем участии студентов ГИЖ-а Жакена Сарсембина и Амангалия Сегизбаева и с некоторыми коррективами приехавшего в ГИЖ, кажется, в следующем году Ильеса Джансугурова».
4. Сонда, 3-т., 7-п.
5. ҚР ҰҚК АДМ ., 6 қ., 011494 – іс, 2 т., 94-95 п.п. *Тұпнұсқада*: «Встреча моя с Джумабаевым состоялась после собрания вечером. Жил он в доме быв. Представительства Турккеспублики. В беседе на тему о собрании по поводу его произведения, Мағжан меня, как выступавшего в его защиту, спрашивал подробно о собрании, а затем рассказал что у него имеется написанное произведение, которое необходимо будет распространить. Произведение это оказалось литературной платформой под названием «Табалдырык».
6. ҚР ҰҚК АДМ ., 6 қ., 011494 – іс, 3 т., 159 п.
7. Сонда, 97 п.
8. Өкінішке орай Саенконың қызметіне қатысты құжаттық материалдардың құпия қорларда сақталуына байланысты бұл тергеуші жөнінде біз толығырақ мәлімет бере алмадық. Зерттеу еңбектерінде ОГПУ жүйесінде қызмет атқарған екі Саенко жөнінде мәліметтер кездеседі. Біріншісі С.А. Саенко. Ол Украинаның Харьков облысында қызмет атқарып, аса қатыгездігімен көзге түскен (И. Баберовски. Красный террор. История сталинизма. М., 2007. С. 40). Екіншісі Г.Н.

- Саенко Ішкі Істер Халкомының Омбы облыстық басқармасы Құпия-саяси бөлімінің бастығы қызметін атқарып жүріп 443 адамды заңсыз тұтқынға алғаны үшін айыпталып, абақтыда отырғызылып, 1939 жылы камерада асылып өлген (Тепляков А.Г. Машина террора: ОГПУ-НКВД Сибирь в 1929-1941 гг. М., 2008. С. 291
9. Сонда, 3 т., 7-8 п.п.
 10. Сонда, 2 т., 44 п.
 11. ҚР ҰҚК АДМ, 6 қ., 07875 іс, 2 т., 320 п.; сонда, 3 т., 7 п.
 12. Мұқанов С. Есею жылдары. Өмірбаяннан хикаялар. Алматы, 1964. – 229-234 б.б.
 13. Сонда, – 230 б.
 14. Отчет Казрайкома РКП (б) 5-ой Всеказакской конференции РКП (б). Доклад ответственного секретаря Казрайкома РКП (б) тов. Голощекина, на заседании конференции 1-го декабря 1920 г. Кзыл-Орда, 1926, с. 14-15: «В ауле действительной советской власти нет, есть господство бая, господство рода....»
 15. Голощекин Ф.И. Поставить развитие Казахстана на социалистические рельсы/ в кн.: «Партийное строительство в Казахстане. Сб. Речей и статей (1925-1930 гг.)» М.-А., 1930, с. 151: «...революция не затронула старые дореволюционные отношения, оставив в полный мере экономическое и политическое господство сильных родов и бая».
 16. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. Астана, 2002. – 418 б.
 17. Жұртбай Т. Алаш ақиықтары. Алматы, 2006. – 11 б.
 18. ҚР ҰҚК АДМ., 6 қ., 011494 – іс, 2 т., 96-97 п.п.
 19. ҚР ҰҚК АДМ, 6 қ., 07875 іс, 3 т., 54-54 об п.п.
 20. Сонда, 3 т., 1-2 пп.
 21. ҚР ҰҚКМ, 2370 іс, 4 т., 829-831 п.п.
 22. Ақын 1921-192 жж. Петропавлдағы облыстық «Бостандық туы» газетінде редакторлық қызметте болады/ ҚР ҰҚК АДМ, 6 қ., 07875, 2 т., 16-20 п.п.
 23. Сонда, 814 п.
 24. Сонда, 3 т., 1430-1431 п.п.
 25. Сонда, 73-76 п.п. Осы көрсетуінде Ә. Байділдин 1923-1924 жылдары Мәскеуде Н.Төрекұлов басқарған. Орталық баспада

Ә.Бөкейханов және М.Жұмабаевпен бірге жұмыс істейтін, көзқарас үйлесімділігіне байланысты 1924 жылы бұл қызметтен мәжбүр болғандығын баяндайды.

26. Отчет Казрайкома РКП (б) 5-ой Всеказахской конференции РКП (б). Доклад ответственного секретаря Казрайкома РКП (б), тов. Голощекина, на заседании конференции 1-го декабря 1925 г. Кызыл-Орда где он заметил: «Вещи, которые боятся писать открытым языком пишут в виде побасенок, - это очевидно общепринятое явление. Скрывать под какой либо басней какое-нибудь имя. Это называлось когда-то, в царской печати, эзоповским языком».
27. Байтурсынов А. Ақ жол. Алматы, 1991. – 14 б.
28. Мұқанов С. Есею жылдары. Өмірбаяннан хикаялар. Алматы, 1964. – 230 б.
29. ҚР ҰҚК АДМ., 6 қ., 011494 – іс, 6 т., 177-178 п.п.
30. Сонда, 6 қ., 09797 іс, 87 п.
31. Жұртбай Т. Алаш ақиықтары. Алматы, 2006. – 43 б.
32. Сонда, – 59 б.
33. ҚР ҰҚК АДМ., 6 қ., 06610 – іс, 4 т., 829-831 п.п.
34. ҚР Президентінің мұрағаты. 141 қ., 1 т., 7641 іс, 12 п.
35. Осы ретте ХІХ ғасырдағы (1837-1846) Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ азаттық қозғалысы тақырыбының ХХ ғасырдағы кеңестік билік тұсында ұлттық қоғамдық ойдағы даулы тақырыпқа айналғандығын, оны тудырған ресми идеология екендігін еске алу артық емес. Бұл тақырып, белгілі дәрежеде, қазақ қоғамдық ойындағы (әдебиеті мен тарихы) температуралық қысымды көрсететін барометр есебінде жүрді. Алаш қозғалысының жеңілісінен кейінгі қоғамдық ойдағы бас көтерудің көрінісі болған «Хан Кене» (1928) драмасына коммунистік идеологияның «күрзісі» тиді.
1943 жылы жарық көрген «История Казахской ССР» кітабына Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыс тарихы М.Әуезовтың тікелей талап етуімен дербес тарау болып енгізілді. Артын ала, яғни 1947 жылы осы тақырыпты арқау еткен Е.Бекмахановтың монографиялық еңбегі жарық көрді. (Бекмаханов Е. Казахстан в 20-40 годы ХІХ века. Под общей редакцией доктора исторических наук, проф. М.П. Вяткина. Алма-Ата, 1947.) Коммунистік партия мұндай еркіндікті

көтере алған жоқ. Е.Бекмаханов 1952 жылы абақтыға жабылып, ұзақ мерзімге сотталды. Бұл жолы партияның «күрзісі» міндетін атқарған Т. Шойынбаев, Х.Айдарова ж.б. болды. Өткен заман мен оның тұлғаларына оң көзбен қарап, «атбасын бұру» қазаққа пайдасыз іс деп танылды.

1969 жылы І. Есенберлиннің «Қаһары» жарық көрді. Кене хан тақырыбын сөз еткен қазақ романы. Оқырман кітапты іштей түсініп, жылы қабылдады. Елдің тойып ас ішіп, ойлы кітап іздей бастаған кезі. Партиялық биліктің де сірескен сталиндік жүйені сол күйінде ұстап тұру мүмкін еместігін мойындауға мәжбүр болған мезгілі. Соған сәйкес империяның ұлт саясатында да жылымықтың лебі байқалатын. Дегенмен жазушының шығармашылығына деген салқын ұстамдылықтың болғандығы хақ. Бұл кезде де Кене хан тақырыбында еркінсуге жол жоқ екендігін ескерткен сыншылар табылды. Бірақ жаңа сот процесін бастап кетуге де кеш-тін.

36. Әуезов М. 20 томдық шығ. Жинағы. 14 т., Алматы, 1983. – 367 б.

37. Жансүгіров І. Көп томдық шығарамалар жинағы. 3 т. Поэмалар. Алматы, 2004. – 405 б.

38. Сонда, 318 б.: «Арқада Ақанды айтқан әңгіме көп,
Қылады оны әулие әлде не деп,
Әулие болмаса да безеген жан,
Неліктен? Тарихшылар табар себеп»

39. Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы, 1989. – 441 б.

40. ҚР ҰҚК АДМ ., 6 қ., 011494 – іс, 3 т., 240 п.

41. Жұмабаев М. Аталған кітап, – 265 б.

42. Елеукенов Ш. «Олар қандай, мен қандай...». // Қазақ әдебиеті, 9 шілде
2010 ж.

43. Словарь иностранных слов. – М., 1988, с. 392.

Мәмбет Қойгелдиев

Мағжан Жұмабаев

А Л Қ А

Т а б а л д ы р ы қ

Қазақ адабияты тоғыз жолдың торауында тұр. Артында – бір жол, алдында – мың жол. Мың жолдың ішінде – өзен өрлегені де, шөлге улегені де, барса келері де, барса келмесі де бар. Қазақ адабиятын мынау мың жолдың торауына алып келіп, аңыртып тұрған тұрмыс. Қазақ тұрмысы, орыс тұрмысымен, орыс тұрмысы арқылы Еуропа тұрмысымен соқтығысуы– қазақ адабиятының орыс әдебиеті екпініне, орыс адабияты арқылы еуропа адабияты екпініне кез келуі; тас пен жапалақтың – жапалағы өлмек. Әрине, қазақ тұрмысы қирамақ, әрине, қазақ адабияты еліктемек.

Бірақ, бізге молда болатын еуропа адабиятының өзі – бір молда емес, мың молда. Алыстағы анау еуропаны қоя-ақ-қоялық, көршіміз орыс адабиятын алалық. Оның да өткен дәуірлерін бүркеп, осы күнгі дәуірін алалық. Осы күнде, пролетариат төңкерісі дәуірінде, Кеңес үкіметінің өзінде орыс адабиятының мың бағыты бар. Бәрінің жалауы – қызыл, ұраны – төңкеріс, алды – ортақшылдық сықылды. Алайда, искусство, һәм оның бір саласы болған адабият туралы түрлі жақтың түрлі ұғымы бар – «Искусство бар Һәм болмақ» деген бағыттан бастап, «искусство жоқ Һәм болмақ емес, бұрын болса да, бұдан былай болмақ емес» болуға тиісті емес – деген бағытқа шейін бар.

Оның үстіне, біз дүние астан-кестен болған заманның адамымыз. Жұмыр жердің бетіндегі шірік қауды өртеп, ертең өртең шығару үшін қылыш, найзаны қолдан түсірмей, майданда жүрген әскердейміз: Әйеліміз, ерлеріміз, саясаткерлеріміз, шаруашылдарымыз, адабиятшыларымыз – тегіс әскерміз. Әскер болуға міндеттіміз. Төңкеріс те осыны тілейді. Тұрмыс та осыны тілейді. Бірақ, майдандағы әскердің әрбір тобының, әрбір табының дербес міндеті болмақ. Әр топ өз міндетін дұрыс атқарса ғана, жалпы әскер соғысты ұтып шықпақ. Бұл топ өз міндетін атқара алмаса, өз міндетін ұмытып, көптің дүрмегімен, айқайы – аттанының желімен лап

қойып кете барса, майдан құр ойранға айналмақ. Қазақтың жазушылары да аз әскердің кішкене бір қанаты, үркердей бір тобы. Бұлардың мойнында, жалпы әскерлік міндетінен басқа да дербес міндет бар. Жазушылықтың, ақындықтың өз міндеті бар. Жазушыларымыз әскерлік міндетін біліп, ақындық міндетін білмесе, атқара алмаса – ақын емес. Ақындықты біліп, әскерлікті білмесе – әскер емес.

Қазақ елі, Еуропа мәдениеті көзімен қарағанда, мәдениет қоры, әдебиет қоры жоқ кедей ел болғандықтан, біздің жазушыларымыз не әскерлік, не азаматтық міндетін ұмытып, құр ақындыққа қамалып қалуы мүмкін, әсіресе, ақындық міндетін біле алмай, жалпы айқайдың екпінімен кетуге мүмкін. Адабиятты – айқай ғана деп, ақындықты – үгіт-насихат қана деп ұғуға [мүмкін]. Мысалы, адабият – не діншілдік «Бәдуамы», не дінсіздік «Бәдуамы», әйтеуір, «Бәдуам»* деп ұғынуға мүмкін. Үлгі боларлық орыс әдебиетінің түрлі тарауының тұрақсыз бір тарауына, не барса келмесіне, не ұзамай құрып кететін сиырдың шұбырындысына түсіп кетуі мүмкін.

Осы мүмкіндіктердің шет пұшпағын көріп, адабият қазанының бір құлағына жармасып жүрген біз, тоғыз ойланып, тоқсан толғанып, төмендегі пікірлерді ортаға салуды өзіміздің борышымыз деп білдік. Бұл құрғанымыз сегіз қанат боз орда, алты қанат ақ отау емес – Абылайша*. Майдан, ойран, жорық дәуірінде дағарадай орда, айдай ақ отау құрып отыруға болмайды. Аттан дәуіріне абылайша [қарау] керек. Жорық басылар, жаңа тұрмыс орнар, Абылайша қалып, бәріміз сыятын боз орда тігілер. Бұл – келешектікі. Әзірге баспана – абылайша.

Оқушы! Жақсы келдің. «Табалдырықты» аттап төрге шық!
«Алқаға» кір.

* Бәдуам – әліппе.

* Абылайша – жорық кезіндегі әскери қос.

I

Адабиятымыз

«Адабияттың өзінше дәуірлеуі техника мәдениетінің дәуірлеуіне байланбайды», - дейді (*) Маркс. Осы пікірін бекіту үшін Грек тарихының Гомер заманы мен Еуропа тарихының Шекспир заманын көрсетеді. Шынында, Гомер заманындағы гректің, Шекспир заманындағы Еуропаның техникалық мәдениетінің балаң болғаны рас.

Алайда, сол дәуірлерде Грек пен Еуропа адабияты құлашты аспанға сермеген. Неге бұлай болғандығын тексеру – адабият тарихшысының міндеті. Біздің бұл жерде айтатынымыз: Маркстің мынау пікірін қазақ өміріне табыстырсақ, «Қазақтың техника мәдениеті тіпті төмен болған, [сондықтан да] адабияты да жоқтың қасында болған» деген пікір ұстау – қате. Шынында, қазақтың өзінше терең адабияты болғаны хақ һәм бар. Қазақ өмірінің түрлі өзгерісі, өрі – қыры, қайғысы – қуанышы, ойы – қиялы адабиятында түсіп отырған. Әзірше, тіпті тексерілмеген дәуірді қоя тұрып, соңғы дәуірді алсақ, кешегі Мұрат, Махамбет, Базар, Шортанбай, Ақан сері сықылды ақындардың елдің мұңын, зарын, ой, қиялын жырлай білген шын жыраулар екені анық. Бұлар–қазақ даласына бет алған еуропаның, орыстың қара жүз отаршылдығының қарасын көріп, бірінші уланған ерлер. Қазақ адабиятының алыбы Абай – қазақ даласына кеулеп келе жатқан капитализмге, отаршылдыққа қазақтың қанды жас төгіп, еріксіз шалған бірінші құрбаны. Ел билеп, елге ақыл айтудан бастап өмірден үміт үзуге, тұңғыық ойға барып тірелген Абайдың өмірінің, ақындығының трагедиясы да, тереңдігі де – осында. Абайдың алыптығы – қыл көпірдің үстінде тұрғандығы, екі қолымен екі өмірмен алысқандығы, сондықтан, қазақ адабиятының ескі мағынасын, бұрынғы бағытын тереңдеткендігі, адабиятқа жаңа түр кіргізгендігі.

(*) К. Маркс. – Введение «К критике полит экономии». Изд-во Москва. Рабочий, 1922 г.

Абай жиын тойдың ақыны болмағандықтан, әсіресе, баспа сөздің жоқтығынан Абайдың адабияттағы бағыты, әсіресе, түрі елге тарай алмайды. Сол дәуірде қазақ даласына капитализм кеулеп кіре береді, ел езіле береді. Адабиятта, бағыт та, түр де қалмайды. Әдебиет «Ғизатлұл – оқу - мұтырлы», «Биссимиллаһ деп башлайын сөздің басын» сықылды балдыр-батпаққа айналады.

Бірақ, еуропа отаршылдығының бір қасиеті – «күлді көп қуып батыр қылуы», өлімге бұйыруы мен өмірді сүйгізуі, езілген елдің ұлттық сезімін оятуы. Осы заң бойынша 1905 жылғы төңкерістен соң соққы жеп, сүлесіз жатқан қазақ елі есін жия бастайды. Жаралы жанның есін жия бастағанда бірінші үні – ыңырсу, күрсіну, күңірену болмақ. 1905 жылдан соңғы адабиятымыз – «Оян қазақ», «Қырық мысал» сықылды, елім, жұртым деген адабиятымыз сол күңірену. Сол зар ете күңіренген жаралы жанның көзіне әлгінде ғана қылышынан қан тамып майданда ойнап жүргені елестемек. Ояна бастаған ел – кешегі ел болған күнін есіне түсірмек. Адабиятымыз да мынау «Оян!» деген зармен бірге елдің өткен күнін есіне сала бастап еді. Өткен тағы болып жүрген дәуірді қайта орнату үшін емес, жасынан елдің жанына үміт салу үшін өткенді жырлай бастап еді. Жырлап үлгерген жоқ еді, жырлай бастап еді. Адабиятымыз осы күйде тұрғанда, біз үстіміздегі зор төңкеріске кіріп кеттік.

Бұл күнге шейін төңкеріс һәм адабиятымыз

Үстіміздегі зор төңкеріс – бізге өз тарихымыз тудырған, өз тарихымыздың қатынасы болған таныс төңкеріс емес, еуропа тарихы тудырған жат төңкеріс еді. Осы себептен біздің адабиятымыз бастапқы жылдарда төңкеріс туралы еш нәрсе жаза алған жоқ, адабиятымызда төңкеріс туралы қолға аларлық еш нәрсе болмағаны даусыз. Адабият өзінің бұрын келе жатқан бетімен жүре берді. Бір жағынан, орыс отаршылығының зардабынан елге кірген бүліншілік, бұзықтықты суреттеп, екінші жақтан – елдігін ұмытып, жасып қалған елдің өткенде өзінше ел болғанын есіне салып, табиғи жолмен келе жатты.

Маркстіл зор ғалым Плеханов: «Шаруа - тұрмыс-салт төңкерісіне бейімделуі болмақ» (*) – дейді. Төңкеріспен қазақ тұрмысының сырты ғана соқтыққан сықылды болғанымен, санасы – дағдылы жолымен келе жатты. Сондықтан, адабиятымыз төңкерістің бастапқы дәуірінде де өзінің табиғи жолымен өсіп келе жатты. Осы жолда жаңа адабиятымыз бірталай ілгері аттап та қалды. Қияға қарғып шығамын деп мертігіп қалмай, тұрмыстың, тарихтың заңы бойынша табиғи жолымен жүріп, күн санап өсіп, тереңдеп келе жатқан кешегі, бүгінгі адабиятымызды қарғауға емес, алқауға (мақтауға) міндеттіміз. «Төңкеріс туралы тез үндей қоймадың» деп томпиып

өкпелеуге емес, не себепті үндемегенін ұғуға міндеттіміз. Адабиятымызға төңкерістің тіпті түспеуінің, бірен-саран түсірем деген топас тәжірибелерде теріс жағынан түсуінің тағы бір себебі – төңкерістің өзінің қазақ даласына күнгей бетінен емес, теріскей бетінен, соңынан емес, солынан кіруі алақандағы нәрсе ғой, мұны бүркеп қоюға болмас. Маркстің «Санаға сипат беретін салт» деген асқар пікірін де аттап кетуге болмас. Төңкерістің оң жағын түсірем деп ұмтылған адабиятымыздың тәжірибесі соңғы бірер жылдың ішінде ғана басталды.

Бұл айтылғандардың бәрі – әдебиетіміздің бұл күнге шейін жүріп келген жолы, тарихтың, тұрмыстың құрыш заңы бойынша өз бағытымен, дұрыс жүріп келген жолы. Енді бұдан былай деген мәселе тұмақ: аққан судың өзінен айырылмайтын сипаты – ағу. Аққанда жазық жерде жайылып, жыбырқанып, тар жерде тастың бауырында көбіктеніп, көпіріп, жарды соғып, лепіріп ағу. Яғни, өзінің ағу заңына да, жолдың, арнаның заңына да бағыну. Тұрмыс та ағып жатқан су сықылды. Қазақ тұрмысы да, салты да жаңа арнамен ағуға бет алды. Зор төңкеріс қазақ даласына енді күнгей бетінен кіргелі тұр. Енді, сөз жоқ, адабиятымыз да бірте-бірте жаңа жол іздемек. Сонау жаңа жолдың жөні қайда?

Бұған жауабымыз мынау.

* Бельтов. – «К вопросу о развитии монистического взгляда на историю». СПб. 1825 г. 1-е издание.

Енді төңкеріс һәм адабиятымыз.

Үстіміздегі төңкеріс – адамзаттың тарихында теңі жоқ төңкеріс. Адамзат тарихының ең соңғы албастысы – отаршылықты, капитализмді жойып, тарихты жаңа арнамен ағызуға бет алған төңкеріс. Еуропаның отары болған жалпы шығыс елінің еңбекшілері, шығыстың бір ұшқыны болған, әсіресе, толқынның ішінде отырған еңбекші қазақ елі мынау теңсіз төңкерісті – досым деп ұқпай, қасым деп ұғуы тіпті мүмкін емес.

Отаршылық – Еуропа пролетариатының жауы болса, отар болған елдердің де – жауы. Төңкерістің тарихы еуропа тарихында тереңде жатқан болса да, Еуропа тарихы тудырған төңкеріс затында жат болса да, төңкерістің мақсаты – бір еуропаны ғана астан-кестен қылу емес жалпы адамзатты бақытқа жеткізу болғандықтан, жер жүзінің езілген елі, тарыққан табы мынау төңкерісті менікі емес деуі мүмкін емес. Шығыстың отар болған елдері, соның бір ұшқыны болған кедей қазақ–отаршылықты, капитализмді жою жолында, төңкерісшіл пролетариаттың шын жолдасы. Басқаша болуға мүмкін емес. Адабиятымыз да төңкерісті – біздің төңкерісіміз деуден басқаша жырлауы мүмкін емес.

Бірақ, бағытта[ғы], негізде[гі] бірлікті – мінезде[гі] бірлік деп ұғу қате. Зор төңкеріске пролетариат – зеңбірек, пулемет, машина, қайыс камзолымен кіріссе, қазақ – қамшы, сойыл, балпаң етік, малма тұмағымен, жолдан қосылып отыр. Еуропаның музыка оркестрі бар. Елу, алпыс, жүз музыка құралдарынан құралған оркестр – бір ойнағанда бір ғана күйді ойнамақ. Бұл – оркестрдің сұлулығы – барлық музыка құралдарының бәрі бірдей бір дауыспен барылдауы, яки шиқылдауында емес, жеке музыка құралының өз орнында, өз мінезіне лайық үн шығаруында. Төңкеріс адабияты дегенде де осыны ескеру керек. Төңкеріс адабиятының тура төңкерістің өзінен туатын, яғни пролетариат төңкерісінің өзінен туатын пролетариаттың өз адабияты болмақ. Бұл – төңкеріс адабиятының бірінші түрі. Яки, төңкеріске қазақ сықылды жолдан қосылған елдің, яки таптың төңкеріс адабияты болмақ.

(*) Бұл – екінші түрі. Мұндай түр – пролетариат төңкерісінің өзінен тумай, алыстан, рухынан, екпінінен тұмақ. Біздің адабиятымыз да қазір бірінші түр бола алмақ емес. Екінші түр болуға тиісті, һәм болмақ. Біздің адабиятымыз – қазіргі дәуірде «пролетариаттың төңкерісі, біз сықылды езілген елдің төңкерісі болды» деген пікірді нысана қылып қоя білсе, осы төңкерістің екпінінен қазақ сықылды құл болған елге өмір үміті кіргенін жырлай білсе, төңкерісшіл адабият болғаны.

Маркстіл зор ғалым, ақын Луначарский (*) жазады: «Жаңа ұлт, жаңа тап бұрынғының бітірген жерінен бастап кетпейді... жаңа тап яки жаңа халық бұрын өздерін билегендерге қас болып, олардың мәдениетін жек көретін болып өсіп-өркендейді», - дейді.

Сондықтан, осы мінез, осы қулық, үстен қарап айтқанда, осы қияңқылық, ыстық қандылық – қазақ әдебиетінде де болуы мүмкін. Болғанда өзінше, қазақша, Азияша болуы мүмкін. Тап бір ойланатын нәрсе – осы.

Дұрыс, зор төңкерістің алды – ортақшылдық екені рас. Төңкеріс – құр қирату үшін ғана емес, жер үстіне жаңа тұрмыс орнату үшін екені рас. Еуропа пролетариатымен қол ұстасып, біздің сол жаңа өмірге, ортақшылыққа бет алғанымыз рас. Біздің де көксейтініміз – сонау қиырда көгерген жаңа дүние екені рас. Адабиятымыз да құр қиратуды, құр төңкерісті ғана бағыт қылып қоймай, төңкерістің артындағы жаңа өмірді бағыт қылатыны рас. Бірақ, пролетариатпен қол ұстасып, жаңа дүниеге бет алған жолымызда өзіміздің шығыстығымыз, қазақ иісіміз шықпауы мүмкін емес. Ойымызда, қиялымызда, адабиятымызда Азия иісі аңқымауы мүмкін емес. Бағыттың бір екені даусыз болғанымен, пролетариаттың өз тарихының, машинасының, қайыс камзолының иісі шықпауы, қазақтың мың жылдық тарихының елтірі тұмағының иісі шықпауы – мүмкін емес. Адамзаттың артындағы, тарихтың таңындағы ортақшылдық – таңба басылған бір ойлы, бір сезімді санасы жоқ хайуанның ортақшылдығы. Алдымыздағы ортақшылдық – түрлі пікірді, түрлі сезімді санамен тізгіндеп отыратын,

(*) Л. Троцкий. «Литература и Революция», стр. 169-170.

(*) Луначарский. «Основы позитивной эстетики» Москва. 1923 г. стр. 128.

тұрмысын солай құра білген, шын адамның ортақшылдығы. Пролетариатпен қол ұстасып осы ортақшылдыққа құйылысқан адамзат тарихы һәм мәдениетінің құйылысқан майданына бет алғанымызда, осы жолда, қазақ ақыны кедей қазақтың күңгірт тұрмысын, пролетариатпен ортақ мақсұтын жырлаумен бірге, кедей қазақтың өзінің ойын, өзінің сезімін, өзінің қиялын, өзінің ұғымын жырлауға ұмтылуы міндетті. Болмаса, қазақ адабияты деген адабият тумақ емес. Бағытта емес, рухта басқалық болмай, құр сыртында, мысалы, сөзде ғана басқалық болса, адабият шеттен аударылған аударма, тәржіма ғана болып қалмақ. Негізде бірлікті мінезде бірлік деп ұғу – адасқандық. Адабиятымыз бен төңкеріс арасы туралы сөз осы. Адабият мәселесі мұнымен бітпейді. Енді оның басқа жағын шолалық.

Адабият не нәрсе? Адабияттың жалпы заңы.

Адабият–искусствоның бес тарауының біреуі. Искусство – адамзаттың сұлулық сезімінен, сезім арқылы жаратылысты, өмірді ұғуға ұмтылуынан туған. Сұлулықтың өзі не нәрсе? Философ Кант былай деп жауап береді: «Түрімен ғана тура құлқынға байланбаған ләззәт ойнататын нәрсенің бәрі – сұлулық» – дейді. Осы сөзде түгел болмағанмен бірталай шындық бар. Шынында, мысалы, қазақтың мұрнын тесіп зерә салуында құлқын үшін, тұрмыс үшін қандай тура пайда бар. Әрине тура қолма- қол пайда жоқ. Қазаққа мұны істеткен Кант айтып отырған құлқында байланбайтын сұлулық сезімі. «Сұлулық сезімі барлық жануардың, оның ішінде адамның жаратылысына салынған, табиғатына берілген» – дейді Дарвин. Осы пікірлерді Маркс философиясы негізінде қате демеяді. Марксшілдіктің бұған қосатыны, толықтыратыны бар. Марксшіл зор ғалым Плеханов жазады: «Адамның табиғаты адамның сұлулық ұғымдары болуының мүмкіндігіне жол ашқан. Айналадағы шарттар осы мүмкіндікті іске асырады. Қоғам адамның (қоғамның, бір халықтың, бір таптың) сұлулық ұғымдарының тууы, сипаты анадай болмай мынадай болуы осы

айналадағы шарттарға байлаулы» (*) –дейді. Мынау сөзді ұғымдырақ қылып айтқанда былай болады: бір халықтың, бір таптың бір заманда анандай сұлулық ұғымы болмай, мынадай сұлулық ұғымы болуы, сипаты анадай болмай, мынадай болуы тұрмыс түріне, еңбек түріне байлаулы. Бұл пікірдің дұрыстығында дау жоқ. Қазақтың мұрнын тесіп зерге салуы - Еуропа көзінде саналық емес, тағылық деп саналады ғой. Тұрмыс өзгерген сайын, зерге қазақ өзі де тағылық деп қарап келеді ғой. Яки, Еуропаның күн батқандағы суретті аузының суы құрып мақтауы— қазақтың өз әдебиетінде жоқ қой. Біз жоғарыда сұлулық сезімінен, һәм сезім арқылы жаратылысты, өмірді ұғуға ұмтылудан искусство тұмақ дедік. Бұл мәселе жоғарыдағы сөздермен біраз шет қалды. Искусство да тұрмыс түріне, еңбек түріне қарап өзгеріп отырмақ. Искусствоның тұрмысқа байланысы жалғыз тұрмыспен бірге өзгеріп отыру ғана емес. Искусство сезім арқылы, сезімнен туған һәм сезім оятатын сурет арқылы жаратылыс өмірді ұғуға ұмтылу болғандықтан, искусство өмірге, тұрмысқа пайда тигізуге тиісті. Бірақ, искусство тұрмысқа тура қолма-қол пайда тигізбейді, тигізе алмайды. Арада талай қол арқылы алыстан тигізбек. Әдемі өлең, сұлу күй ешкімнің қарнын тоқ, көйлегін көк қылмақ емес. Бұлардың пайдасы – қиғаш, алыстан орап барып тиетін пайда.

Маркстіл ғалым Ортодокс осы пікірді бір сөзінде толық айтады. (*)

Қысқасы, искусствоның негізі – сезім, құралы – сезімнен туған сурет, мақсұты – білім беру емес, сезім ояту. Бұлай болса, искусство қайраткерлерін, ақынды өлшейтін кез мынау болады: Сұлу терең суреттер арқылы қандай болса ондай болсын, әйтеуір терең сезім оята алса, ол– ақын, оята алмаса– ақын емес. Сондықтан, Ага-мем-нон, Ахеллесді жырлаған Гомер өмірді қарғап өтсе де, суреті терең болып тұңғиық сезім оятатын Байрон қайткенде де ақын;

(*) Плеханов. «Об искусстве». Сб. «Искусство». Изд-во «Новая Москва», 1922 г., стр. 44.

(*) Л. Ортодокс. «О. Уайльд» изд. «Основа», Иванова – Вознесенск, 1923. Стр. 50-53.

«Тарғынды» жырлаған Марабай, «Жібек қызды» жыр қылған Жүсіпбек қожа қыл көпірді, мақшарды, жұмақ, тамұқты суреттей біліп, тыңдаушыны еңіреткендей дін қыссасын шығара білген біреу – қайткенде де ақын. Ал, қырық парызды санайтын Орынбай, қырық парызына келгенде – ақын емес. Уақытында «Айқапта» басылған «Қазағым, өнерлен, мектеп аш, қала бол, егін сал» деген сықылды ақылды өлеңдер қайткенде де ақындыққа жанаспайды. Ақындық бағытта емес, «ақындық – ақындықта. Қалай жұмсалса да, талантты талант дейміз ғой» (*),– дейді Луначарский. Қысқасы, ақынды өлшейтін бірінші өлшеуіш – ақындық. Бірақ, ақын қандайда болса да, бір елдің, бір таптың азаматы болғандықтан, өлімді емес, өмірді, жауыздықты емес, ізгілікті нысана қылған жалпы адамзаттың бір мүшесі болғандықтан, ақынның оқушы да, қараушы да ізгі, дұрыс сезім, өмір сезімін оятуға ұмтылуы – азаматтық борышы. Осы борышты атқару үшін ақын ақындығын өмірге, тұрмысқа жанастыруға міндетті. Таза ақындықпен бірге осы борышты да атқарған ақынды ғана ел «[тап] өз ақыным» демек. Ақындықты азаматтықпен өлшеу – бұл ақынға салынатын екінші өлшеуіш. Бұл арада ашып кететін сөз мынау: ақындықтың тұрмысқа жанасуын тұрмыстың құлы болу деп ұғу қате. Ақындық жаратылысты, тұрмысты айнытпай, бұлжытпай құр түсіріп қана отыратын фотография емес, фотография – ақындық емес. Тұрмыс пен жаратылыс – ақынға тек тиянақ. Осы тиянаққа таянып басып, осыны құрал қылып, көптің көргенін, көптің сезгенін жинап бір топ қылып, сол топқа ақын өзіндік түс беруге міндетті. Тип портрет емес, тип – қашанда болса жасама. Лениннің фотография түсірген портретінде ақындық жоқ. Ал, суретшіл ақын салған портретінде ақындық бар. Мұның себебі не? Еуропа ақыны – Шекспир, осы Шекспирдің ақындығы ХҮІ – ХҮІІ ғасырлардағы, қалса Англияның, асса Еуропаның тұрмысын бұлжытпай суреттегендігінен ғана ма? Еуропаның асқан ақыны Гете айтады: «Кәдімгі бір күшікті тұрған күйінше суретке салсаң, жердің жүзіндегі толып жатқан күшіктің санын

(*) Л. Луначарский. «Что такое искусство». «Этюды», - Госиздат, Москва, 1922 г. Стр. 32.

көбейтіп, кәдімгі бір күшік қосқан болып табыласың. Онымен суретшіл ақын болып табылмайсың – дейді. Ақын Гетенің тағы бір жұмбақ сөзі бар: «Адабият әсері неғұрлым жабайы өлшеуден аса берсе, неғұрлым ақылға ұғымсыз болса, соғұрлым сұлу болмақ».

Жоғарыдағы пікірлерді қорытқанда былай болады: ақындық ауданында ақын – ақын ғана, тұрмыс ауданында – әрі ақын, әрі азамат; Тұрмыстың мүшесі болған соң, ақын азамат та болуға міндетті. Ақындық – фотография емес, фотография – ақындық емес, ақынның міндеті – білім беру емес, терең сезім, асқар пікір ояту. Тарихта адабияты тұрмысқа тиянақталмаған, жалаңаш пікір билеп кеткен дәуір бар.

Сүмірейтіп, тұқыртып, тұрмыс билеп кеткен дәуір бар. Бастапқы дәуірлерде, соңғы дәуірлерде де жиһан әдебиеті бәсеңдеген, төмендеген. Ал, тұрмыс пен асқар пікірді қиюластырып қоса білген дәуірлерінде асқарлаған, өрлеген адабияттың шын асқарлауы, сөз жоқ, тұрмыс пен қиялды мүлтіксіз қабыстыратын алдымыздағы ортақшылдық дәуірінде болмақ. Бірақ, үстіміздегі төңкеріс дәуірі–адамзат тарихының теңсіз бір дәуірі. Бұл бір дәуір – тұрмыстың қиялға, шын бақытты өмірге қол созған дәуірі, қиялдың, жаңа өмірдің жерімізге жақындап, көгімізде қалықтап ұшып жүрген дәуірі. Мұндай дәуірде терең де екпінді адабият тууға тиісті, бірақ, мұндай дәуірдің адабиятының екі бетінде екі нұр болмаса, мүмкін емес. Плехановтың «Жаңа таптың тудырған искусствосы реализм мен феодализмның бір түрлі қоспасы болмақ» (*) деген сөзінің мәнісі – осы.

Бұл сөзде шошитын еш нәрсе жоқ. Ұққысы келген адамға бір қолымен қиратып, бір қолымен жаңа дүниені құрып жатқан пролетариаттың өзінің өмірі – феодализм мен реализмнің қоспасы екені ашық қой. Тарихта ең зор, ең қасиетті істер осындай қоспа өтпелі, транзиттік дәуірде істелмек. Терең де, екпінді де әдебиет осындай қоспа [өтпелі транзиттік] дәуірде тұмақ.

(*) Петров, «За двадцать лет». СПб. 1905. Стр. 307.

Марксшілдік һәм адабият не жазуға.

Марксшілдік адабият туралы негізгі пікір мынау: адабиятқа сипат беретін–тұрмыс, тұрмысқа түр беретін–техника мәдениеті. Яғни негізінде адабиятқа бағыт беретін – тұрмыс. Өмірге қадам басқан, елдің яки таптың адабиятының алды өр, үкіммен қадам басқан елдің яки таптың адабиятының алды – көр. Бұл даусыз. Бірақ, адабиятты тұрмыс бағытымен ғана өлшеумен іс тамам болмайды. Адабият көзінен қарағанда, адабият–күр бағытпен жақсы да, жаман да адабият бола алмайды. Байрон– құлап бара жатқан ақсүйектің ақыны, оның ақындығының негізгі бағыты– қирауға бет алған ақсүйектің ақыны. Дін қиссаларын жазған біздің Жүсіпбек қожамыз– діншіл ақын. Бірақ, бұларды табумен ғана бұлардың ақындық мәселесі шешілмейді. Мұны шешу үшін [тұрмыс] бағытты болжаумен бірге, олардың ақындығын тексеру керек.

Плеханов жазады: «Адабият әсерін* тұрмыстағы негізін табумен ғана адабият сынының ісі бітпейді. Тұрмыстағы негізін тапқан соң, оның ақындық жағын тексерсе, сол уақытта адабият шын адабият болмақ»- дейді. (**). Дұрысы бір таптың ақыны екінші тапқа жат болуға, шет болуға тиісті. Бір тап екінші таптың ақынына жау болуға тиісті. Бірақ, бұл шеттік, бұл жаттық, бұл жаулық ақындық жағынан емес, азаматтық жағынан болуға тиісті. Болмаса, мысалы, «Қараңғы түнде тау қалғып, ұйқыға кетер балбырап»,- деп жырлаған ақынға осы ақындығын жат көру, осы ақындығы жағынан жау көру, даусыз, ақымақтық болар еді. Осы себептерден ақсүйек ақын Пушкин пролетариатқа азаматтық жағынан шет болса да, ақындық жағынан шет болмақ емес. Пушкиннің тап төңкерісі дәуірінде де пролетариаттың қолынан түспеуінің мәнісі – осы. Пролетариат Пушкинді азаматтығынан емес, ақындығынан сабақ алайын деп ұстап отыр. Плеханов, Ленин, Медних, Тисьмер, Бухарин, Клара Цеткин, Луначарский, Троцкий сықылды марксшілдік көсемдердің пролетариатқа –

* біздің түсінігімізше «адабиат әсерін» «тұрмыстың адабиатқа әсері» мағынасында оқыған жөн.

(**) Петров «За 20 лет». Предисловие к третьему изданию.

«Азаматтық жағынан қас не дос екенін біліп ал да, ақындық жағынан адабияттың алыптарынан сабақ ал» деп үгіт беруінің мәнісі осы.

Осы үгітті біз де ұғуға міндеттіміз. Біз де бағыт сабағын төңкерістік пролетариаттан алған соң, таза адабият сабағын жиһан адабиятының ергежейлерінен емес, алыптарынан алуға міндеттіміз. Көшерін жел, қонарын сай білетін қаңбақтардан емес, заман толқыны қатты долданып соқса да былқ етпей, елең қылмай тұрып келген асқарларын молда қылуға міндеттіміз.

Жиһан адабиятының алыптарынан адабият сабағын алудың тағы бір себебі – шын ақынның тар тапшылдықтан қанша дегенмен жоғары болуы, белгілі бір тап мүшесі болса да, шын ақынның тапшылдыққа ғана қамалып қалмай, өз табынан мойны озық жалпы таптың, жалпы адамзаттың жанында қайғылы яки қуанышты ішекті шерте білуі. Адам әуелі адам, онан соң бір таптың мүшесі ғой. Осы сөздерден адабиятымызда тап мәселесі келіп шығады. Үстіміздегі төңкеріс тап төңкерісі болғандықтан, адамзатты бақытқа пролетариат табы жеткізеді деп күмәнсіз сенгендігімізден, жердің жүзі екі тапқа бөлінген күнде ғана төңкеріс қанатын кең жаяды деп білгендігімізден, сөз жоқ, адабиятымызда тап сарыны болуы әбден мүмкін. Бұл сарынның күші қанша болар, мұны тұрмыс жуырда-ақ көрсетпек. ⁽¹⁾

Жолдастарымыздың кейбіреуінде «Қазақтың осы күнгі күңгірт тап сезімі өспек емес, ұзамай өшпек», – деген пікір бар. Дәлелдері: – «Тап сезімін тереңдеткендей бай, кедей шаруаларының негізінде айырма жоқ, Айырма болса, сипат жағынан емес, сан жағынан еді. Осы шалажансар айырма осы күні-ақ құрып қалды деуге болады. Бай, кедей шаруасы аз жылдың ішінде-ақ сан жағынан да қарайлас болып қалды деуге болады. Шаруада да айырманың енді қайта тууына жол жоқ. Осы себептерден қазақта тап сезімі тереңдей алмай, өсе алмай осы күнгі күңгірт күйінше өшіп кетуі мүмкін. Бұлай болса, адабиятымызға тап сарыны терең түспеуге мүмкі. Дәлелдері –

(1) Н. Чумак, «К эстетике марксизма». Сб. «К диалектике марксизма». Чита, 1921 г. стр. 26-28.

осылар. Тағы да ескертерлік – бұл бәріміздің емес, кейбір жолдастардың ғана пікірі.

Бірақ, адабият басынан бақайына шейін тап туралы ғана болсын деп ұғу–марксшілдікке де, адабиятқа да қиянат. Марксшіл бір адабият сыншысы Н. Чумак айтады: «Жұмыскердің жайынан басқа нәрсені жазба деп ақынды қамап қоюды марксшілдік білмейді һәм білгісі келмейді». ⁽¹⁾ Төңкеріске қосшы аталған адабиятшылардың біреуі Лев Лунц: «адабият әсері үстіндегі заманды суреттеуі де мүмкін, суреттемеуі де мүмкін, одан жақсы – жамандығы табылмайды» ⁽²⁾,– дейді. Троцкий жазады: «... жаңа адабиятта (социализм адабиятында) трагедия болмақ, әрине, құдайсыз болмақ. Жаңа искусство құдайсыз искусство болмақ қой! Жаңа адабиятта комедия болмақ: жаңа адамға да күлкі керек! Жаңа адабиятта роман өспек. Жаңа адабиятта терең сыршылдық болмақ. Жаңа адам бұрынғы адамнан күшті сүймек қой! Жаңа адабияттың ақыны өмір, өлім туралы жырламақ. Жаңа адам бұлар туралы ойламақ қой» ⁽³⁾ дейді. Қысқасы, адабият домбырасында бір ғана ішек [перне] емес, көп ішек [перне] бар, һәм болуға тиіс. Көп ішектің бәрі басылуға тиіс. Бірақ, барлық ішекті рет-ретімен басқанда бір ғана күй шығатын болсын. Яғни түрлі нәрсені суреттейтін әдебиет негізгі бағытқа қайшы болмасын. Негізгі бағытымыз – төңкеріс арқылы ортақшылдық. Адабият негізінде осы бағытты темір қазық қылумен бірге, өзінің ішкі заңы бар адабият екенін ұғып, дұрыс жүре білсін.

Әсіресе, біздің жас адабиятымыз жан-жаққа, алға, артқа, көп қарауға міндетті. Мұның бір себебі мынау: Еуропа адабиятының артында асқар байлығы бар. Еуропа өмірінің өрі, қыры, күнгей де, теріскей де беттері адабиятына түскен. Еуропа адамының терең сезімдері, асқарлаған қиялдары адабият алыптарының сұлу суреттерінде болып, жалпы адамзаттың алдына тасталған. Қара да, хан да, бай да, кедей де, данышпан

(1) Н. Чумак, «К эстетике марксизма». Сб. «К диалектике марксизма». Чита, 1921 г. стр. 26-28.

(2) Лев Лунц. «Сератоновы братья». Сб. «От символизма до октября». 1924 г. Изд. «Новая Москва».

(3) Лев Троцкий. «Литература и революция».

да, надан да, ер де, әйел де, тәңірге махаббатшылы да, елге махаббатшылы да, әйелге махаббатшылы да, ұлтшылы да, ортақшылы да, бүгіншілі де, ертеңшілі де, меншілі де, сеншілі де – бәрі де жақсы да, жаман да жағынан суреттелген. Қалайда, Еуропа пролетариатының атадан қалған мұра, қазынасы сансыз таңдауына да, талдауына да жетеді, келесі байлығына қоры мол. Ал, біздің адабиятымыздың Еуропа жолына түскеніне 15, 20 жылдан артық емес. Жаңа адабияттың тартылса, «ағзубий» ғана тартылды, биссимилласы әлі басталған жоқ. Өміріміздің күнді һәм күңгірт дәуірлері болғанды, һәм бар [ақиқат]. Қазақтың өзінің жаратылысқа, өмірге, тұрмысқа көзқарасы, өзінше философиясы, терең сезімі болған, һәм бар. Осылардың бірі туралы әлі айтарлық қалам тартылған жоқ. Өзінше елді қоғамдаған хан, қоғамды қорғаған батыр, өзінше қоғамның қорғаны болған би, хан заманында құл, төре заманындағы төлеңгіт, бай заманындағы кедей, жауынгер ерге жолдас болған әйел, өткен һәм ертеңгі күніміз, ертегідей күніміз, кешегі капитализм кеулеп кірген дәуірдегі азғындық, мұң-зар, бүгінгі кедейлік, бүліншілік, сонымен бірге жаңа өмірге бет алу..., қысқасы, қазақтың ертеңгі күні, ертегідей күні, өткен күні, кешегісі, бүгінгісі – бізде айтарлықтай суретке түспеген. Осылар түспей, қазақ адабияты терең адабият болмақ емес. Осылар түспей, адабият – өз адабиятымыз бола алмақ емес.

Сондықтан, жас адабиятымыздың осы күнгі мойнындағы жауапты міндет – қай жаққа болса да бір езу болмау. Бұл – бір бағытты болмау деген сөз емес. Бағыттың аты– бағыт, бір езудің аты – бір езу.

Саясатшыл азаматтың алдында бүгінгі мәселе, бүгінгі тұрмыс мәселесі тұратын болса, ақынның алдында өткен, бүгін, келешек – үшеуі де тұруға тиісті. Осы үшеуі арасына көпір салуға міндетті. Қазақ ақыны мен пролетариат ақынының арасында бірталай айырма бар. Пролетариат ақыны– төңкерісті өзі жасаған, өзі қиратып, өзі құрып жатқан төңкерісті өзінің тарихы тудырған, Еуропа тарихының машина дәуірі тудырған ойы, сезімі завод, фабрикке байланған таптың ақыны. Қазақ ақыны тарихы бөлек, тұрмысы бөлек, рухы бөлек, төңкеріске жолдан қосылған жабайы тұрмыс– елдің ақыны. Сондықтан, екеуінің ақындығының мінезі бір болуы мүмкін емес, бірақ

негізі бір болуы тиісті, һәм бір болмақ. Бұл– бір ортақ негіз, бұл– ортақ бағыт, зор төңкерістің үдеуі, төңкеріс арқылы жер жүзіне бақытты тұрмыс ортақшылдық орнауы. Домбырада бірі қоңыр, бірі ащы үн беретін екі ішек бар. Екі ішек екі түрлі үн шығарып тұрса да, бір-ақ күй тартылмақ.

Оқушы!

«Алқа – осы»

Жасқа жөн сілтейтін, адасқанды жолға салатын, қисыққа тез болатын, «Алқа» – осы. Жөн іздеген жас болсаң, жол іздеген жолаушы болсаң, тез іздеген есті тентек болсаң, мынау «Алқа» – сенікі.

«Алқаға» кір.

Өзіңнің сұмырай мақсатыңа шындықты құрбан қылып, шалып, қайқайып жүре беретін соғылған болмасаң, балапан әдебиетіміздің шын әдебиет болып ержетуін шын тілейтін болсаң, мынау «Алқаға» кір, «Алқа» – сенікі.

«Алқаға» кір.

Шын адабиятшыл, шын ақын болсаң , мынау «Алқа» – сенікі.

«Алқаға» кір. Алқа, уа, Алқа – құшағыңа қойнымыз ашық.

*ҚР ҰҚК-нің Алматы қаласы бойынша
департаментінің мұрағаты.
6 – қ., 011494 – іс. Т – 7. 219 – 236 нн.*

Құжаттар

№ 1

Протокол допроса Джумабаева Магжана

«14» июля 1929 года

Родился я в 1883 году в бывш. Полудинской волости ныне Петропавловского округа. Происхожу из семьи скотовода-бая.

До 1909 года находился в ауле на иждивении своего отца, учился у мулл. В 1910 году учился в Петропавловском медресе; в 11-12 году учился в Уфе; одновременно готовился по русскому языку для поступления в учительскую семинарию.

С 1914 по 1917 г.г. учился в Омске в учительской семинарии. В 1917 г. по окончании учебы работал в Областном казахском комитете в качестве члена в гор. Омске. В 1918 году поступил в учительский институт в г. Омске.

В 1918 г., т.е. во время Колчаковщины заведывал двухгодичными педагогическими курсами в Петропавловском уезде.

В 1920 году назначен редактором казахской газеты «Бостандық туы» в Петропавловске, где был до 23 года. В 23 году в Ташкенте, в то время Наркомпросом Ходжановым я был устроен преподавателем Казинпроса и одновременно членом казахской научной комиссии. В 1924 году в Москве поступил в литературно-художественный институт, для чего имел отношение от казахской научной комиссии, рекомендацию от Тюрякулова Назыра и от профессора Поливанова, который написал записку на имя проф. Фриче. Первый год имел стипендию от Туркестана, но впоследствии как состоящий на службе в Центриздате стипендии был лишен. В Центриздате я работал в качестве литературного сотрудника, устроен был Тюрякуловым.

В 1926 г. я вернулся в Петропавловск, ходатайствовал перед Казнаркомпросом о предоставлении мне работы. Наркомпрос предложил мне работу в лесном техникуме в Боровом, где я не остался, вернулся в Петропавловск, где было предоставлено место преподавателя в Совпартшколе, там я преподавал русский язык казахам и казахский язык – русским.

В Алаш Орде я не работал, но в конце 1917 г. на первом Всеказакском народном съезде в Оренбурге, при организации правительства Алаш-Орды, я в числе 5-ти человек; Омарова, Шонанова и др. Был выбран в Коллегию Просвещения. Алаш-Орду, как политическую партию, я не представлял себе. Существовало лишь Правительство Алаш-Орды.

По своему убеждению я был националистом приблизительно с 11 года до приезда в Москву, т.е. до 24 года. После переезда в Москву, мои убеждения начали меняться. Лично я думаю, что я теперь подошел ближе к коммунистическому мировоззрению, но подтвердить это ничем не могу.

Мое националистическое убеждение выражалось в моем националистическом творчестве, т.е. в стихах и статьях, которые опубликовались в печати и имели широкое распространение. Наиболее выпуклое националистическое стихотворение можно считать поэму «Батыр-Баян». Вообще моя националистическая работа выражалась в литературном творчестве.

Будучи в Москве я начал знакомиться с трудами Плеханова, Луначарского и др., более углубленно заниматься предметами, после чего я написал критическую программную статью о направлении литературы под названием «Алка», с которой ознакомил Сарсембина Жакена, Амангали Сегизбаева. С этими двумя товарищами была разобрана статья, внесены дополнения и изменения, потом мы ее переписали и разослали по почте: в Семипалатинск Ауезову Мухтару, в Ташкент группе Аймаутова Юсупбека, Байтасова и др. Кому еще посылали эту программу, точно не помню. Помню, что мы ее посылали для просмотра и одобрения нашей установки.

От Ауезова я получил письмо, которым он не одобрил и считал эту платформу очень левой.

Программу Алка составлял я лично – Джумабаев. Зимой 1924 года и неоднократно обсуждал, совместно с Сарсембиным и Сегизбаевым, вносил изменения и поправки.

В конце 24 или в начале 25 года в Москве происходил краеведческий съезд. В качестве представителя от Казахстана туда приезжал Байтурсинов Ахмет, там же жил Букейханов Алихан. Эту программу мы согласовали с Байтурсиновым и

Букейхановым Алиханом, которые в общем и целом не одобрили, усмотрев в ней марксистскую установку. Теперь я от многих пунктов этой программы отказываюсь, потому что они политически не выдержаны, больше не имеют националистического содержания.

В отношении художественной критики я был не согласен с Букейхановым и Байтурсыновым, пришел к убеждению, что с ними мне не сговориться, по этому решил выступить со стихотворением «Съезд 90». Под съездом 90 я поразумевал съезд 90 % бедняков и 10 % баев. С этим стихотворением я выступил в печати в целях популяризации платформы Алка. Это стихотворение я адресовал Джулдыбаеву Молдагали, как бывшему председателю Акцентра Наркомпроса. Вместе с тем с этим стихотворением я ему заглавием «Толгау», которая в печати не было опубликована. Здесь в стихах без дат я изложил свой жизненной путь, какие к меня были ошибки и колебания. Почему это стихотворение не было помещена в печати, я не знаю, неоднократно писал об этом Джулдыбаеву, но ответа от него не получал.

Отзывы о своей программе Алка я получил от Ауезова, Байтурсынова и Букейханова, предпринимал меры к опубликованию в печати.

Кружка Алка организовано не было. Когда я встречал с Букейхановым у нас обыкновенно шел разговор только о литературе.

Букейханова советским работникам я считать не могу, так как он определенный националист, когда бы мы с ним не выступали в споры по казахским вопросам, он всегда был узкого националистического мировоззрения. Со мной, как с литератором а не политиком они близко не общались....

/подпись/ Джумабаев

Допросил /подпись/

Архив ДКНБ РК по городу Алматы.

Ф. 6. Д. 011494. Т. 3. лл. 159.

№ 2

Из показаний обвиняемого Жумабаева Магжана

от 6 января 1938 г.

....Организация литературного кружка «Алка» (Ожерелье) была задумана мною, 1925 г. в Москве. Программа «Алка» также была составлена мною ближайшем участии студентов ГИЖ-а Жакена Сарсембина и Амангалия Сегизбаева и с некоторыми коррективами приехавшего в ГИЖ, кажется, в следующем году Ильяса Джансугурова. Программа «Алка» первоначально была прочитана мною Букейханову и Байтурсунову во время краеведческого съезда Республики. Байтурсунов делегатом приехал кажется из Кзыл-Орды. Мне мандат был прислан из Ташкента от Х. Досмухамедова.

Таким образом, составленная мною при участии Сарсембина, Сегизбаева и Джансугурова и одобренная Букейхановым и Байтурсуновым программа «Алка» от руки была размножена и разослана по почте по следующим адресам: Кзыл-Орда – Дулатову и Е. Омарову, Ташкент – Аймаутову и А. Байтурсунову, Петрапавловск – Д. Тлеулина и Семипалатинск Ауезову. От всех этих лиц я получил одобрительный отзыв и обещание вести работу в области литературы в духе программы-платформы «Алка». А программа «Алка» в основном состояла следующим.

Направлять и развивать литературу по националитическому руслу, но подприкрытием марксистского мировоззрения, вернее под прикрытием марксистских фраз. В программе я пытался обосновать это положение, т.е. необходимость националитического этапа в истории литературы каждого народа и при том, необходимость этапа исторического романтизма т.е. восхождение феодально-рыцарского прошлого своего народа. Это положение я пытался обосновать цитатами из некоторых марксистов-литературоведов, как Плеханов, Луначарский, Воронский и др. Это положение-программа «Алка» хотя была составлена моей рукой, но она по существу вытекало из установки, из всей работы всех казахских работников-националистов т.е.

формально внешне признать Советскую власть, прикрываться марксистскими фразами, но по существу проводить свою националистическую работу, тогда главным образом в области идеологии, держа курс на падение Советской власти в непродолжительном времени с одной стороны вследствие перерождения самой Советской системы, а с другой стороны вследствие неминуемой интервенции капиталистических держав.

«Алка» пыталась выполнить часть этой общей установки в области литературы. При том, как я указал в своем первом показании, первоначальной ячейкой организации в лице Букейханова мне и было поручено ведение националистических работ в области печати, что я осуществлял и что к 1925 году вылилось в организацию «Алка».

Из казахских литераторов, державшихся платформы «Алка» наиболее активными работали Аймауытов, Байтасов, Ауезов, Кеменгеров и Джансугуров. Аймауытов и Байтасов напечатали ряд острых статей в Ташкентской печати и устраивали там ряд литературных диспутов. Тоже самое, в той или иной мере, делали и остальные. Меня самого писавшего строго в духе своей «Аллы» продолжали печатать Ташкент-Оренбург, Кызыл-Орда, где печатью руководили Ходжанов и Смагул Садвакасов. Упорно работал в этом направлении Джансугуров, в чем я убедился после приезда в Алма-Ата в 1937 году, тогда прочитал написанных в духе положения «Аллы», в духе исторического романтизма-восхождение феодального былого казахского народа.

*Архив ДКНБ РК по городу Алматы.
Ф. 6. Д. 09797. лл. 54-55.*

Допольнительный допрос Аймаутова Джусупбека

21.05.29 г.

.....В Ташкент я переехал для работ в конце 1924 года. До этого я в Ташкенте не бывал ни разу. Переехал я туда по приглашению казахского инпроса, в качестве преподавателя. Из моих знакомых в г. Ташкенте был один Искаков Даниял, происходящий из Семипалатинска. Других казахских работников я не знал совершенно. Познакомился я там со следующими лицами: Байтасовым Абдуллой, Кеменгеровым, Галымжановым, Досмухамедовым Халелом и др.

Одновременно с работой в Инпросе, я сотрудничал в газете «Ак-Жол». В других газетах и журналах за исключением «Жас – казах» издававшимся в Оренбурге и журнала «Пионер», издававшимся там-же, - не сотрудничал. В заграничную прессу я никогда своих корреспонденций не посылал. Заграничные издания и перепечатовали мои статьи и фельетоны из газеты «Ак – Жол», где мне приходилось написать под псевдонимом «Жик», «Манашбай». Других псевдонимов у меня не было. В большинстве я писал под своей фамилией. Было – ли у газеты «Ак-Жол» заграничные подписчики. Я не знаю, т.к. с этим вопросом сталкиваться не приходилось. Я заведывал литературным отделом и редактировал целиком приложение к газете «Ак - Жол» и журнал «Сауле». О том, что газета «Ак-Жол» является националистической, я осознал позднее в период же своей работы в этой газете. Я считал, что это – либеральный орган, в котором можно писать более свободно. В условиях Туркестана издания газеты с такими политическим направлением, я считал возможным. До периода моей работы в «Ак-Жол», когда там сотрудничал Джумабаев, газета была еще более националистической, в период же моей работы я считал, что более выдержанной.

По вопросу о путях развития казахской литературы, в конце 1924 года я писал в газете «Ак - Жол» статью, под названием «Анкета о литературе».

В этой анкете я ставил вопросы о направлении литературы. Давал ли я ответы на эти вопросы я не помню.

Вообще – же моя точка зрения в вопросе и путях развития Казахской литературы с точкой зрения Джумабаева расходятся.

Это я имел случай высказать Джумабаеву по поводу его литературной платформы «Алка». Об истории платформы мне известно следующее:

В начале 1925 года я ездил из г. Ташкент в Оренбург на каникулы. Там я встретился с неким Сарсембиным, с которым познакомил меня Алдунгаров, бывший в то время редактором журнала «Жас - Казак». Сарсембин в то время был студентом одного из Московских ВУЗ-ов и приехал в Оренбург на каникулы. Он член партии, родом из Кустаная.

Встретился я с ним в редакции «Жас - Казак» и он мне сообщил, что у него есть литературная платформа Московских студентов казахов и что он хочет ее показать мне. Мы договаривались встретиться в квартире Алдунгарова, решив пригласить Сегизбаева и еще некоторых молодых сотрудников газет и журналов. В условленное время в квартире Алдунгарова собрались: Я, Алдунгаров, Сарсембин и др. фамилии коих я забыл. Сарсембин зачитал платформу и сообщил, что он читал ее другим литераторам, в частности и Байтурсунову. Что ему ответили эти литераторы я не помню. После зачитания платформы Сарсембин спросил разделяем ли мы платформу и будут-ли с нашей стороны поправки или изменения. Затем добавил, что если эта платформа будет приемлема, то – мы должны будем создать литературный кружок по аналогии с кружками писателей европейцев. Несколько пунктов платформы я сразу же взял на заметку, т.к. с ними был не согласен. Тут – же, со слов Сарсембина я узнал, что платформу составил в Москве Джумабаев вместе с другими молодыми литераторами, к числу которых Сарсембин причислял и себя. Разговоров о том, что в других городах тоже должны создаваться кружки «Алка» не помню. Были разговоры о том, что бы опубликовать платформу. В какой плоскости

ставился этот вопрос я не помню. Был ли разговор о том, чтобы использовать для этой цели Садвакасова Смагула, - не помню.

Лично я после этого, по тем заметкам, которые я сделал о платформе написал письмо Джумабаеву в котором изложил о том, что с некоторыми пунктами платформы я не согласен.

Каковы эти пункты, точно сейчас не помню. Я получил от Джумабаева ответ, в котором он утверждал правильность тех пунктов с которыми я согласен не был. В результате переписки мы ни к какому общему соглашению не пришли.

Когда я возвратился после каникул в город Ташкент, то там узнал, что платформу Джумабаева получили Байтасов и Кеменгеров.

Для разборки этой платформы также собрались на квартире у Кеменгерова: Я, Байтасов, Кеменгеров, остальных не помню. Решили написать каждый от себя свое мнение Джумабаеву. Подписывал ли я платформу – не помню. Относительно создания кружка не говорили. Джумабаев писал неоднократно, что для обсуждения организационного вопроса нужно лицам, разделяющим платформу съезжаться, причем возможно пункты, куда нужно было съезжаться, указывал на Ташкент, Оренбург или Москву.

Я выступил со статьей «Литературная анкета», но это выступление обсуждением платформы не связано.

Я даже не знаю было – ли это до указанного совещания или после его.

Выступление мое со статьей было обусловлено тем, что литературные ... поднимались в печати и раньше.

В итоге с Джумабаевской платформой создания литературных кружков ничего не получилось.

Больше показать ничего не могу, показание мною прочитано; Записано с моих слов правильно, в чем и подписываюсь.

/подпись/ Аймаутов

Допрасил Пом. Нач: */подпись/*

*Архив ДКНБ РК по городу Алматы.
Ф. 6. Д. 011494. Т. 2. лл. 119-121*

Дополнительный допрос
обвиняемого Аймаутова Жусупбека

24/VI. 29.

В первые с платформой «Алка» я столкнулся в г. Оренбурге в начале 1925 г. при следующих обстоятельствах:

Я работал в редакции «Ак-жол» в гор. Ташкенте и приехал в гор. Оренбург на каникулы. Во время этого приезда, я встретился в редакции с Сарсембиным, который сказал, что у него есть ко мне дело при этой встрече присутствовал Алдунгаров и мы условились встретиться на квартире последнего. Сарсембин добавил, что помимо меня еще будут некоторые лица. Оказывается, что Алдунгаров с платформой был знаком.

На следующий день, или в тот же день, во время обеда, мы встретились в квартире Алдунгарова, где был: Сарсембин, Алдунгаров, кажется был Сегизбаев и другие, фамилии которых я не знаю. Насколько я помню это были Кустанайские студенты.

Сарсембин стал читать платформу «Алка», пояснив, что она составлена Московскими студентами, с участием Джумабаева. Позднее, путем переписки с Джумабаевым я выяснил, что эту платформу писал Джумабаев, она было написана почерком Джумабаева. Участвовал ли в этом деле Букейханов Алихан и Байтурсынов Ахмет, я не знаю и Сарсембиным об этом не говорил. Он сообщил что читал платформу Байтурсынову, но какое мнение высказал по этому поводу Байтурсынов, я не знаю. Кому еще Сарсембин читал платформу он не говорил. После чтения платформы я взял на заметку некоторые пункты ее, с которым не согласен и заявил, что по этим пунктам я сам напишу Джумабаеву. Точно не помню к чему сводились эти пункты.

Присутствовавшие спрашивались у Сарсембина существует ли кружки «Алка» есть ли возможность организации таковых Сарсембин отвечал, что в моей Москве среди русских

писателей существует кружки на подобие «Алка», и возможность организации кружков «Алка» у нас имеется.

В заключение Сарсембин сказал, что кто будет согласен с платформой и участвовать в кружке, пускай сообщит в Москву Джумабаеву, или ему Сарсембину. Вследствие того, что я не был знаком с литературными течениями, я письмом запросил у Джумабаева выслать мне кокую-нибудь книгу по этому вопросу. Он выслал сборник, под названием «От символизма до Октября».

В Оренбурге кружок организован не был. Может был без меня и был создан, но я этого не знал т.к. вскоре уехал в Ташкент. Там я снова столкнулся с этой платформой которая была прислана из Москвы на имя Кеменгерова Кошмухамеда. Однажды я, Кеменгеров и Байтасов и еще два неизвестных мне студента в квартире Кеменгерова обсуждали снова эту платформу. в плоскости возможности организации кружка «Алка» и выявления лиц согласных и несогласных в ней.

В принципе, с организацией кружка все присутствовавшие согласились, кто с какими пунктами не согласен должен написать в Москву Джумабаеву.

Все согласились, что участники кружка должны будут писать произведения на основе платформы, созвать съезд и обсудить литературные вопросы т.к. казахская литература очень молод и бедна.

В общем, задача кружка должна была сводиться к тому, чтобы содействовать развитию казахской литературы.

Инициатива по созыву съезда по мнению указанных лиц, должны были взять на себя москвичи-казахские студенты. Позднее я лично вел переписку с Джумабаевым о том, где удобнее созвать съезд: В Москве, или Оренбурге, или Ташкенте. Большинство мнений сводились к тому чтобы съехаться в гор. Ташкент.

Кружок «Алка», после указанного совещания организован не был, т.к. потом мы ни разу не собирались. Платформа была возвращена Джумабаеву. Подписал-ли я платформу не помню, а также не знаю подписали-ли другие.

Были-ли выпущены какие произведения на основе этой платформы, я не знаю. Я лично на основе платформы, ни одного произведения не писал.

Снимали-ли две сего копию платформы Кеменгеров и Байтасов, я не знаю. Что-же касается меня, то у меня никакой копии не осталось. Позднее я продолжал переписку по поводу платформы с Джумабаевым и Ауезовым.

Статью о художественной литературе за подписью «Екеу» (два) я читал. Авторами ее является Байтасов Абдулла и Исхаков, был-ли последний на совещании, где обсуждалась платформа, точно не помню, кажется был.

Статью я читал в рукописи, ее мне привозил в г. Чимкент один из студентов какого-то Ташкентского ВУЗ-а или Рабфака. До этого я был в Ташкенте, виделся с А. Байтасовым и Исхаковым, которое мы говорили, что в связи с появившимися в газете «Энбекши казак» о худож. литературе, они также думают написать статью.

Я просил их показать ее мне, когда она будет готова, может быть я внесу какие-нибудь поправки.

В результате этой договоренности статья и была прислана мне с упомянутым студентом в г. Ташкент. Это был зимой в первой половине 1927 года.

Кажется, я внес в статью какие поправки и возвратил сказав мнение, что ее можно пустить в печать.

Когда появилась статья в газете, то я слышал о ней личный отзыв Ауезова, который одобрял ее целиком.

Была-ли после моей коррекции статья у когонибудь из казахских литературов, в частности у Дулатова, я точно не знаю.

Целиком стоящей на платформе «Алка» эту статью я не считаю.

/подпись/ Аймаутов

Допросил Помнач. ВО /подпись/ (Саенко)

*Архив ДКНБ РК по городу Алматы.
Ф. 6. Д. 011494. Т. 3. лл. 7-9.*

Протокол допроса

1929, Мая 5 дня. Я, помощник Начальника Востотдела III ОГПУ по КССР Саенко допросил нижепоименованного гражданина в качестве свидетеля, который показал:

Я, Сарсембин Жакен, 30 лет казах, уроженец Акмолинского округа, Атбасарского района, аул № 1, женат, член ВКП (б), по профессии газетный работник, имею низшее образование, недвижимого имущества не имею, не судился.

Показываю:

В сентябре еще 1924 года я приехал в город Москву, по командировке Краевого комитета ВКП (б) и поступил учиться в Государственный институт журналистики. Окончить институт мне не удалось, так как я был отозван Краевым отделом печати в январе еще 1925 года. В декабре еще 1924 года, Комитетом студенчества при Казпредставительстве в Москве и Землячеством при КУТВ имени Сталина было создано казахское студенчество города Москвы. Для разбора произведений Магжана Джумабаева (Сборника «Улендер»). Это собрание было создано под руководством Тогжанова, Байдильдина и Тюрякулова. Между прочим, сами организаторы этого собрания Тогжанов и Байдильдин, на собрание не явились. Был только один Тюрякулов.

Я выступал на этом собрании в защиту произведений Джумабаева. Большинство студенчества высказалось за то, чтобы произведение Магжана не издавать, в крайнем случае, они должны пройти жесткую цензуру. Вынесенная резолюция сводила к тому, чтобы использовать Джумабаева как художника и мастера слова.

Меня заинтересовал вопрос, почему не явились на собрание Тогжанов и Байдильдин. Когда я встретился с Джумабаевым, то он мне сказал, что они перед собранием были у него ли некоторые произведения его и рукописи. Со слов Магжана я понял, что Тогжанов не против Джумабаеву, хотя также считал, что либо из его произведений не пригодно.

Встреча моя с Джумабаевым после собрания вечером. Жил он в доме бывшего Представительства Туркеспублики. В беседе на тему о собрании по поводу его произведений, Магжан меня, как выступавшего в его защиту расспрашивал подробно о собрании, за тем рассказал, что у него имеется написанное произведение, которое необходимо будет распространить.

Произведение это оказалось литературной платформой, под названием «Табалдырык», причем здесь же Джумабаев показал несколько писем от писателей-националистов, в которых они считали необходимым написать платформу, на основе которой создавать кружок под названием «Алка» (коллектив). ... писем. Я помню письма: Ауэзова – из Ленинграда, от Аймауытова – из Оренбурга, Досмухамедова Х., Кеменгерова Кошке, Байтасова Абдуллы и Испулова Миргазы – из Ташкента. Ташкентская группа, между прочим, написала общих два письма, под которыми были подписи упомянутых лиц; Кроме того были такие же письма из Семипалатинска от Сабита Донентаева, Халиля Габбасова и Маннана Турганбаева. Из Оренбурга еще были письма от Алдунгарова и Ельдоса Омарова. Из Петропавловска – было письмо за подписью Тлеулина Жумагалия и Кемелева Галия. Из Акмолинска было одно письмо от Хайретдина Болганбаева.

После прочтения писем, Джумабаев стал говорить, что платформу необходимо разложить с тем, чтобы разослать группам перечисленных выше лиц. С этой целью он предложил мне переписывать эту платформу. Я согласился и мы трое, точнее я, Джумабаев и его брат в течение недели переписывали. Заготовив 17 экземпляров, один из коих я взял себе.

В это время созывался Всесоюзный учительский съезд, на который от Казахстана должен был приехать Ахмет

Байтурсынов, от которого была получена телеграмма Джумабаевым, чтобы он встретил его на вокзале. Джумабаев сказал мне ... платформу необходимо прочесть Букейханову Алихану и Байтурсынову. С первым из них, на ... изготовлении платформы. Магжан ... говорил еще раньше, но не читал еще ее.

Встречали мы Байтурсынова втроем: Я, Джумабаев и Букейханов Алихан, за которым мы заехали, чтобы вместе ехать на вокзал.

Ночью, в общежитии Делегатов учителей съезда, в комнате Байтурсынова читали платформу. По прочтении Джумабаев информировал о том, что у него есть согласие ряда писателей-националистов на то чтобы создать кружки «Алка».

Букейханов заявил, что все дело ... не в том, чтобы написать платформу, а в том, чтобы осуществить ее организацию и если это сделать удастся, то это хорошо. Затем Букейханов, обращаясь Магжану, относительно меня спросил, надежен ли я, так как он знает, что я коммунист. Джумабаев, а также Байтурсынов заявили, что знают меня и надеются на меня как на своего человека. Тогда Букейханов заявил, что по его мнению ... именно меня – Сарсембина, использовать как коммуниста, для распространения платформы и напечатания от моего имени в одном из журналов Казахстана, или в газете.

Байтурсынов также дал ответ по вопросу о художественной литературе, которой не должно быть пролетарского влияния. Образно Байтурсынов приводил также сравнения: Европейцы хотят надеть на казаха европейский костюм в то время, как по формам хозяйства, казахи свойственно носят чапан. Хотят казахского верблюда пристегнуть к ... поезду и тащить его с собой. Это казахам не свойственно и для них не приемлемо. Казахская литература должна быть националистической, что можно сделать именно при помощи создания таких кружков. Поэтому он приветствует идею создания кружков, но предупреждает, что они, в своей работе должны избегать смешивать литературу и политику.

Дня через три мы с Джумабаевым разослали 16 экземпляров Платформе группы писателей-националистов, изъявивших согласие принять участие в создании кружков

«Алка». Посылали мы это по почте. Были посланы платформы на имя следующих лиц: в Ташкент – на имя Байтасова, в Оренбург – на имя Аймауытова, в Петропавловск – на имя Тлеулина, в Семипалатинск – на имя Донентаева и в Ленинград – на имя Ауэзова.

Некоторым группам послано было по несколько экземпляров.

Это было в январе еще 1925 года.

19 января 1925 года я был отозван в город Оренбург по распоряжению Крайкома Партии. Перед отъездом из г. Москвы Джумабаев и Букейханов поручили мне связаться с Оренбургской и Ташкентской группами «Алка». ... их организационного оформления ... оформление мыслилось так, что каждый ... принять участие в кружке «Алка», должны подписать платформу, которая должна отослана М.Джумабаеву, в Москву.

Кроме того мне было поручено подробно ... через Садвакасова вопрос о визи... опубликования платформы в одном из журналов, или в газете.

Это поручение мне давалось на квартире Джумабаева.

По приезде в Оренбург я был на ... на работу в редакции газеты «Энбекши-казак», редактором которой был Садвакасов.

Вскоре я показал платформу Садвакасову, который одобрил ее, обещал выпустить в газете «Энбекши-казак». Предложил мне сначала показать ее Ельдосу Омарову, Ходжанову, Байтурсынову и Аймауытову и запросить их мнение о ней. Здесь же я сообщил Садвакасову, что организуются кружки «Алка» на основе этой платформы. Он относился к этому сочувственно.

Когда я показал платформу Ходжанову, бывшему Вторым Секретарем Крайкома ВКП(б), то он сказал что уже знает о ней, так как видел его в Москве, он вместе с Садвакасовым встречались с Джумабаевым, который рассказал им о платформе, просил дать свою рецензию...напечатать ее в печати. Ходжанов, якобы, обещали оказать содействие. Ходжанов взял платформу и когда я пришел к нему за ней, то он уже написал на обороте одного из листов свое мнение о платформе, которое сводилось к тому, что каждый писатель

должен политическую и экономическую обстановку того времени и места, где они жили.

После этого я показал платформу Ельдосу Омарову, который коротко также написал на ней, что платформа очень хорошая, но язык немного трудноват. Аймауытов целиком одобрил платформу и предложил собрать всех лиц, которые о ней знают. Таким образом, мы собрали с ним в квартире Алдунгарова следующих лиц: Аймауытова, Омарова Ельдоса, Сегизбаева Амангалия, Алдунгарова, Байтурсынова, участвовал также и я.

Совещание решило, что платформу обязательно нужно опубликовать и если будут ответы на нее со стороны коммунистов, то защиту ее поручили Алдунгарову, как члену партии и Аймауытову. Алдунгаров взял на себя, кроме того обязанность договориться с Садвакасовым о том, чтобы поместить платформу не в газете, а в журнале «Кзыл-Казахстан».

Что же касается кружка, то считать его уже оформившимся, но название «Алка» в предполагавшейся к опубликованию платформе, фигурировать не должно было: главной задачей должно опубликовать платформу «Табалдырык». ... который создать прочное мнение тех групп, которые подписали эту платформу. И только тогда, когда идеи «Табалдырык» будут прочно усвоены и восприняты писательскими кругами, можно будет опубликовать и организационную программу под названием «Алка».

Между прочим, я забыл упомянуть, когда решался вопрос о платформе в Москве, в кругу Байтурсынова, Букейханова, Джумабаева и меня, предполагать, что целиком опубликовать будет очень трудно. Поэтому, в связи невозможности опубликования платформы целиком, нужно популяризовать основные ее мысли частями в виде отдельных статей. Вскоре, после описанного в Оренбурге, я был командирован по распространению подписки на казахские издания в Южный Казахстан. Будучи в командировке, в г. Туркестане, я получил из Москвы от М. Джумабаева (которому я сообщил о своем ... и просил писать) два письма, Джумабаев сообщал, что он ... Ташкента обратно один экземпляр платформы, подписанный

девятью лицами, а именно: Испуловым, Досмухамедовым Халилом, Байтасовым Абдуллой, Баймахановым Шакиром, Байгаскиным Исимом, Кеменгеровым Кошмухамедом, Омаровым Ашимом, Досмухамедовым Джиганшой и Токтабаевым Исой. Кроме Ташкентской группы ему прислали письменные одобрения платформы из Петропавловска Глеулин Джумагалий, Кемелев Галий и из Акмолинска Хайретдин Болганбаев.

Из Семипалатинска получил одно письмо за подписями Сабита Донентаева, Маннана Турганбаева, Халиля Габбасова и еще кого-то, точно не помню. Из Ленинграда такое же письмо Джумабаев получил от Мухтара Ауэзова. Джумабаев писал, чтобы я съездил в г. Ташкент, связался с лицами, подписавшими платформу и совместно с ними продвинул вопрос об опубликовании ее в газете «Ак-жол».

Когда я приехал в Ташкент, там был уже Аймауытов, который временно работал в редакции газеты «Ак-жол».

Однажды, по моей инициативе вся вышеупомянутая Ташкентская группа за исключением Досмухамедова Халила и Испулова, собралась на квартире Кеменгерова Кошмухамеда. Присутствовал и Аймауытов. Много не говорили, так как вопрос о платформе был совершенно ясен. Ее нужно было только напечатать, так как она была уже одобрена и когда я начал говорить о создании кружка, мне сказали, что он уже имеется и весь вопрос сводится к тому, как с ней выступить в печати. После обмена мнений, решили написать немедленно пробную статью о художественной литературе. Поручили, это сделать Аймауытову. Вскоре я уехал из Ташкента, договорившись, что на статью Аймауытова я должен написать ответ.

Будучи в Аулие-Ата в июне еще Я в одном из №№ «Ак-жол» прочел статью Аймауытова под заголовком «Наша анкета» в которой автор осторожно ставил на обсуждение идеи платформы «Табалдырык».

На эту статью, много был написан ответ. Позднее, при свидании Аймауытов в шутку высказывал недовольство на мою статью, но в общем был доволен. Пробыв в командировке ... и возвратившись в Оренбург я даже был командирован (август

19...) постоянной работы в Кара-... С какого времени и порвал всю связь с участниками кружков.

Письма Джумабаева «Платформу» у меня украли вместе с вещами в Кустанае 1927 году. Больше показать ничего не могу. Показание мною прочитано, записано с моих слов правильно, в чем и подписываюсь.

/подпись/ Сарсембин
Допросил: */подпись/ Саенко.*

Архив ДКНБ РК по городу
Алматы.
Ф. 6. Д. 011494. Т. 3. лл. 94-97.

№ 6

Протокол допроса Байдильдина Абдрахман

1 июля 1929 г. Алма-Ата

.... О существовании «Алки» я знал хорошо. В первые услышал, приблизительно, в 1925 году, Организован «Алка» по инициативе националиста Джумабаева в Москве.

....В 1923 году в Москве я работал в Центроиздате Секретарем казахской секции. Там в это время были: Букейханов и Джумабаев, а Центроиздатом заведывал Тюрюгулов. Сначала они меня воспринимали, как националиста, но я вскоре начал менять свою позицию, выступая с оценкой отдельных брошюр, против Джумабаева и Букейханова. В 1924 году дело доходило до резкостей, в это время в Центриздате работали старые авторы, а я предлагал вербовать из новых. Им писали националисты Тлеулин, Байтурсынов, Кемелов, Басыгарин, Конратбаев. Про меня сложилось мнение, что я бездельник и Тюрюгулов выгнал меня из казахской секции.

Букейханов и Джумабаев были связаны с казахскими учащимися ВУЗ-ов в Москве. Джумабаев даже втерся в Коммунистический Университет трудящихся Востока, где читал лекции. Основные установки из программы «Алка» он зачитал в качестве лекции учащимся КУТВ ...

...Третье работая в казсекций Востиздата (теперь Центриздат), мне невольно приходилось сталкиваться (он прибыл в это учреждения по вызову ЦК ВКП(б) и работал вместе с Букейхановым и Джумабаевым: они оба были штатными сотрудниками секции.

Зав. Издательством Тюрягулов Н. относился к ним, особенно к Букейханову, с большим уважением и доверием. Зная это они вели линию на использование Изд.-во свои А.О. целях. Они ставили ставку на издание, главным образом, т.н. народной литературы (старые былины, поэмы, сказки, пословицы и т.п.) и произведения исключительно А.О. интеллигенции. Этим они видимо, хотели идеологически повлиять на казахскую массу, и воспитывал их в националистическом духе.

Надо полагать, что мнения Букейханова и Жумабаева в те годы линией не только названных лиц, а линией всей А.О. интеллигенции. Это линия тогда проводилась повсюду. Она особенно торжествовала в Туркестане. Там, начиная с Правительственной газеты «Ак жол» и кончая отдельными мелкими брошюрками были монополизированы на 80-90 % А.О. интеллигенцией. В этом им помогали тогдашние руководящие работники Туркестана во главе с Ходжановым С. и Токтыбаевым И. Последние являлись редакторами многих периодических («Ак жол», «Шолпан», -журнал, «Шаншар» - журнал и др.) и отчасти не периодических изданий, а над их ширмой проводилась горячая А.О. пропаганда. Например газета «Ак-Жол» постепенно и последовательно проповедывала А.О. идеологию и разжигал межнац. антоганизм. «Шолпан» и «Шалкар» занималось тем же. То же самое частично проводилась и в журнале «Тан» (Заря), издававшиеся в те годы в Семипалатинске под редакцией тов. Токжигитова.

Этого мало. В Туркестане А.О. была представлено возможность издавать свои т.н. научные литературные

собрания под редакций и ближайшей участи Х. Досмухамеда, М. Жумабаева, М. Ауезова, К. Кеменгерова, А. Байтасова, Д. Исхакова, Ж. Аймаутова и др. Тогда выходили журнал «Сана» (Сознание), «Терме» - сборник и др. И эти издания, прикрываясь под видом невинных вещей науки, искусства и т.п. тоже самое проповедывали нац-изм.

Наряду с этим издавались всевозможные образцы народный литературы. Издавалось серия сборников Дивеева о батырах (7-8 книг). Выходили ряд сборников под редакцией Досмухамедовых: «Исатай – Махамбет» (описание восстания казахов Малой орды против царизма), «Аламан» (сборник стихов о подвигах ханов, батырей и т.п. высокопоставленных лиц). «Мурат Акын», «Кобланды», «Абай» и т.д. Несколько книг вышли под редакцией Букейханова и Байтурсынова: «23 жоктау» (23 проц. песни), «Козы корпеш» (история любви) др. Под их редакцией выходили несколько книг и в Востиздате: «Ер-Саин», «Ер-Таргын», «Кенесары-Наурызбай» и др.

Они пользовались и переводной литературой. Зачастую извращали содержание и смысл переводимого материала. Напр; Букейханов и Дулатов при перевода некоторых статей Ленина и тов. Сталина допускали ряд извращений, предложения вроде «воспитывать в коммунистическом духе» переводились так: «обвинять коммунистической в...». Из художественной литературы А.О. переводили, главным образом также, какие непосредственно служили их цели, т.е. Заражению каз. массы ядом национализма. Например, Жумабаев М., переводил рассказы В.Иванова из жизни партизанских отрядов, которые (отряды) совершают всевозможные незаконные действия по обвинению казахского населения (издевательства, изнасилования женщин, грабеж, убийства и т.п.). То же самое делали и др. А.О. (Аймаутов, Букейханов и др.).

В учебной литературе проводилось тоже самое.

Подитоживая изложенное, мною сказать, за это работа А.О была, в основном, направлена против распространение влияния партии среди казахского населения, она была рассчитана на усиление националистического настроения масс. А всей этой преступной работе, как я говорил выше, помогали

(другой вопрос сознательно или несознательно) отдельные ответственные члены партии. В частности эту помощь оказывали им (А.О.) Ходжанов С., Тюрякулов Н., Садуакасов С., Токжигитов Ш., Токтабаев И. и др. Например Ходжанов С. под своей редакцией и предисловием даже выпустил сборник стихотворений Жумабаева М., где имелись целый ряд контр-революционных стихотворений (см. стихи «Пророк», «Ворон», «Госкую», «Израненной душе», «Товарищи» и др.) В своем предисловии он – Ходжанов оправдывал выпуск такой контр-революционной книги тем, что она полезно не с точки зрения марксизма, а с точки зрения улучшения национальной культуры и нац. языка. (см. Туркиздат, 1923 г.).

В работе Казсекции Центроиздат в большинстве случаев передовали выше изложенные А.О. тенденции... Мне приходилось часто возражать против них, но почти всегда Тюрякулов Н. поддерживал предложения Букейханова. Он (Тюрякулов) был сам любителем т.н. народный литературы. Некоторых снабжал он восхваляющими предисловиями от себя (см. его предисловие к книге «Кенесары-Наурызбай» историческая былина и «Мин бир макал» - Тысяча одна поговорка. Востиздат, 1923 г.). Он был любителем и всевозможных сказок. Например, весьма двухсмысленная и почти контр- революционная сказка из иранской жизни «Жусуп хан» - М. Жумабаева была написана по его заданию. Эта сказка вышла из печати в 1926-27 гг. Я возражал против выпуска этой сказки.

По моей инициативе и при поддержке тов. Тогжанова был поставлен в отделе печати ЦК ВКП(б) о запрете вышеуказанного сборника стихотворений Жумабаева с предисловием Ходжанова. По этому вопросу отделом печати ЦК ВКП(б) была создана комиссия в составе т. Тогжанова, меня, Рыскулова, Тюрякулова и Жандосова. Последние двое в работе комиссии не принимали участия: видимо, дисциплина Ходжановской группы им не позволила этого. Но мы втроем, ознакомившись с содержанием сборника, выработали резолюцию, указывающую на контр-революционность ряда стихотворений в нем; на недопустимость распространения его

и на неправильность позиции Ходжанова в этом деле. Впоследствии это резолюция была, кажется, утверждена. Оргбюро ЦК ВКП(б) и объялен Ходжанову выговор.

Архив ДКНБ РК по городу

Алматы.

Ф. 6. Д. 011494. Т. 3. лл. 73, 75-76 об., 238-240.

№ 7

Протокол допроса Байтасова Абдуллы.

«14» июля 1929 года.

Имею от роду 28 лет, происхожу из бывш. Ортакшлярской волости, ныне Петропавловского Округа, беспартийный, в одно время сочувствовал националистическому движению. Женат, имею ребенка, происхожу из бедной скотоводческой семьи. В самое последнее время в Ташкенте был преподавателем казахского языка и географии в Рабфаке, Лесном техникуме, Педагогическом техникуме и на курсах по переподготовке учителей. В 1924 году поступил на факультет общественных наук, со второго курса перевелся на востфак. В начале имел стипендию, а затем, когда стал преподавателем, стипендии меня лишили. В Ташкенте живу с осени 23 года по настоящее время, за исключением одной зимы 1928г. проведенной мною в Кзыл-Орде, где работал в редакции газеты «Аул-Тли» в качестве корректора, одновременно сотрудничал в газете «Энбекши-казак» в отделе науки и техники.

В 21-23г.г. был в Петропавловске преподавателем и вольнослушателем педтехникума, потом служил в редакции газеты «Бостандык-Туы» в качестве секретаря. Сначала редактором этой газеты был Джумабаев Магжан, а последнее время Джумабеков.

По приезду в Ташкент в 23 г. Магжана Джумабаева там не застал, он находился в Москве. Я писал ему письма, просил его

указаний по вопросам литературы, мне хотелось пополнить свое образование, а он этими вопросами очень много занимался. Он мне рекомендовал некоторые литературные произведения.

В 1925 году Джумабаев Магжан неоднократно присылал мне письма о том, что направление казахской литературы должно ближе стоять к аульному населению. Письма Джумабаева о направлении литературы видел у Ауэзова Мухтара, когда он работал в редакции в Ташкенте. В 1925 году Джумабаевым Магжаном из Москвы на мое имя для группы: Аймаутова, Каменгерова, Исхакова была прислана для обсуждения и дачи своего заключения письма о направлении казахской литературы под названием «Алка». Письмо была прислана по почте, но рассчитана она как для коммунистов, так и для беспартийных. Все перечисленные выше лица письму эту прочитали, она переходила из рук в руки, организованных же собраниях по обсуждению её, кажется, не было. Где находится этот документ мне неизвестно. Размножался ли он не знаю. В Кызыл-Орде такая же программа нашлась у Амангалия Сегизбаева, у Сарсембина и у Ауэзова Мухтара, слышал, что о нем знали многие казахские коммунисты.

Переписывался я также с Аймаутовым Джусупбеком о методологии, начале в Ташкенте я жил под одной крышей с Байгаскиным, Байдильдиным и Даулетбековым, и Кеменгеровым.

В Петропавловск ездил 2 раза. Беремжанова видел в Кызыл-Орде в Наркомпросе после возвращения его из Берлина.

О программе «Алка» знал Байдильдин Абрахман, вероятно, знали Садвакасов, Муканов и другие.

Показание мною прочитано, записано с моих слов правильно.

Подпись (Байтасов)

Допросил: Начальник Востотдела /подпись/

Моя оговорка след.

1) Я не говорил «программа», а «Письмо» фамилию Смагулова я не указывал; 2) из уст Жумабаева я слышал, что письмо имеется у Амангалия Сегизбаева и у Сарсембина, а у Ауезова Мухтара я видел сам. Кроме этих замечаний протокол стенограммы подписую

Фам. Кеменгерова верить /подпись/

Подпись (Байтасов)

*Архив ДКНБ РК по городу Алматы.
Ф. 6. Д. 011494. Т. 3. лл. 160 -161.*

№ 8

Из протокола допроса обвиняемого Ауезова Мухтара, произведенного 20 сентября 1931 г.

....Алку и письмо от Джумабаева я получил в Семипалатинске одновременно и в одном конверте и ни какой предварительной переписки с ним не вел. Никакой нелегальщины в этой Алке я не видел и, по получении платформы, показал ее Зав. АПО Семипалатинского Губкома ВЛКСМ и редактору газеты «Казакстан» Токжигитову. Алка осталось у меня, а Джумабаеву я написал, что принципиально Алку я одобряю и считаю нужным созывать совещание казахских литераторов для оформления официальной организации литераторов. Этим все и кончилось.

Подробностей своего письма я не помню, но принципиально платформу одобрил и не знаю, почему Джумабаев говорит, что я не одобрил и считал ее «очень левой».

Националистическое настроение у меня были и они отражались в моих произведениях, я этого не скрываю, но эти мои настроения ни в какой степени не были программной. После, когда в университете мне пришлось ознакомиться с трудом марксистов-теоретиков и искусствоведов, у меня

начали меняться социальное мировоззрение вообще. В газете «Ак жол» мое участие выразилось только в одном помещении в ней рассказа «Кім кінәлі?», а главным образом работал в журнале «Чолпан».

/подпись/ Ауезов

Допросил */подпись/ (Попов).*

*Архив ДКНБ РК по городу
Алматы.
Ф. 6. Д. 06610. Т.4. лл. 829-831.*

ТҮСІНІКТЕР

Абай Құнанбайұлы (Ибраһим) (1845 ж. 12шілде - 1904 ж. 23 маусым) – қазақтың ұлы ақыны, философы, ағартушысы, ойшылы. Абай шамамен 170 өлең, 56 аударма, «Қара сөздер», поэмалар жазған және қазіргі күндегі шырқалып жүрген ондаған әйгілі әндердің авторы.

Аймауытов Жүсіпбек (1895-1931). Алаш қозғалысының қайраткері. Ағартушы, жазушы. КСРО ХКК-сі жанындағы БМСБ Коллегиясының шешімімен 1930 жылдың 4 сәуірде ату жазасына кесіліп, үкім 1931ж. іске асырылған. ҚазКСР Жоғарғы соты коллегиясының қаулысымен 1988 жылы 4 қарашада ақталған.

Ақан сері (1843-1913 ж.ж.) қазақ ақыны. Ол өз шығармаларында патшалық Ресейдің зорлық-зомбылықтарына деген наразылық ойын білдіреді. Ақанның өлеңдері терең лирикаға, сазды әуенге құрылған. Оның әндері («Сырымбет», «Қара торғай», «Ақ көйлек» т.б.) қазақ халқы мәдениетінің ажырамас бөлігі.

Аксельрод Любовь Исааковна (1868 – 5 ақпан 1946), әдеби псевдонимі **Ортодокс**, философ және әдебиеттанушы. Өзінің «Философиялық очерктерінде» (1906) Аксельрод Бердяев, Струве және т.б. сияқты неоканттықтарды сынға алады.

Алдоңзаров Ерғали Баймұхамедұлы (1901-1930). Қазақстан Жастар Одағын, қазақ баспасөзін ұйымдастырушылардың бірі өлкелік «Жас қазақ», «Лениншіл жас», «Пионер» газет-журналдарының редакторы, «Еңбекші қазақ» газетінің жауапты хатшысы қызметтерін атқарған. Аталмыш басылымдарда алаш зиялыларының материалдарын жариялап отырған.

Әуезов Мұхтар (1897-1961) – ұлы жазушы, алаш қозғалысына қатынасқан. ҚазКСР ҒА академигі, абайтану

ғылымының негізін салушы, қазақ және қырғыз әдебиеті мен фольклоры тарихы бойынша іргелі зерттеулердің авторы.

Байдильдин Әбдрахман (1898- 1930). Әдебиетші. КСРО ХКК-сі жанындағы БМСБ Коллегиясының шешімімен 1930 жылы 4 сәуірде ату жазасына кесілген. ҚазКСР прокуратурасының шешімімен 1990 жылы 30 қарашада ақталған.

Байгаскин Есім (1893–1937). Алаш қозғалысының қайраткері. 1919-23 жж. кеңестердің Ақмола обл. атқару к-тінде қызмет етті. 1925-37 жж. «Ақжол» газетінде редактор болды. 1937 ж. саяси қуғын-сүргінге ұшырап, қазан айында тұтқындалып, кешікпей атылған.

Байтасов Абдолла (1901-1941). Қоғам қайраткері, журналист, оқытушы, аудармашы. Омбыдағы мұғалімдер семинариясын бітірген. 1930 жылдың 4 сәуірде БМСБ үштігінің ерекше қаулысымен Архангелскіге он жылға жер аударылды. 1939 жылы рақымшылық бойынша босатылған.

Байтұрсынов Ахмет (1873-1937). Алаш қозғалысы басшыларының бірі. Ағартушы, ғалым, ақын, публицист. 1929 жылдың маусым айында тұтқындалып, ату жазасына кесілген. Бұл үкім 1931 жылы 10 жылға Архангелск облысына жер аударуға ауыстырылған. 1934 жылы Алматыға қайта оралды. 1937 жылы қазан айында қайта тұтқындалып, ПХК Алматы облысы Басқармасы үштігінің шешімімен 1937 жылы 25 қарашада ату жазасына кесілген. ҚазКСР Жоғарғы сотының қылмыстық істер бойынша Сот коллегиясы шешімімен 1988 жылы 4 қарашада ақталған.

Басығарин Жүсіпбек (1852-1921). Этнограф. Алаш қозғалысын қолдаушылардың бірі. Перовскі қалалық училищесін, Ташкенттегі семинарияны бітірген. Ел арасындағы аңыз-әңгімелерді, тарихи, архитектуралық ескерткіштерді зерттеп, оларға қатысты аңыздарды жинаған. «Қазақ» газетінің алғашқы саны шыққанда басылымды құттықтап, оған өлең

арнаған. «Шора Ислами» қоғамының мүшесі. 1917 ж. Орынборда өткен Қазақ съезіне қатысқан.

Болғанбаев Қайретдин (1894–1937). Алаш қозғалысының қайраткері. Журналист, мұғалім, қоғам қайраткері. 1928 ж. желтоқсанда Қазақстандағы өкілдігі тұтқындап, БМСБ Алқасы үштігінің 1930 ж. 4 сәуірдегі қаулысымен 6 жылға бас бостандығынан айырылған. 1937 ж. екінші рет тұтқындалып, ПХК Басқармасы үштігінің шешімімен ату жазасына кесілген. ҚазКСР Жоғарғы Соты Алқасының 1988 ж. 4 қарашадағы шешімімен ақталған.

Бөкейханов Әлихан (1866-1937). Алаш қозғалысының лидері. Ғалым, экономист, тарихшы, журналист, аудармашы. Мемлекет қайраткері. КСРО Жоғарғы соты Әскери коллегиясының шешімімен 1937 жылы 27 қазанда ату жазасына кесілген. КСРО Жоғарғы соты шешімімен 1989 жылы 16 мамырда ақталған.

Бірімжанов Ахмет (1871–1927). Алаш қозғалысының қайраткері. 1899 ж. Орынбор және Троицк округтік, Ақтөбе, Торғай, Бұзылық уездік соттарында қызмет атқарған. 1920-1926 жж. Қазақ АКСР-і Ішкі істер, Заң халкоматында, Жоғарғы Сот төралқасында кеңесші, алқа мүшесі, бөлім меңгерушісі.

Бұқар жырау Ондасұлы (1842 – 1911 жж.). Қазақ халқының атақты ақыны, жыршысы. Он алты жасынан суырып салма ақын ретінде кеңінен танылған. Өзінің бостандыққа арналып жазылған өлеңдері үшін талай рет Үргеніш пен Қазалының зынданына түскен. Орта Азияны аралап Хиуа, Бұқар сияқты ірі қалаларға сапар шеккен. Бұқар жырау жырларының басты тақырыбы – қарапайым халық өмірі, болмыс-бітіміндегі қиындықтар. Толғау – ақын шығармашылығының ең негізгі жанры. Бұқардың қаламынан өсиет, нақылға құрылған бірнеше дастан да туған («Мақпал-Сегіз», «Айнатарак», «Әминә қыз», «Ахмет-Жүсіп»). Дәуір сипаты, адамның рухани әлемі, діни ой-толғаулар – Бұқар шығармаларының («Тілек», «Азамат», «25», «Жырау», «Жыр

күмбезі») басты тақырыбы. 1985 жылы Бұқар шығармаларының «Өлеңдер мен дастандар» деген жинағы жарық көрді. Бұқар жыраудың әдеби мұрасы А.Диваев, А.Марғұлан, С.Сейфуллин сияқты ғалымдардың арқасында жиналып, жарық көрген.

Бухарин Николай Иванович (1888 ж. 27 қыркүйек – 1938 ж. 15 наурыз) – ресейлік экономист, кеңестік саяси, мемлекеттік, партия қайраткері, социолог. 1937 жылы қамауға алынып, 1938 жылы атылған. КСРО ҒА-ның толық мүшесі ретінде 1988 ж. ақталған.

Карл Маркс (1818 ж. 5 мамыр – 1883 ж. 14 наурыз) – ұлы философ, әлеуметтанушы, экономист, қоғам қайраткері. Карл Маркс философияда- диалектикалық тарихи материализмнің, экономикада қосымша құн теориясын, саясатта тап күресі теориясын қалыптастырды. Бұл бағыттар коммунистік және социалистік қозғалыстардың негізі болып, «Марксизм» бағыты деп аталды. Оның әдебиет туралы ойлары «Әдебиет және өнер туралы» (Ф. Энгельспен бірге жазған) еңбегінде айтылған.

Гете (Goethe) Иоганн Вольфганг (1729 ж. 28 тамыз – 1832 ж. 22 наурыз) – неміс ақыны, ойшыл, жаратылыстанушы. Германиядағы Ағартушылықтың көрнекті өкілі. Гете шығармашылығынан дәуірдің мағызды белестері мен қарама-қайшылықтары айқын көрінеді. Өз заманының ғылыми ойларына толы қорытынды философиялық шығармасы - «Фауст».

Гомер (грекше Homeros) көне гректің эпик ақыны. Антикалық замандағы «Иллиада», «Одиссея» және т.б. туындылардың авторы. Ол ертедегі Троя соғысы және қаһармандардың Грецияға қайтуы туралы циклдік шығармаларды: «Киприи», «Эфиопида», «Кіші Иллиада» «Илионның қайта алынуы туралы», «Қайта оралу», «Маргит», «Тышқандар мен бақалардың соғысы» атты күлкілі поэмаларды жазған.

Ғаббасов Халел (Халиулла) (1888–1931). Алаш қозғалысының қайраткері. Экономист, ғалым, журналист. 1928 ж. 16 қазанда БМСБ Қазақстандағы өкілдігі тұтқындап, БМСБ Алқасы үштігінің 1930 ж. 4 сәуірдегі қаулысымен 6 жылға бас бостандығынан айырылған. 1937 ж. екінші рет тұтқындалып, ПХК Басқармасы үштігінің шешімімен ату жазасына кесілген. ҚазКСР Жоғарғы Соты Алқасының 1988 ж. 4 қарашадағы шешімімен ақталған.

Досмұхамедов Жанша (Жаһанша) (1886–1932). Алаш қозғалысының қайраткері. Заңгер. 1912-1917 жж. Томск округтік сотында жұмыс істеген. 1922-1925 жылдары «Талап» мәдениетті дамыту қоғамының мүшесі болған. 1930 жылдары саяси қуғын-сүргін ұшыраған.

Досмұхамедов Халел (1883-1939). Алаш қозғалысының қайраткері. Дәрігер, ғалым, қоғам қайраткері. 1930-1938 ж.ж. Воронеж қаласына жер аударылған. ПХК Әскерінің әскери трибуналы 1939 жылы 23 сәуірде он жылға бас бостандығынан айырған. Алматы қаласының №1 түрмесінде қайтыс болған. КСРО Жоғарғы соты Әскери коллегиясының шешімімен 1958 жылы 11 ақпанда ақталған.

Дулатов Міржақып (1885–1935). Алаш қозғалысы басшыларының бірі. Ақын, жазушы, драматург, публицист, педагог, қоғам қайраткері. 1928 ж. желтоқсанда БМСБ Қазақстандағы өкілдігі тарапынан тұтқындалып, КСРО ХКК жанындағы БМСБ Коллегиясының 1930 ж. 4 сәуірде шешімімен ату жазасына кесіліп, ол шешім 1931 ж. қаңтарда 10 жыл концлагерге ауыстарылған. 1935 ж. Соловкидегі концлагерде жүріп қайтыс болған. ҚазКСР Жоғарғы соты Алқасының 1988 ж. 4 қарашадағы қаулысы негізінде ақталған.

Дөнентаев Сәбит (1894 – 25.05.1933). Ақын, журналист. 1916 ж. Екібастұз көмір кенінде, Ригаға (Латвия) майданға барып қара жұмысшы болып қызмет істейді. 1919-33 жылдары оқу-ағарту жұмыстарына араласып, Семей және Павлодар қалаларында газеттерде қызмет істейді.

Есполов Мырзагазы (1896 – 1936). Алаш қозғалысының қайраткері. журналист, публицист, педагог. 1917 ж. желтоқсанда Алашорда үкіметінің әскери бөлімінде қызмет атқарып, Алаш милициясын жасақтауға көп еңбек сіңірді. 1920 жылдан халық ағарту саласында еңбек етіп, Ташкенттегі Қазақ пед. инст-да оқытушылық қызмет атқарды. 1929 ж. тұтқындалып, 1930 ж. 4 сәуірде БМСБ үштігінің шешімімен ату жазасына кесіліп, кейін он жылға Соловецк лагеріне айдалды. 1936 ж. лагерьде жүріп қайтыс болған.

Жандосов Ораз (1894-1938). Мемлекет және қайраткері. Қазақ. 1935-1937 жж. Алматы обл. Атқару комитетінің төрағасы. 1937 ж. тұтқындалып, КСРО Жоғары Соты Әскери Коллегиясының шешімімен 1938 жылы 2 наурызда ату жазасына кесілген. 1957 жылы 8 маусымда КСРО Жоғары Соты Әскери Коллегиясының шешімімен ақталған.

Жансүгіров Илияс (1894-1938). Ақын, жазушы. 1936 жылдан бастап КСРО Жоғарғы соты Әскери коллегиясының шешімімен 1938 жылы 26 ақпанда ату жазасына кесілген. КСРО Жоғарғы соты Әскери коллегиясының шешімімен 1957 жылы 4 сәуірде ақталған.

Жолдыбаев Молдағали (1887-1938). Қазақ. Қоғам қайраткері, педагог, журналист. 1937 жылы желтоқсанда бұрын Алаш қозғалысына қатысқаны үшін “халық жауы” деген жалған айыппен тұтқынға алынып, 1938 жылы ақпанда ату жазасына кесілген. 1988 жылы Алаш қайраткерлерімен бірге ақталған.

Қожанов Сұлтанбек (1894-1938). 1934-1937 жж. КСРО ХКК Кеңестік бақылау комиссиясының бақылаушысы, КСРО-ның Орта Азиядағы Жерхалкомы уәкілі, кеңестік бақылау комиссиясы уәкілінің орынбасары. 1937 жылдың шілде айында тұтқындалып, 1938 жылы 8 ақпанда КСРО Жоғары Соты Әскери Коллегиясының шешімімен ату жазасына кесілген.

1957 жылы 5 шілдеде КСРО Жоғары Соты Әскери Коллегиясының шешімімен ақталған.

Кант Иммануил (1724 ж. 22 сәуір – 1804 ж. 12 ақпан) – неміс философы, ғалым, немістің классикалық идеялизмінің негізін қалаушы. Кант қаламынан әлемдік философиялық ой-пікірдің дамуына елеулі әсер еткен іргелі философиялық еңбектер туды («Таза ақылдың сыны» (1781), «Практикалық ақылдың сыны» (1788), «Ойлау қабілетінің сыны» (1790).

Кемеңгеров Қошмұхаммед (15.07.1896 - 21.11.1937). Алаш қозғалысының қайраткері. Ғалым, драматург, жазушы, журналист. 1916-1918 ж.ж. «Балапан» қолжазба журналының редакторы, 1918 ж.ж. «Жас азамат» газетінің редакторы. 1930 ж. тұтқынға алынып, Алматы қаласында абақтыға отырғызылды. 1932 ж. Украинаның Валуиниге жер аударылды. 1937 жылдың 21 қарашасында ату жазасына кесілген. 1957 жылы ақталған.

Қоңыратбаев Әлібек (07.10.1907–02.12.1937). Жазушы, аудармашы, сыншы. 1931-33 ж. Кеңестік Қазақстан Жазушылар одағының жауапты хатшысы, төралқа мүшесі. 1934-37 ж. «Әдебиет майданы», «Қазақ әдебиеті» газет-журналдарында әдеби қызметкер, Қазақ мемлекеттік баспасында бөлім меңгерушісі. 1937 ж. 17 наурыз күні тұтқындалып, сол жылдың 2 желтоқсанында ІХК-ның тергеу камерасында атылған. 1956 ж. ақталған.

Ленин Владимир Ильич (нақты өз фамилиясы Ульянов; 1870 ж. 10 сәуір-1924 ж. 21 қаңтар). Кеңес өкіметінің негізін қалаушы, мемлекет және қоғам қайраткері, революционер, большевиктер партиясын құрушы. 1917 ж. Қазан төңкерісін ұйымдастырып, оны басқарушылардың бірі, Кеңес үкіметінің негізін қалаған және Үшінші (Коммунистік) Интернационалды құрушы, идеолог, марксист, публицист, РКФСР Халықтық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы. Көптеген еңбектердің авторы («Лев Толстой орыс революциясының айнасы іспеттес», «Герценнің жады», «Не істеу керек ?»). Саяси публицистикалық

еңбектерінің негізі - коммунизм және социализм философиясы, саяси экономия, социализм идеясына құрылған.

Луначарский Анатолий Василевич (1875 ж. 11 қараша - 1933 ж. 26 желтоқсан). Кеңес өкіметінің қайраткері, социалистік мәдениетті құрушылардың бірі, жазушы, өзіндік сыншы, өнертанушы, КСРО ҒА академигі (1930), әдебиет және өнердің аса көрнекті теоретигі, жазушы, драматург, публицист.

Лунц Лев Натанович (1901 ж. 19 сәуір – 1924 ж. 10 мамыр) – драматург, прозаик. «Ағайынды Серапионовтар» тобының негізін салушылардың бірі, теоретик. Лунц – бірқатар әңгімелердің, театр мен драматургияға арналған мақалалардың авторы. 1923 жылы Гамбургта бас миының эмболиясынан қайтыс болды. Лунц қайтыс болғаннан кейін оның шығармаларын КСРО-да жариялаған жоқ. Оның кейбір шығармалары ғана кейінгі жылдарда ғана басылып шықты.

Марабай ақын (XIX ғ.). Қазақ халқының ірі ақыны, суырып салма, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтаушы және сақтаушысы. «Би дәуірінің» атақты ерлік поэмалары, оның ішінде «Қобыланды Батыр», «Ер-Тарғын» эпостары бізге Марабай ақын арқылы жеткен.

Махамбет Өтемісұлы (1804-1846 ж.ж.). Қазақ ақыны және батыры, отаршылдыққа қарсы идеолог, қазақ батыры Исатай Таймановтың басшылығыменмен феодалдарға қарсы қазақ шаруа көтерілісін ұйымдастырушылардың бірі. Махамбеттің қырыққа жуық өлеңдері мен поэмалары сақталған, шығармаларының негізгі тақырыбы–халық қанаушыларына қарсы күрес. Оның афоризмге, эмоцияға толы әйгілі өлеңдері озбырлыққа қарсы күресудің құралы болды.

Меринг Франц (1846 ж. 27 ақпан – 1919 ж. 29 қаңтар) неміс жұмысшылар қозғалысының қайраткері, философ, тарихшы, әдеби сыншы, марксист және тарихты материалистік тұрғыдан түсіну мәселелеріне маңызды үлес қосты. Маркстік әдебиеттану және өнертану ғылымын дамыту үшін көп

еңбектенген, жалпы маркстік эстетика ұстанымдарының қалыптасып, дамуына еңбек сіңірген.

Мұрат Мөңкеұлы (1843 – 1906 жж.). Қазақ ақыны. Кішкентай кезінен өлең жазып, осыған орай жас ақынға ауылдастары «бала-ақын» деген ат қойған. 1906 жылы Жылқышы ақынмен кездескеннен кейін Мөңкеұлы айтыстарға қатыса бастаған. Айтыста Бала Ораз ақын (1863) және Жаскелен ақынды (1868) жеңген. Өз өлеңдерінде Мұрат Мөңкеұлы тарихқа тіл қатып, туған жерге, ерлік пен батылдықты жырлайды. Ең әйгілі толғаулары: «Алдамшы, жалған заманда», «Ақ сұңқар – ең киелі құс», «Зымыраған сұм дүние», «Өлім».

Мұқанов Сәбит Мұқанұлы (1900–1973). Жазушы, қоғам қайраткері. 1935 – 1937 жж. Кеңестік Қазақстан жазушылар одағы басқармасының төрағасы.

Омаров Әшім (туған, өлген жылы белгісіз). Алаш қозғалысының қайраткері. 1932 жылы 20 сәуірде БМСБ үштігінің шешімімен Орталық қаратопырақты облысқа (Орталығы Воренеж қаласы) бес жылға жер аударылған.

Омаров Елдес (1892-1937). Алаш қозғалысының қайраткері. Лингвист, аудармашы, оқытушы. 1930-1933 жж. БМСБ үштігінің шешімімен Архангельскіге жер аударылған. 1934 ж. ҚазМУ-де қазақ тілі кафедрасының доценті. 1937 ж. 1 желтоқсанда ПХК-ның Алматы облыстық басқармасы үштігінің шешімімен ату жазасына кесілген. 1988 жылы 4 қарашада ҚазКСР Жоғарғы Сотының Қылмыстық істер жөніндегі коллегиясының шешімімен ақталған.

Плеханов Георгий Валентинович (1856 ж. 29 қараша – 1938 ж. 30 мамыр), (бүркеншік аты Н.Бельтов). Ресей және халықаралық социал-демократиялық қозғалыстардың қайраткері, философ, марксизм насихатшысы.

Поливанов Евгений Дмитриевич (1892-1938). XX ғ. бірінші жартысындағы ірі лингвист, ғалым. 1912 ж. Санкт-

Петербург университетінің тарих-филология факультетін бітірген. 1921-1937 жж. Өзбекстан және Қырғызстанда жұмыс істеген. А. Байтұрсынов және басқа алаш зиялыларымен шығармашылық байланыста болған. 1937 ж. ПХК органдары тарапынан «жапон барлау қызметімен байланысы үшін» деген айыппен тұтқындалып, 1938 ж. қаңтарда ату жазасына кесілген.

Сәдуақасов Смағұл (1900-1933). Мемлекет және қоғам қайраткері. 1925-1927 жж. ҚазАКСР Ағарту Халкомы, сонымен қатар 1925 жылдан 1928 мамыр айына дейін республикалық «Еңбекші Қазақ» газетінің редакторы. Кейін КСРО ҒА Шығыстану институтында қызмет атқарған. 1931 жылдан Донбасс – Центр темір жолы құрылысында. 1933 ж. қайтын болған.

Сегізбаев Аманғали (1897-1944). Журналист, жазушы. 1924-1942 жж. «Еңбекші Қазақ» («Социалистік Қазақстан») газетінің жауапты қызметкері.

Тельман Эрнст (1886 ж. 16 сәуір – 1944 ж. 18 тамыз). Германиялық және халықаралық коммунистік қозғалыстың белсенді қайраткері.

Тоғжанов Ғаббас (1900 – 1938). 1935 жылдан Кеңестік Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы. 1936 ж. шілде айынан ҚазКСР ХКК жанындағы Өнер басқармасы бастығының бірінші орынбасары, кейіннен «Литературный Казахстан» журналының редакторы. 1937 жылдың қаңтарда жұмыстан босатылып, шілде айында тұтқындалып КСРО Жоғарғы соты Әскери коллегиясының шешімімен 1938 жылы 25 ақпанда ату жазасына кесілген. 1957 жылы 26 желтоқсанда КСРО Жоғарғы соты Әскери коллегиясының шешімімен ақталған.

Тоқтыбаев Иса (15.02.1894 – 09.06.1967). Мемлекет және қоғам қайраткері. 1933-36 жж. саяси қуғын-сүргінге ұшырап, түрмеде отырды. 1949-57 жж. үшінші рет тұтқындалып,

Красноярск өлкесіне жер аударылды. 1957 ж. ақталып, елге қайтқан.

Тоқжігітов Шәймерден (1901–1937). Журналист. 1937 ж. 11 қарашада ІХК Алматы обл. бойынша басқармасы үштігінің шешімімен ату жазасына кесілген. Алматы облыстық сотының 1959 ж. 16 қаңтардағы шешімімен ақталған.

Төрекұлов Нәзір (1892 – 03.11.1937). Мемлекет және қоғам қайраткері, публицист. 1937 жылы шілдеде «халық жауы» ретінде айыпталып, ату жазасына кесілген. 1958 жылдың 28 қаңтарда КСРО Жоғарғы Сотының шешімімен ақталған.

Троцкий Лев Давидович (1849 ж. 26 қазан-1940 ж. 21-тамыз). (Туылған кезде қойған аты Лейба Давидович Бронштейн). Халықаралық коммунистік жұмысшылар қозғалысының қайраткері, марксизм теоретигі, публицист, 1917 жылғы Қазан төңкерісін ұйымдастырушылардың бірі.

Тілеулин Жұмағали (1890 – 1938). Алаш қозғалысының қайраткері. Дәрігер. 1918 жылы 12 ақпанда қамауға алынды, төрт айдан кейін босатылған. 1930 жылы 5 маусымда тұтқынға алынып, екі жыл тергеуде отырғаннан кейін 1932 жылы 30 сәуірде бес жыл мерзімге Воронеж облысына жер аударылды. 1932 жылы Қырғызстандағы Фрунзе (қазіргі Бішкек) қаласында ауруханаға дәрігер болып жұмысқа орналасты. 1938 жылы Қырғызстанның Новотроицк ауылында аурухана меңгерушісі болып қызмет атқарып жүргенде қайта тұтқындалып, БМСБ үштігінің шешімімен ату жазасына кесілді. 1958 жылы Түркістан әскери округі Әскери трибуналының шешімімен ақталған.

Тұрғанбаев Мәнен (1886–1937). Алаш қозғалысының қайраткері. «Сарыарқа» газеті редакторының орынбасары. Семей облыстық соты төрағасының орынбасары, қалалық оқу бөлімінің инспекторы. 1930 жылдың 4 сәуірінде БМСБ үштігінің шешімімен Семейде тұтқындалып, Қапал түрмесіне

айдалған. 1932 ж. айыптары дәлелденбегендіктен түрмеден босатылады. 1932-36 ж. аралығында Алтай өлкесіндегі Ойрат автономиялық облысының Усть-Кант аймағы Тұрата ауылындағы жеті жылдық мектепте мұғалім болды. 1937 ж. 20 тамызда ату жазасына кесілген.

Уильям Шекспир (ағылшынша William Shakespeare; 1564-1616 ж.ж.). Ағылшын драматургі және ақыны. Әлемнің ең атақты драматургтерінің бірі. «Асауды жуасыту» (1593), «Ричард екінші» (1595), «Жазғы түндегі ұйқы» (1596), «Ромео және Жульетта» (1595), «Отелло» (1604), «Король Лир» (1605), «Макбет» (1606), «Антоний және Клеопатра» (1607) т.б. шығармалардың авторы. Шекспир Қайта өрлеу дәуірінің ең маңызды – эстетикалық (дәстүрлі және романтикалық жанрларды, ренессанстық поэзия және прозаларды, гуманистік және халықтық драмаларды, ауыз әдебиетін синтез жасады) және идеялық (дүниенің реттілігі туралы ұсыныстардың, орталықтағы саяси және феодалдық- патриархалдықты жақтаушылар көзқарастарының, христиан әдебінің себептерінің, ренессанстық неоплатонизмнің, социализм, сенсуализм, макиавелизм идеяларын көрсетті) шығарылымдарын өзінде қалыптастырды.

Чужак Николай Федорович (1876 - 1937) – (шын фамилиясы Насимович). Ресейлік революция қозғалысының қатысушысы, журналист, әдеби сыншы. 1904 жылдан Коммунистік партия мүшесі. 1896 жылдан бастап революция қозғалысының құрамында. 1904 ж. Женевада «Пролетарий» газетінің редакциясында қызмет етті. 1917 ж. Ақпан революциясынан кейін РСДРП-ның Иркутск комитетінің мүшесі, «Рабочая Сибирь» журналының редакторы. 1918-1922 жж. «Красное знамя» газетінің редакторы, «Дальневосточный путь» (Чита), «Власть труда» (Иркутск) т.б.; РК(б)П ОК Дальбюро баспа бөлімінің меңгерушісі. 1922 жылдың соңынан мәскеудегі ЛЕФ құрамында. 1926 – 1932 бірқатар тарихи-революциялық жұмыстардың авторы, Сібір әдебиетін зерттеумен айналысты («Сибирские поэты и их творчество» (1916), «Сибирский мотив в поэзии» (1922).

Цеткин Клара (1857 ж. 5 шілде – 1933 ж. 20 маусым). Неміс саясаткері, неміс және халықаралық коммунистік қозғалыстың мүшесі, Германия Коммунистік партиясының негізін салушыларының бірі, әйелдер құқығы үшін күрескерлерінің белсендісі. 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күнінің авторы деген де пікір бар.

Шонанов Телжан (1894 – 1938). Лингвист, аудармашы, қоғамтанушы, оқытушы. КСРО Жоғарғы соты Әскери коллегиясының шешімімен 1938 жылы 20 ақпанда ату жазасына кесілген. Қазақстан Республикасы Прокуратурасының шешімімен 1992 ж. 18 қыркүйекте ақталған.

Шортанбай Қанайұлы (1818-1881 ж.ж.). «Зар заман» («Қайғы заманы») ағымының белгілі ақындарының бірі. Ақын шығармаларында халықтың қоғамдық- әлеуметтік өмірінің өзекті мәселелері көрініс тапты. Шортанбай қоғам өміріндегі өзгерістерге немқұрайлы қарай алмады. Ол қазақ қоғамында пайда бола бастаған капиталистік қатынастарды Ресейдің отаршылдық саясатының салдарынан деп есептеді. Сонымен қатар адамдардың қоғамдық санасының өзгеруі ақынды қуанта қойған жоқ. Оның туындыларының тақырыбы «Ақыр заман» («Конец света»), «Зар заман», «Бала зары», «Тар заман», «Опасыз жалған» т.б. халықтың ауыр өмірін қамтиды. Ақын туындылары «Шортанбайдың бала зары» деген атпен жинақ болып Қазан қаласында (1888,1890,1894,1911,1915) бірнеше рет жарық көрді. Оның «Зар заман», «Ақыр заман» деген өлеңдерін Санкт- Петербургте(1870 ж.) Радлов, Ташкентте (1883 ж) Я. Лютиш бастырып шығарды.

«Ағайынды Серапионовтар» - Петроградтағы «Всемирная литература» баспасының жанынан 1921 жылы құрылған әдеби топ. Бұл топқа В.С. Иванов, М. Сломинский, М. Зошенко, В. Коверин, Н. Никитин, К. Федин, Л. Лунц, Н. Тихонов, Е. Полонская, И. Груздев сияқтылар кірген. «А. С» атауы - неміс романтигі Э. Т. А. Гофманның аттас кітабының

атауы. «А. С.» жұмысының негізіне «...сол кезде соғыс пен революция жолы деп есептелген жаңа материалды меңгеру жолдарын іздеу, жаңа көркем форманы іздеу» болып табылатын (Федин). Топта шығармашылық бірлік болмаған: формализм, аполитизм және әдеби идеясыздық тенденцияларымен бірге аталмыш топ мүшелерінің көбіне реализмге деген қызығушылық тән болды (Федин, В. Иванов, Никитин). Бірақ топ мүшелерінің бірталайы формалистік тенденцияларды жеңіп шығуының арқасында кеңес әдебиетінің шеберлеріне айналған.

«Ер-Тарғын» - қазақ халқының ерлік поэмасы. Оның сюжеті 15 ғасырдың тарихи оқиғаларына құрылған. Негізгі идеясы – бірлікке шақыру, жекелеген хандықтар арасындағы соғыстарды тоқтату. Поэма қаһарманы «Ер-Тарғын» елін, жерін жаулап алушылардан қорғаушы, батыр ретінде бейнеленеді. Оның адал серігі – Ақ Жүніс сұлу. Эпос сюжетінің негізінде кеңес композиторы Е.Г.Брусиловскийдің авторлығымен аттас опера жазылған.

«Қырық мысал» («Сорок басен») – Алаш қозғалысы басшыларының бірі, ағартушы, ғалым, ақын, публицист *Ахмет Байтұрсыновтың* 1909 жылы жарық көрген ақындық жинағы. Ол жинаққа Крыловтан аударылған қырық мысал кірді. Сонымен қатар қазақ арасында әйгілі болған «Маса» / «Комар» (1911 ж.) өлеңдер жинағы бірнеше рет қайта жарияланған.

«Оян, қазақ» - Алаш қозғалысы басшыларының бірі, ақын, жазушы, драматург, публицист, педагог, қоғам қайраткері *Мыржақып Дулатовтың* алғашқы өлеңдер жинағы 1909 жылы басылған. М. Дулатов өз туындыларында қазақ халқының ұлттық оянуын, өміріне мәдениеттің қажеттілігін, әйелдер жағдайын жақсарту (әйел теңдігі) т.б. тақырыптарды көтерген.

«Айқап» - қазақтың қоғамдық-саяси, әдеби-сыни журналы. Троицк қаласынан 1911 жылдың қаңтарынан 1915 жылдың тамызына дейін шыққан. 88 саны жарық көрген.

Негізін салушы және редакторы – публицист әрі жазушы-демократ М. Сералин. Аталмыш журнал қарапайым халықтың мүддесін қорғаған, елді білімге, прогреске шақырған. Қазақ прозасының, драматургиясының, әдеби сыны мен қазақ әдеби тілінің қалыптасуына елеулі үлес қосты. Цензуралық мәселелерге байланысты жабылған.

«*Ақ жол*» – Қазақстанның қоғамдық-саяси ойының және мәдени-ағарту ісінің дамуына ықпал еткен газет. 1920-25 жж. Ташкентте Түркістан Компартиясы ОК мен ТүркАКСР-ы ОАК-нің органы, 1925-26 жж. Шымкентте БК(б)П Сырдария губкомының органы ретінде шығарылды. Алғашқы редакторы – Сұлтанбек Қожанов. Кейін газетті шығарушы, редакторлардың ішінде Н. Төрешұлы, С. Оспанов, И. Тоқтабаев т.б. болды. Оның жұмысына М. Дулатов, Ж. Аймауытов, Х. Досмұхамедов, І. Жансүгіров, А. Байтұрсынов, Б. Сүлеев, Т. Шонанов т.б. қазақ зиялылары белсенді араласқан.

«*Бостандық туы*» – 1920 жылдары Петропавлда жарық көрген газет. М. Жұмабаев жауапты редакторы болған. Қазіргі «Солтүстік Қазақстан» газетінің осы басылымдарда негізі қаланған.

«*Жас Қазақ*» – қазақ жастарының тұңғыш қоғамдық-саяси және әдеби журналы. 1923 жылдың қазан айынан 1925 жылдың сәуіріне дейін Орынборда шығып тұрды. Редакторлары – Е. Алдоңғарев, А. Оразбаева, А. Сегізбаев. «Жас қазақ» сол кездегі қазақ ақын жазушыларының шығармаларын, көне әдебиет мұраларын жариялап тұрды. 1925 жылы Ташкентте шығып тұрған. «Жас қайрат» журналымен қосылып, «Лениншіл жас» журналы болып шықты.

«*Қызыл Қазақстан*» – 1922-1929 жылдары аралығында жарық көрген журнал. РК(б)П Қазақ өлкелік партия комитетінің органы. Саясат, білім, шаруашылық, әдебиет т.б. мәселелер туралы мақалалар жарияланып тұрған. Қазақ еңбекшілеріне Кеңес үкіметі мен коммунистік партиясының

саясатын түсіндіруді мақсат еткен. Журналға А. Асылбеков, Н. Нұрмақов, С. Сәдуақасұлы, О. Жандосов, Ә. Байділдин, Е. Алдоңғаров басшылық жасаған.

«Сана» – әдеби-танымдық журнал. 1923 ж. қаңтар айынан 1924 ж. қарашасына дейін Ташкентте шығып тұрған. Тарих, этнография ғылымдары саласынан танымдық материалдар жариялап отырған. Журнал ел тіршілігіне, тұрмыс-салтына, саяси, шаруашылық, мәдениет мәселелеріне көбірек көңіл бөлді. Хат-хабар, мақала, өлең, әңгіме, очерк, т.б. көркем әдеби және өнер шығармаларын жариялады.

«Шаншар» – сатиралық журнал. Түркістан Компартиясы ОК-нің органы - «Ақ жол» газетінің жанынан 1925 ж. Ташкентте шықты. Журналдың жалғыз саны жарық көрді. Дегенмен «Шаншар» қазақ баспасөзі тарихындағы тұңғыш әзіл-сықақ журналы болды.

«Шолпан» – Түркістан АКСР-і ОАК-нің органы. Білім, ғылым, әдебиет, шаруашылық, қоғамдық-саяси журналы. Алғашқы саны 1922 ж. қазан айында жарық көрді. 1923 жылдың мамыр айында жабылған.

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР ТІЗІМІ

БК(б)П – Бүкілодақтық Коммунистік большевиктер партиясы
БМСБ – Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарма
Губком – губерниялық комитет
ҒА – Ғылым академиясы
ЕТЛ – Еңбекпен түзеу лагері
КСРО – Кеңесті Социалистік Республикалар Одағы
ҚазАКСР – Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы
ҚазКСР – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы
ҚазМУ – Қазақ мемлекеттік университеті
ОК – Орталық Комитет
ОАК – Орталық Атқару Комитеті
ІХК – Ішкі Істер Халық Комиссариаты
т.б. – тағы басқа
ТүркАКСР – Түркістан Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы
ХКК – Халық Комиссарлар Кеңесі
Халкомат – Халық комиссариаты
А.О. – Алаш Орда
АПО - Агитационно-пропагандистский отдел
Бывш. - бывший
ВКП(б) - Всесоюзная Коммунистическая партия большевиков
ВЛКСМ - Всесоюзный Ленинский Комсомольский Союз молодежи
врид - временно исполняющий обязанности
ВУЗ – Высшее учебное заведение
вузпартком - партийный комитет высшего учебного заведения
ВЦИК - Всесоюзный Центральный Исполнительный Комитет
ВО – Восточный отдел
Восиздат – Восточное издательство
Востотдел – Восточный отдел
востфак. – восточный факультет
г. - год
г. - город
ГИЖ – Государственный институт журналистики
ГКП – Германия Коммунистік партиясы

гор. - город

Д. - дело

ДКНБ РК – Департамент Комитета национальной безопасности
Республики Казахстан

др. – другие

Зав. АПО – заведующий Агитационно-пропагандистским
отделом

ОГПУ – Объединенное Государственное Политическое
Управление

Изд.-во - издательство

КазАПП – Казахская ассоциация пролетарских писателей

Казгосиздат - Казахское государственное издательство

Казкрайком - Казахский Краевой комитет

каз. массы – казахские массы

КССР - Казахская Советская Социалистическая Республика

КазССР - Казахская Советская Социалистическая Республика

Казсекции – Казахские секции

КУТВ - Коммунистический университет трудящихся Востока

лл. – листы

межнац. - межнациональный

Наркомпрос - Народный комиссариат просвещения

НКВД - Народный комиссариат внутренних дел

напр. - например

нац-изм - национализм

оргбюро - организационное бюро

орготдел - организационный отдел

Пом. Нач. – помощник начальника

пос. - поселок

ПП - Полномочное представительство

профсоюз - профессиональный союз

рабфак - рабочий факультет

редколлегия - редакционная коллегия

с. г. - сего года

Т. - том

тов. - товарищ

т. е. - то есть

т.к. – так как

т. н. - так называемый

т. п. - тому подобное

УГБ - Управление государственной безопасности

УПК - Уголовно-процессуальный кодекс

УК - Уголовный кодекс

Фам. - фамилия

Ф. – фонд

Центриздат – Центральное издательство

ЦК ВКП(б) - Центральный комитет Всесоюзной

Коммунистической партии большевиков

МАЗМҰНЫ

I

АЛҒЫСӨЗ.....	3
<i>Қойгелдиев М.</i> Жаңа отаршылдыққа қарсылық манифесі	5
<i>Жұмабаев М.</i> Алқа. Табалдырық.....	47

II

Құжаттар	63
Түсініктер.....	88
Қысқартылған сөздер тізімі	104

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХШЫЛАРЫНЫҢ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ

Мағжан Жұмабаев

ТАБАЛДЫРЫҚ. МАНИФЕСТ

Баспа директоры *Асхат Әбішев*
Редакторлары *Ш.Тілеубаев*
Техникалық редакторы *Ж. Айнақұлов*
Корректоры *Л.Саяқызы*
Беттеген *А. Қалибекұлы*

Басуға 17.02.2011 ж. қол қойылды.
Көлемі 8 баспа табақ. Пішімі 60x84 1/16.
Офсеттік басылым. Таралымы 500 дана.